

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА
«ФИЗИКА» ОҚУ ПӘНІН ОҚЫТУ БОЙЫНША (7-9-СЫНЫПТАР)
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР
Әдістемелік ұсынымдар**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИЗУЧЕНИЮ УЧЕБНОГО
ПРЕДМЕТА «ФИЗИКА» (7-9 КЛАССЫ) В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ
СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
Методические рекомендации**

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 12.03. № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 12.03.2018 года)

Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптар) «Физика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 120б.

Методические рекомендации по изучению учебного предмета «Физика» (7-9классы) в рамках обновления содержания образования. Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 120с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптар) «Физика» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері, пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, қысқа мерзімді жоспар дайындау және критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген, 7-9-сыныптар үшін «Физика» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлардың үлгісі ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, физика мұғалімдеріне және мектепте оқу процесін жоспарлау мәселесімен айналысатын мүдделі тұлғаларға бағытталған.

В методических рекомендациях рассмотрены особенности учебной программы «Физика» (7-9 классы) в рамках обновления содержания, формы и методы организации обучения учебного предмета «Физика»; методические рекомендации по разработке краткосрочных планов и организации критериального оценивания; представлены примерные краткосрочные планы по учебному предмету «Физика» для 7-9 классов.

Данные методические рекомендации адресованы руководителям и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителям физики и всем, кто интересуется вопросами планирования образовательного процесса в школе.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018.
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2018.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адами капитал сапасын арттыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Орта білім берудің мазмұнын жаңарту, мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу заңнамамен регламенттелді. Жаңартылған білім мазмұнына көшу үшін мектептің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары әзірленді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілді [1].

7-9-сыныптардағы физика курсының оқу мақсаты – білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесі ұсынылған күтілетін нәтижелер қалыптастырылған. Бағдарлама практикадан теорияға өтуге негізделген, білім алушылардың негізгі игерген білімдерін тәжірибеде қолдануға бағытталған.

Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Егер, білім алушылардың білім мен білік, дағдысы жеке өмірлік жоспарларын іске асыруға, өз денсаулықтары мен өмірін қорғауға мүмкіндік берсе, олардың пәнге қызығушылығы артатыны сөзсіз. Бағдарламада білім алушылардың жас шамасын ескере отырып, олардың практикалық іс-әрекетіне кеңінен мүмкіндік туғызу ескерілген.

7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістерді шешу мәселенің шешімдерінің бірі ретінде «Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «Физика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік ұсынымдары ұсынылады.

1 Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптарда) «Физика» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Жалпы білім беретін мектептің алпысыншы жылдардың аяғында қалыптасқан физиканы оқытудың құрылымы қырық жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келді. Оқытудың бірінші сатысында (7-9-сыныптар) физика пәні бойынша неғұрлым өмірге маңызды білімдер мен практикалық біліктерді қалыптастыруды көздейтін пропедевтикалық (бастапқы) курстар оқытылады. Ал оқытудың екінші сатысында (10-11-сыныптар) физиканың іргелі теориялары негізінде құрылған жүйелі курстар оқытылады. «Физика» пәнінің базалық білім мазмұны алғашқыда бес мазмұндық желі бойынша анықталып, кейіннен іргелі теориялар төңірегіне топтастырылып беріледі. Атап айтқанда, физика курсының мазмұнына механика мен молекулалық физикадағы және электродинамика, оптика мен атомдық физикадағы негізгі заңдар мен ұғымдар, физикалық құбылыстар мен оларды зерттеу әдістері, сонымен қатар аспан денелері мен олардың физикалық табиғатын зерттеу әдістері мен нәтижелері, әлем құрылысы мен оның дамуы туралы мағлұматтар енгізілді [2].

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптары үшін «Физика» пәнінен қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламаларында теориялық мәліметтерді зерттеуге және білім алушылардың практикалық дағдысын қалыптастыруға арналған көрсетілім, практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындау және білім алушылардың білімін тексеруге бөлінетін уақыттың рационалды сәйкестігі қарастырылды. Оқыту бағытына тәуелсіз, физикаға және оның қолданбалы аспектілеріне қызығушылық білдірген білім алушыларға мектептің таңдау курстары бойынша оқуға мүмкіндік туғызу арқылы пәнді зерделеуге бөлінетін сағат сандарын ұлғайта алды [3].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысы 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

Білімнің базалық мазмұны ұлттық және әлемдік мәдениеттің негізгі құндылықтары мен жетістіктерін, адамның жалпы дүниетанымдық ұстанымдарын анықтайтын және білім алушының интеллектуалдық және жалпымәдени дамуына, олардың әлеуметтік және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасайтын іргелі ғылыми идеялар мен фактілерді қамтиды. Базалық мазмұн жалпы білім беру деңгейлері мен оқу

пәндерінің сабақтастығын қамтамасыз етеді, білім алушыларға білімін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама практикадан теорияға өтуге негізделген, білім алушылардың негізгі игерген білімдерін тәжірибеде көбірек қолдануға бағытталған.

Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқу мақсаттарының жүйесі бар, мектепті бітіргеннен кейін нәтижелері іске асыруға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасында адамның табиғатпен өзара қарым-қатынасы, адамның Әлемдегі және планетадағы орны, өмірдің мәні туралы мәселелер, сондай-ақ білім алушыларға білім беруде және тәрбиелеуде үлкен мәні бар лабораториялық және практикалық жұмыстар маңызды орын алады.

7-9-сыныптарға арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы қолданыстағы бағдарламадан өзгеше. Қолданыстағы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптары үшін типтік оқу бағдарламасы мен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы салыстырмалы түрде 1-кестеде берілген.

1-кесте – Қолданыстағы негізгі орта білім беру деңгейінің типтік оқу бағдарламасы мен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымының салыстырмасы

Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған үшін типтік оқу бағдарламасы	Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
1. Түсінік хат	1-тарау. Жалпы ережелер
2. Оқу пәнінің базалық білім мазмұны	2-тарау. «Физика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру
3. Білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі
	Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының ерекшеліктері:

- ішінара шиыршық принципі;
- оқу мақсаттарының иерархиясы мен маңызды пәндік операциялар негізіндегі жіктелісі;
- сынып ішінде, пән курсы бойынша оқу мақсаттарының нақты жоспарлануы;
- күтілетін нәтиже мен мұғалімнің академиялық еркіндігінің ұтымды үйлесімі;
- пән тараулары мен тақырыптарының заман ағымына сәйкестігі, әлеуметтену дағдыларын қалыптастырудағы басымдылық [4].

Білім беру жүйесінің маңызды - құраушысы білім мазмұны. Білім мазмұнын жаңарту процесінің басты мақсаты білім мазмұнын жаңа сапаға көтеру мен оны жүзеге асыруға бағытталуы. Білім мазмұны оның әлеуметтік мәнділігі, педагогикаға тиесілігі мен оны қарастырудың жүйелілігі іс-әрекеттік тәсілі тұрғысынан бірліктіріле қарастырылады.

Білім мазмұнын қалыптастырудың үш деңгейі белгілі::

- жалпы теориялық деңгей,
- оқу пәнінің деңгейі,
- оқу материалының деңгейі.

Мазмұнды жүйе деп қарастыратын болсақ, онда оны кез келген жүйенің басты сипаттамалары – құрам, құрылым, қызмет бойынша көрсетуге болады.

Білім мазмұнының жалпы теориялық деңгейде берілген құрамы, құрылымы мен қызметі – бұл негізгі элементтері мен олардың арасындағы байланыс және жас ұрпақты қоғам өміріне белсенді түрде араласуға даярлауда атқаратын рөлі жайлы білімдер. Келесі оқу пәні деңгейінде құрам, құрылым және қызмет неғұрлым нақты сипат алады. Ал үшінші – оқу материалы деңгейінде олар оқу мәтіні, тапсырмалар, жаттығулар түрінде тікелей енгізіледі. Мұнда әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейге сүйенуі қажет, тек сонда ғана мазмұнның біртұтастығы сақталады [3].

7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны жаратылыстану-ғылыми сауаттылыққа негізделген. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы – нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін және зерттелінетін проблемаларды анықтау, тәжірибе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілеті. Бұл қорытындылар қоршаған ортаны және оған адам қолымен жасалатын өзгерістерді түсіну, сонымен қоса тиісті шешімдерді қабылдау үшін қажет [1].

Білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын яғни жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтайтын халықаралық TIMSS зерттеуіне Қазақстанның білім алушылары қатысады. Зерттеу білім алушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуді бағалауға бағытталған. Яғни бұл зерттеудің мақсаты – жаратылыстануды оқу процесінің дамуы үшін зерттеуге қатысушы елдерді білім алушылардың білім жетістіктері туралы салыстырмалы ақпаратпен қамтамасыз ету. TIMSS - мектептегі білім беру сапасын халықаралық зерттеуінде 4-сыныптағы жаратылыстану білімдерінің тапсырмаларының жалпы саны 172 құрайды, олардың ішінде 23% Қазақстанның бастауыш білім деңгейіндегі оқу бағдарламасына сәйкес келмеді. Халықаралық тәжірибе жүзінде барлық елдерде «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасы «Жарық және дыбыс», «Электр және магнетизм», «Күштер мен қозғалыстар» сияқты тақырыптарды қамтиды. Бұдан Қазақстандық бастауыш мектеп білімінің міндетті мазмұны минимумы халықаралық деңгейде маңызды болып табылатын кейбір тақырыптық сұрақтарды қамтымайтыны байқалды. Сондықтан бастауыш білімінің міндетті мазмұндық минимумы халықаралық деңгейге сәйкес болу үшін «Физика»

ғылымының бастапқы ұғымдары «Жаратылыстану» оқу пәні мазмұнына енді [5].

Демек, физикадан білім берудің тұтастығы төмендегідей жүйеленген:

1) бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» пәні 1-4-сыныптарда;

2) негізгі орта білім беру деңгейінде:

- «Жаратылыстану» пәні 5-6-сыныптарда,

- «Физика» пәні 7-9-сыныптарда;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде «Физика» пәні 10-11-сыныптарда оқытылады.

«Жаратылыстану» білім саласы жалпы білім берудің міндетті құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Жалпы білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығының негіздері Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша мектептің бастауыш білім беру деңгейіндегі «Жаратылыстану» кіріктірілген пәні арқылы қалыптастырылады да, мектепте білім берудің негізгі және жалпы орта деңгейлерінде әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесінің мазмұны физика, химия, биология, география жеке пәндері арқылы жүйеленіп беріледі.

Сонымен, жаңартылған білім беру мазмұнындағы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Физика» пәнінің мазмұны немесе «Физика» ғылымы туралы бастапқы ұғым бастауыш білім деңгейінде 1-4-сыныптарында және негізгі орта білім деңгейінде 5-6-сыныптарында «Жаратылыстану» пәнін меңгеру барысында қалыптастырылады.

«Жаратылыстану» пәнінде жаратылыстану ғылымы пәндерін одан әрі меңгеруге мүмкіндік беретін білім, білік, дағдыларды жетілдіреді [6].

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады: «Мен зерттеушімін», «Жанды табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінен құралады [6].

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарында «Жаратылыстану» пәні оқытылады. «Жаратылыстану» оқу пәні бастауыш мектепте оқытылған «Жаратылыстану» пәні бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады. Бағдарламаның мақсаты білім алушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, білік, дағды қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен процесстерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған [7].

Негізгі мектепте «Жаратылыстану» пәнін оқу қоршаған әлемнің көп қырлылығын, табиғи құбылыстар мен процесстердің өзара байланысын және себептерін, көптүрлі табиғат құбылыстары мен нысандарын жүйелеу принциптерін түсінуге мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім деңгейінде «Физика» пәнінің оқу бағдарламасын әзірлеу барысында, яғни пәннің мақсаты мен міндетін анықтауда, білім мазмұнын құрастыруда «Жаратылыстану» пәні оқу бағдарламасында берілген

оқу мазмұны ескерілген. Сондықтан оған көп көңіл бөлмей осы ұғымдардың кеңейтіліп берілуіне назар аудару керек.

7-сыныптан бастап бір мезгілде «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері оқытылады, сөйтіп мектептегі жаратылыстану ғылымдарын оқытудың үздіксіздігі қамтамасыз етіледі. Бұл 5-сыныпта оқыған «Жаратылыстану» пәнінен кейінгі үзіліс болуын жояды, өйткені қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша «Физика» пәні 7-сыныптан, ал «Химия» пәні 8-сыныптан бастап оқытылатын. Сондықтан кейбір тақырыптардың «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері бойынша бір мезгілде оқытылатынына мән берілуі керек.

7-9-сыныптардағы физика курсының оқытудың мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру. 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

1) білім алушылар әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеру;

2) білім алушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамыту, физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

3) оқу және табиғат құбылыстарын зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады [1].

«Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны 8 бөлімді қамтиды: физикалық шамалар мен өлшеулер; механика; жылу физикасы; электр және магнетизм; геометриялық оптика; кванттық физика элементтері; астрономия негіздері; әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.

Білім алушылар бастауыш сыныптан бастап бұл бөлімдердің кейбір ұғымдарымен таныс. 7-сыныпқа арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында табиғат құбылыстарын қарастырады, физиканың негізгі заңдарымен танысады және осы заңдарды техникада, күнделікті өмірде қолдану деңгейінде оқытылады.

Физика мен оның заңдары барлық жаратылыстану саласының өзегі екендігіне басты назар аударылады. Сондықтан, курстың ең маңызды міндеттерінің бірі – білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізін және табиғатты танудың ғылыми әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Қазіргі заманауи физика қарқынды дамып келе жатқан ғылым, оның жетістіктері адам қызметінің көптеген салаларында әсер етеді. Бағдарламаның мазмұны физика эксперименттік ғылым болып табылатына, оның заңдары фактілерге, тәжірибелер көмегіне сүйенетіне негізделеді.

Физика – нақты ғылым және құбылыстардың заңдылықтары сандармен зерттеледі, сондықтан басты назар физикалық заңдарды тұжырымдау мен оларды түсіндірудің математикалық аппаратын қолдануына аударылады.

Жаңартылған мазмұндағы оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны төмендегідей бөлінген (2-кесте).

2-кесте – Оқу пәнінің 7-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны

1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
<p>Физика – табиғат туралы ғылым</p> <p>- Физика – табиғат туралы ғылым.</p> <p>- Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері.</p>	<p>Тығыздық</p> <p>- Масса және денелердің массасын өлшеу.</p> <p>- Дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу.</p> <p>- Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі.</p> <p>№3-лабораториялық жұмыс. «Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау».</p> <p>-Тығыздықты есептеу.</p>	<p>Қысым</p> <p>- Газдардың сұйықтар және қатты денелердің молекулалық құрылымы.</p> <p>- Қатты денелердегі қысым.</p> <p>- Сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы.</p> <p>- Қатынас ыдыстар.</p> <p>- Гидравликалық машиналар.</p> <p>- Атмосфералық қысым.</p> <p>Атмосфералық қысымды өлшеу.</p> <p>- Манометрлер.</p> <p>Сорғылар.</p> <p>№ 6-лабораториялық жұмыс. «Архимед заңын зерделеу».</p> <p>- Кері итеруші күш.</p> <p>№ 7-лабораториялық жұмыс. «Дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау».</p>	<p>Энергия</p> <p>- Кинетикалық энергия.</p> <p>- Потенциалдық энергия.</p> <p>-Энергияның сақталуы және айналуы.</p>
<p>Физикалық шамалар мен өлшеулер</p> <p>- Халықаралық бірліктер жүйесі (SI).</p> <p>- Скаляр және векторлық физикалық шамалар.</p> <p>- Өлшеулер мен</p>			

<p>есептеулердің дәлдігі. - Үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу. №1-лабораториялық жұмыс. «Кішкентай денелердің өлшемін анықтау». №2-лабораториялық жұмыс. «Физикалық шамаларды өлшеу».</p>			
<p>Механикалық қозғалыс - Механикалық қозғалыс және оның сипаттамасы. - Санақ жүйесі. - Қозғалыстың салыстырмалылығы. - Түзу сызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар. - Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу. - Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері.</p>	<p>Денелердің өзара әрекеттесуі - Инерция құбылысы. - Күш. - Тартылыс құбылысы және ауырлық күші. №4-лабораториялық жұмыс «Серпімді деформацияларды зерделеу». - Деформация. - Серпімділік күші, Гук заңы. - Үйкеліс күші. Үйкеліс әрекетін техникада ескеру. *№5 лабораториялық жұмыс. «Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу». - Бір түзу бойымен денеге әрекет еткен күштерді қосу.</p>	<p>Жұмыс және қуат - Механикалық жұмыс. - Қуат.</p>	<p>Күш моменті - Жай механизмдер. - Дененің массалық центрі. №8-лабораториялық жұмыс. - «Жазық фигураның массалар центрін анықтау». №9-лабораториялық жұмыс. «Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау» - Иіндіктің тепе-теңдік шарты - Пайдалы әрекет коэффициенті. №10- лабораториялық жұмыс. «Көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау».</p>
			<p>Жер және Ғарыш - Аспан денелері туралы ғылым. - Күн жүйесі. Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).</p>

7-сынып «Физика – табиғат туралы ғылым», «Физикалық шамалар мен өлшеулер», «Механикалық қозғалыс» бөлімдерінен басталады. Физикалық құбылыстар және физикалық шамаларды өлшеулер туралы алғашқы мағлұматтарды білім алушылар бастауыш білім деңгейінде 1-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәніндегі «Мен зерттеу жүргізушімін» және «Табиғат физикасы» бөлімінде қарастырған, зерттеу жүргізушінің қандай қасиеттерге ие болу керектігімен таныс. Сондай-ақ бақылау және эксперимент әдістері туралы

алғашқы түсініктері қалыптасқан. Оларға қоса түрлі денелердің температурасын қалай өлшеуді біледі. Алған білімдерін еске түсіру үшін «Жаратылыстану» пәнінің тиісті тақырыптарын қайталау ұсынылады[8].

7-сыныптың физика курсына кіріспе «атом», «зат», «материя» және «физикалық термин», «физикалық шама», «гипотеза» және «эксперимент», «өлшем» және «өлшеу қателігі» сияқты негізгі ұғымдарды оқытылады, бұл оқу материалын әрі қарай оқыту кезінде қазіргі ғылымның заманауи деңгейі мен қоршаған ортамен байланыстың үзілмеуіне мүмкіндік береді.

Бағдарлама бойынша білім алушылардың алған білімі қоршаған ортаға деген шығармашылық көзқарасын қалыптастыруға және оны дамытуға ықпал етеді.

Аталған бөлімде табиғатты зерттеу ғылымдары ішінде физиканың жетекші рөл атқаратыны, «физика» деген сөздің өзі гректің «табиғат» деген мағынаны білдіретіні туралы айтылады. Табиғат құбылыстарын зерттеудің негізгі үш әдіс туралы, физикалық шамалар мен өлшеулер және Халықаралық бірліктер жүйесімен танысады. «Скаляр және векторлық шамалар дегеніміз не?», «Өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі қалай анықталады?», – деген сұрақтарға жауаптар беріліп, үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу үлгілері көрсетіледі. Сонымен қатар білім алушыларды эксперимент жасап, құбылыстарды өз беттерімен зерттеуге дағдыландыру үшін кіші денелердің өлшемін анықтау, физикалық шамаларды өлшеу, аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау дағдылары қалыптастырылады.

Мектепте «Физика» пәнін оқыту заманауи технологиялық әлемдегі өмірге дайындауда маңызды мағынаға ие. Білім алушылар оқу процесінде бақылау жүргізуге, топтастыруға, құбылыстарды бір-бірімен байланыстыру мен оларға түсінік беруге үйренулері тиіс. Ерекше басымдылық ғылыми мәселелерді әлеуметтік және тұлғалық маңызды міндеттер мәнмәтінінде қарастыра алатын ақпараттанған және сыни ойлайтын азаматты тәрбиелеуге бағытталады.

«Механикалық қозғалыс» бөлімінде танысатын денелердің түрлі жылдамдықпен қозғалуы туралы алғашқы мағлұматтарды білім алушылар «Жаратылыстану» пәніндегі «Табиғат физикасы» тарауында оқыған. Бұл тарауда механикалық қозғалыс және оның сипаттамасы беріледі. Таңдап алынған санақ жүйесіне байланысты механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы түсіндіріледі. Түзу сызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар қарастырылып, оларды сипаттайтын жылдамдық және орташа жылдамдық ұғымдары енгізіледі. Сонымен қатар әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктерін салу жолдары көрсетіледі.

«Тығыздық» бөлімінде масса және денелердің массасын өлшеу, дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу, заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі, тығыздықты есептеу қарастырылады. Электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әртүрлі денелердің массасын анықтайды.

Қозғалыс пен денеге түсірілген күштің өзара байланысы туралы алғашқы мағлұматтарды білім алушылар «Жаратылыстану» пәніндегі «Табиғат

физикасы» бөлімінен біледі. Бұнда аса маңызды физикалық құбылыстар және оларды сипаттайтын ұғымдар мен заңдар қарастырылады. Олардың қатарын мыналар құрайды: инерция құбылысы, күш, тартылыс құбылысы және ауырлық күші, салмақ, деформация, серпімділік күші, Гук заңы, үйкеліс күші, үйкеліс әрекетін техникада ескеру, бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу,

Сонымен қатар серпімді деформацияларды зерделеу; сырғанау үйкеліс күшін зерттеу; динамометр көмегімен өлшеу, ауырлық күшін зерттеу, түрлі денелердің созылуын зерттеу жұмыстары жасалды.

«Қысым» бөлімінде ауаның және судың қасиеттері туралы, табиғат ресурстары жөнінде алғашқы мағлұматтарды білім алушылар «Жаратылыстану» пәніндегі «Табиғат физикасы» бөлімінен біледі. Бұл бөлімде теориялық жағынан да, практикалық жағынан да аса маңызды физикалық құбылыстар және оларды сипаттайтын ұғымдар мен заңдар қарастырылады. Олардың қатарын мыналар: газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулалық құрылымы, қатты денелердегі қысым, сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы, қатынас ыдыстар, гидравликалық машиналар, атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу, манометрлер, сорғылар, кері итеруші күш, Архимед заңын зерделеу; дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау; кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу, атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу құрайды [8].

«Жұмыс және қуат» бөлімін оқығанда білім алушылар «Жаратылыстану» пәнінен табиғат ресурстары дегеніміз не және табиғат ресурстары қандай болады? - деген сұрақтарды есіне түсіреді. Бұл тарауда теориялық жағынан да, практикалық жағынан да аса маңызды мынадай физикалық ұғымдар мен заңдар, анықтамалар мен ережелер қарастырылады: механикалық жұмыс, қуат; жұмыстың мәнін график бойынша анықтау, ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру, транспорт түрлерінің қуатын бағалау.

Теориялық жағынан да, практикалық жағынан да аса маңызды кинетикалық энергия, потенциалдық энергия, энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы; үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау; жай механизмдер, дененің массалық центрі, иіндіктің тепе-теңдік шарты, пайдалы әрекет коэффициенті; түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігі зерттеледі, сондай-ақ физикалық ұғымдар мен заңдар, анықтамалар мен ережелер қарастырылады.

Білім алушыларда «Жаратылыстану» пәнінің «Жер және ғарыш» тарауынан Күн жүйесі туралы, соның ішінде Күн, Жер, Ай туралы, сондай-ақ ғарыштағы уақыт жөнінде алғашқы түсініктер бар. Оларға қоса бұл түсініктерді 7-сынып физика курсының бастапқы бөлімінен біледі. Бұл тарауда теориялық жағынан да, практикалық жағынан да аса маңызды мынадай: Күн жүйесі (гелиоцентрлік жүйе), әлемнің геоцентрлік жүйесі, жыл мезгілдерінің ауысуы, күн мен түннің ұзақтығы, күнтізбе физикалық ұғымдар қарастырылады.

7-сыныпта жаңартылған мазмұндағы бағдарламада қолданыстағы бағдарламаға қарағанда лабораториялық жұмыстың саны артқан. Салыстырмалы көрсеткішер төмендегі кестеде берілген (3-кесте).

3-кесте – 7 сыныптың лабораториялық жұмыстарының салыстырмасы

Қолданыстағы оқу бағдарламасындағы лабораториялық жұмыс	Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасындағы лабораториялық жұмыс
Өлшеуіш цилиндр (мензурка) бөліктерінің құнын анықтау, дененің көлемін өлшеу	Кішкентай денелердің өлшемін анықтау
Кішкентай денелердің өлшемін анықтау	Физикалық шамаларды өлшеу
Қатты дененің массасы мен тығыздығын анықтау	Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау
Серпімді деформацияларды зерделеу	Серпімді деформацияларды зерделеу
Архимед заңын тексеру	Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу
Дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау	Архимед заңын зерделеу
Денені бірқалыпты көтеру кезіндегі жұмысты анықтау, көлбеу жазықтықтың ПӘК-ін анықтау	Дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау
Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау	Жазық фигураның массалар центрін анықтау
	Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау
	Көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау.

7-сыныпқа «Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу», «Жазық фигураның массалар центрін анықтау» атты екі лабораториялық жұмыс қосылды.

Жаңартылған бағдарламаның мақсаттарының бірі – физикалық шамаларды тәжірибе жүзінде анықтау, қолдағы құралдармен тәжірибе өткізу, көрсеткіштерді оқи білу және нәтижені талдау. Осыған байланысты оқу бағдарламасы төмендегідей:

- аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау;
- координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу;
- электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әртүрлі денелердің массасын анықтау;
- динамометр көмегімен өлшеу, ауырлық күшін зерттеу, түрлі денелердің созылуын зерттеу;
- кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу, атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу;
- жұмыстың мәнін график бойынша анықтау, ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру, транспорт түрлерінің қуатын бағалау;
- үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау;
- түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу практикалық жұмыстарынан тұрады.

Физика пәні сабақтарында білім алушылар тәжірибелер өткізіп қана қоймайды, мәліметтерді жинақтайды, талдайды; градиентті тәуелділігі мен табуға қатысты кестені құрастырады, тәжірибені өткізуге әсер ететін факторларды анықтайды және оны жақсарту жолдарын ұсынады. Осының

арқасында, әрбір білім алушы зерттеу жолын жеке меңгереді және қандай да болмасын физика заңдылығына қатысты қорытынды жасай алады. «Орындалуға міндетті практикалық және лабораториялық жұмыстар тізімі» білім алушыларға пән бойынша жаңа білім алып, зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіндей етіп іріктелген.

7-сыныптарға арналған «Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында 10 лабораториялық жұмыс және 22 практикалық жұмыс қамтылған.

7-сыныпта оқу бағдарламасының келесі бөлімдері бойынша тақырыпты оқу күрделілігі және тереңдігі деңгейіне назар аудару қажет:

- «7.2.2.8 - күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету» - білім алушыларға күрделі емес есептер ұсыну және әртүрлі денелердің қозғалысының нақты мысалында меңгеру үшін «вектор» бастапқы ұғымын енгізу ұсынылады.

- 7.3 «Қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың қысымы» бөлімінде «Торричелли тәжірибесі» және «Атмосфералық қысым» тақырыптары қаралады.

7-сыныпта физиканы оқыту математикадан өтілген білім мазмұнымен байланысына негізделеді. Мұғалім білім алушылардың 6-сыныпта математиканы оқығанда қандай білім алғанына, 7-сыныпта алгебра сабақтарында нені қарастыратынына сүйенеді. Мұнда 7-сынып білім алушылары қазірдің өзінде координаталық жазықтық және теріс сандармен, әріппен белгілеумен таныс екендігі, формуланы жаза алатыны есте болу керек. Олар бүтін және бөлшек сандармен амалдарды орындауды біледі, арифметикалық ортаны таба алады, сызықтық теңдеулерді шешеді. Оқу жылының ішінде білім алушылардың математикалық дайындығы екі белгісізі бар теңдеулер туралы білімімен толықтырылады, олар функция ұғымын және оның графикалық көрсетілімін меңгереді.

Физика және химияда: атом, молекула, физикалық және химиялық құбылыстар, масса, дененің агрегаттық күйі тәрізді көптеген ортақ ұғымдар зерттеледі. Осы шамаларды және оларды қолдану мен түсіндіруде бірдей анықтаманы қолдану қажет.

7-сыныпта физиканы оқыту кезінде осы сыныпта химиядан заттың құрылысы жайындағы ұғымдарды қалыптастырудың негізіне назар аудару қажет. Заттардың молекулалық құрылысы туралы ұғымдар 7-сыныпта физика сабақтарында және химиядан да оқытылады.

Физикадан: «Заттың құрылысы туралы ұғымдарды молекулалық деңгейде қалыптастыру. Молекулалардың қозғалысы. Дене температурасының молекулалардың қозғалыс жылдамдығымен байланыстылығы. Молекулалар арасындағы өзара әрекет» тақырыбын оқытылса, сонымен қатар химияда «Заттың құрылысы жайындағы ұғымдарды атом-молекулалық деңгейде түсіндіру. Жай және күрделі заттардағы молекулалар құрамы. Физикалық құбылыстар кезінде молекулалардың сақталу және химиялық құбылыс кезінде бұзылуы. Молекулалардың кинетикалық және потенциалдық энергиясы» тақырыптары оқытылады. Осының нәтижесінде білім алушылар заттың атом-

молекулалық құрылымы жөніндегі ұғымдарды терең меңгеретін болады.

Заттың құрылысы туралы ұғымдарды қалыптастырудың жалпы шарттарына төмендегілерді жатқызуға болады: ұғымдық жүйенің негізін құрайтын қалыптастырылатын ұғымдарды таңдау; ұғымдарды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті оқу материалының көлемін таңдау; сәйкес курсты оқыту процесінде білім алушыларға ұғымдарды қалыптастырудың және дамытудың кезеңдерін анықтау; пәнаралық байланыстарды анықтау; ұғымдарды тиімді қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін таңдау.

Физика мен биологияның өзара байланысы ретінде жалпы және ішінара пайымдау, табиғаттың біртұтастығын түсіну қабілеті және физика заңдарының әсері туралы білім алушылардың биологиядан алған білімдерін кеңейтуіне көмектеседі. Ол биологияның әдістерін физикамен байланыстырып пайдалануды қарастыруға ықпал етеді.

8-сыныпқа арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы берілген мазмұнның үш яғни «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Геометриялық оптика» бөлімін қамтиды.

Оқу пәнінің 8-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны төмендегідей (4-кесте) бөлінген:

4-кесте – Оқу пәнінің 8-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны

1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
<p>Жылу құбылыстары</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия. - Температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары. - Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері. - Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару. - Табиғаттағы және техникадағы жылу берілу. - Жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі рөлі. - Жылу мөлшері. - Заттың меншікті жылу 	<p>Термодинамика негіздері</p> <ul style="list-style-type: none"> - Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы. - Жылу процесстерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы. - Жылу қозғалтқыштары. - Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті. - Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер. 	<p>Тұрақты электр тогы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Электр тогы, электр тогы көздері. - Электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу. *№ 3-лабораториялық жұмыс. «Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу». *№ 4-лабораториялық жұмыс. «Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу». - Тізбек бөлігі үшін Ом заңы. - Өткізгіштің электр кедергісі, өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат. *№ 5-лабораториялық жұмыс. «Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу». 	<p>Жарық құбылыстары</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жарықтың түзу сызықты таралу заңы. - Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар. - Сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу. - Жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу. *№ 10-лабораториялық жұмыс. «Шынының сыну көрсеткішін анықтау». - Линзалар, линзаның оптикалық күші,

<p>сыйымдылығы. - Отын энергиясы. - Отынның меншік ті жану жылуы. -№ 1- лабораториялық жұмыс. «Температуралары әр түрлі суды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру». - Жылу процесстеріндегі энергияның сақталу және айналу заңы.</p>		<p>*№ 6-лабораториялық жұмыс. «Өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу». - Өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу. - Электр тогының жұмысы мен қуаты. - Электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы. * № 7-лабораториялық жұмыс. «Электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау». - Металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік - Электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар. - Электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы).</p>	<p>жұқа линзаның формуласы. - Линзаның көмегімен кескін алу. *№ 11- лабораториялық жұмыс. «Жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау». - Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері. - Оптикалық аспаптар.</p>
--	--	---	---

<p>Заттың агрегаттық күйлері - Қатты денелердің балқуы және катаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы. *№ 2-лабораториялық жұмыс. «Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау». - Булану және конденсация. - Қаныққан және қанықпаған булар. - Қайнау, меншікті булану жылуы. - Қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау.</p>	<p>Электростатика негіздері - Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер. - Электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, Кулон заңы, элементар электр заряды. - Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі. - Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор.</p>	<p>Электромагниттік құбылыстар - Тұрақты магниттер, магнит өрісі. *№ 8-лабораториялық жұмыс. «Тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу». - Тоғы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі. - Тоғы бар шарғының магнит өрісі. - Электромагниттер және оларды қолдану. *№ 9-лабораториялық жұмыс. «Электромагнитті құрастыру және оның әсерін сынау». - Магнит өрісінің тоғы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш, электр өлшеуіш құралдар. - Электромагниттік индукция, генераторлар.</p>	
---	--	--	--

Физикалық құбылыстар және физикалық шамаларды өлшеулер туралы алғашқы мағлұматтарды білім алушылар «Жаратылыстану» пәнінен алады. «Мен зерттеу жүргізушімін» және «Табиғат физикасы» бөлімдерінен зерттеу жүргізушінің қандай қасиеттерге ие болу керектігімен таныс. Сондай-ақ, 7-сыныпта «Физика – табиғат туралы ғылым» тарауында қарастырылған табиғат құбылыстарымен «солардың ішінде физикалық құбылыстарын біледі. Бұларға қоса физикалық шамалар, шкалалар құны және оларды өлшеу, аспап шкалалары және аспаптық өлшеу қателерін анықтау сияқты ұғым түсініктерді білуге тиіс. Білім алушылар энергиялардың түрлерін ажыратады, энергияны тасымалдау, сонымен қатар, энергияны үнемдеу керек екенін біледі. «Жылу құбылыстары» бөлімі білім алушылардың түсінігін кеңейтеді және олар алдыңғы қарастырылған процестердегі бақылаулар нәтижесін бөлшектер және материяның кинетикалық теориясы негізінде түсіндіре алады. Олар газ күйлерінің теңдеулерін және берілген бөлім бойынша түсініктерді оқып үйренеді, сонымен бірге, температураның абсолюттік шкаласын қарастырады [9].

Сондықтан 8-сыныпқа арналған физика пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында төменгі сыныптарда оқылып кеткен осындай материалдарға сүйеніп сабақты түсіндіру қажет. Сондықтан 7-сыныптың физика пәнінде өткен оқу материалдарын еске түсіріп отыру жүктеледі. Білім алушылар барлық

материяның үздіксіз қозғалыста болатын бөлшектерден тұратыны туралы пікірімен танысады және осы қозғалыс көптеген құбылыстарды түсіндіретінің біледі, мысалы, газдың түсіретін қысымы. Олар материалдардың ішкі құрылымын оқып үйренеді, материяны бақылай отырып, оның моделін жасайды, материяның кинетикалық теориясымен танысады, сонымен бірге, оны белгілі процестерге қолданатын болады.

Осы бөлімде білім алушылар: терең игеруге міндетті: молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау; температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; температураны Цельсий, Кельвин шкалаларында өрнектеу; дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау; жылу берілудің түрлерін салыстыру; техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру; әртүрлі температураларда тірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру; жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау; заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру; отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерін анықтау; жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу; тәжірибені жүргізуге әсер ететін факторларды анықтау; жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану сияқты физиканың бағдарламалық мақсаттарына жауап беретін теориялық тақырыптар мен практикалық мәселелер талданады.

Заттардың агрегаттық күйлері бөлімшесінің кейбір мазмұнымен білім алушылар 7-сыныптан таныс. «Қысым» бөлімінде қарастырылған «қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың молекулалық құрылымдары», «қысым», «қысымның температураға байланысы» сияқты ұғым-түсініктерді біледі.

7-сынып физикасындағы бұндай пропедевтикалық ұғым-түсініктермен қатар, басқа да оқу материалдарын қайталап, еске түсіріп отыру жүктеледі. Бұл тарауда білім алушылар терең игеруге міндетті: молекулалық-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналуды сипаттау; балку (кристалдану) кезіндегі жұтылатын (бөлінетін) жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолдану; заттың балку және қатаю процесі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; эксперимент көмегімен мұздың меншікті балку жылуын анықтау; молекулалық-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау; заттың булану және конденсация процесі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; су буының мысалы негізінде қанығу күйін сипаттау меншікті булану жылуын анықтау; қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру тәрізді физиканың бағдарламалық мақсаттарына жауап беретін теориялық тақырыптар мен практикалық жұмыстар өтіледі[9].

Білім алушылар 7-сыныпта «Жұмыс және қуат. Механикалық энергия» бөлімінде қарастырылған «жұмыс», «қуат», «механикалық энергия», «кинетикалық энергия», «потенциалдық энергия», «механизмнің пайдалы әрекет коэффициенті» сияқты ұғымдармен таныс. 7-сынып физикасындағы осындай ұғымдар мен пропедевтикалық оқу материалдарын қайталап, еске түсіріп отыру жүктеледі.

«Термодинамика негіздері» бөлімінде білім алушылар терең игеруге міндетті: термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру; термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру; жылу қозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау; іштен жану қозғалтқышының, бу турбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау; жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау; жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну; жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау сияқты физиканың бағдарламалық мақсаттарына жауап беретін теориялық тақырыптар мен практикалық зерттеу жұмыстары оқытылады.

Білім алушылар 7-сыныпта күнделікті өмірде электр энергиясын пайдаланудың бірнеше әдісімен танысады, оларды зерттейді. Бұл бөлімде білім алушыларға электр өрісі, магнит өрісі, заряд, ток және потенциалдар айырымы сияқты іргелі түсініктерді меңгеру қажет болады, себебі, олар ары қарай оқу үшін (10-сынып) маңызды элементтер. Бұл түсініктер 10-сыныпта электр өрісін және электр сыйымдылығын зерттегенде кеңейтіледі.

Бұл бөлімде білім алушылар терең игеруге міндетті: электр зарядын сипаттау; үйкеліс және әсер (индукция) арқылы денені электрлендіру; электрленудің оң және теріс түріне мысалдар келтіру; электр зарядының сақталу заңын түсіндіру; Кулон заңын есептер шығаруда қолдану; электр өрісі және оның күштік сипаттамасы ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіру; біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер етуші күшті есептеу; электр өрісін күш сызықтар арқылы кескіндеу; потенциалдар айырымының және потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру; конденсаторлардың құрылысын және қолданылуын сипаттау тәрізді физиканың бағдарламалық мақсаттарына жауап беретін теориялық тақырыптар мен практикалық мәселелер талданып қарастырылады.

«Тұрақты электр тогы» бөлімшесінде бастауыш сыныптан білетін ұғымдарды еске сала отырып білім алушылардың білімін тереңдету қарастырады. Аталған бөлімде білім алушылар тұрақты токтың заңдарын оқып-үйренеді. Ток күші, кернеу, кедергі ұғымдары және олардың өлшем бірліктерімен танысады. Өткізгіштерді жалғаудың түрлерін және заңдылықтарын зерттеуді үйренеді, электр тізбегіне есептеулер жүргізу дағдыларын дамытады. Электр энергиясын өндіру, тұтыну және үнемдеу жолдарына ғылыми зерттеу жұмыстарын қарастыра білетіндей деңгейде шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Осы бөлімді білім алушылар қарапайым қалта шамын құрастыруды зерттеуден бастайды. Білім алушылар өз беттерімен қажетті құрал-жабдықтарды таңдайды және зерттеудің жолдарын құрастырып, қарапайым тізбектерді құрастырады және тексереді. Тізбек арқылы токтың өтуі және заряд арқылы энергияның тасымалдануы үшін қажетті электр тогы туралы түсініктерін дамытады. Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы, электр қуаты және басқа шамалар арасындағы байланыстарды оқып үйренеді.

Аталған бөлімде білім алушылар терең игеруге міндетті: электр тогы ұғымын және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру; электр

схемасын графикалық бейнелеуде электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану; кернеудің физикалық мағынасын, өлшем бірлігін түсіндіру; электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді анықтау; тұрақты температурада өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасын графикалық түрде бейнелеу және түсіндіру; эксперименттен деректерін жинақтау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу; тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану; кедергінің физикалық мағынасын, өлшем бірлігін түсіндіру; есеп шығаруда өткізгіштің меншікті кедергісі формуласын қолдану; өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын экспериментте анықтау; өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын экспериментте анықтау; өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу; жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда қолдану; Джоуль-Ленц заңын есептер шығаруда қолдану; эксперимент көмегімен электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау; кВт-сағ өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын практика жүзінде анықтау; металл өткізгіштердегі электр тогын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау; қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу амалдарын түсіндіру; сұйықтардағы электр тогын сипаттау тәрізді физиканың бағдарламалық мақсаттарына жауап беретін теориялық тақырыптар мен практикалық жұмыстар қарастырылады[9].

«Электромагниттік құбылыстар» бөлімшесінде білім алушылар терең игеруге міндетті: магниттердің негізгі қасиеттеріне сипаттама беру және магнит өрісін күш сызықтары арқылы бейнелеу; магнит өрісінің сипаттамаларын түсіндіру; тогы бар түзу өткізгіштің және соленоидтің айналасындағы өріс сызықтарының бағытын анықтау; жолақ магнит пен соленоидтың магнит өрістерін салыстыру; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау; электрқозғалтқыштың және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіру; электромагниттік индукция құбылысын түсіндіру; Қазақстанда және дүниежүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру тәрізді физиканың бағдарламалық мақсаттарына жауап беретін теориялық тақырыптар мен практикалық мәселелердің талдануына назар аударылады.

«Жарық құбылыстары» бөлімінің ұғымы мен «Жаратылыстану» пәніндегі «Мен зерттеу жүргізушімін» және «Табиғат физикасы» тарауларында қарастырған. Білім алушылар эксперимент нәтижесіне сүйене отырып, жарық сәулелері бір жазықтықта орналасатындығы туралы, түсу бұрышына шағылу бұрышына тең болатындығы туралы, сонымен қатар жарық бір ортадан екінші ортаға өткенде жылдамдықтың өзгеруіне байланысты бағытын өзгертетіні туралы қорытынды жасайды.

Аталған тарауда білім алушылар терең игеруге міндетті: Күннің және Айдың тұтылуын графикалық бейнелеу; эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау; айналық және шашыранды шағылудың мысалдарын келтіру және түсіндіру; жазық айнада дененің кескінін алу және оны сипаттау; дененің кескінін алу үшін сфералық айнада сәуленің

жолын салу және алынған кескінді сипаттау; жазық параллель пластинада сәуленің жолын салу; жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару; тәжірибеге сүйеніп, толық ішкі шағылу құбылысын түсіндіру; экспериментте шынының сыну көрсеткішін анықтау; сыну көрсеткішінің анықталған мәнін кестелік мәндермен салыстыру және эксперимент нәтижесін бағалау; жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану; линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графикалық есептер шығару үшін қолдану; жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру; жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау; көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау; қарапайым оптикалық құралдарды (перископ және обскура камерасын) құрастыру тәрізді физиканың бағдарламалық мақсаттарына жауап беретін теориялық тақырыптар мен практикалық зертеулер берілген.

8-сыныптың жаңартылған мазмұндағы бағдарламасында қолданыстағы бағдарламамен салыстырғанда лабораториялық жұмыстың саны бірдей, ол салыстырмалы кестеде берілген (5-кесте).

5-кесте. 8-сыныптың лабораториялық жұмыстың салыстырмасы

Қолданыстағы оқу бағдарламасындағы лабораториялық жұмыс	Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасындағы лабораториялық жұмыс
Температуралары әртүрлі суды араластырып жылу мөлшерін салыстыру	«Температуралары әр түрлі суды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру»
Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау	«Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау»
Ауаның ылғалдылығын анықтау	«Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу»
Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу	«Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу»
Тізбек бөлігі үшін Ом заңын тексеру	«Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу»
Өткізгіштерді тізбектей және параллель қосуды зерделеу	«Өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу»
Электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау	«Электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау»
Тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу	«Тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу»
Электрмагнитті құрастыру және оның әсерін сынау	«Электрмагнитті құрастыру және оның әсерін сынау»
Шынының сыну көрсеткішін анықтау	«Шынының сыну көрсеткішін анықтау»
Линзаның көмегімен кескін алу	«Жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау»

8-сыныптың лабораториялық жұмысында № 3 лабораториялық жұмыс «Ауаның ылғалдылығын анықтау» алынып тасталып оның орнына № 6 лабораториялық жұмыс «Өткізгіштерді тізбектей және параллель қосуды зерделеу» екіге бөлініп № 5 лабораториялық жұмыс «Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу» және № 6 лабораториялық жұмыс «Өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу» берілген.

Оқу бағдарламасы төмендегідей практикалық жұмыстан тұрады:

- денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу, заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау, заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу, жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу, жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу, әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау;
- заттың фазалық ауысу графигін зерттеу, мұздың балқу температурасын зерттеу, булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу;
- ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу, жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу;
- бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу, электроскопты жасау;
- тізбектегі ток күшін өлшеу, тізбек бөгіндегі кернеуді өлшеу, өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі, қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу, тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу, параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу;
- су компасын (құбылнамасын) жасау, магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зерттеу, түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу, үйкеліс арқылы магниттеу, магниттің қасиетіне температураның әсері;
- қарапайым перископты жасау, калейдоскопты жасау, жазық айнадағы кескінді зерттеу, ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі, жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі, көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру.

8-сыныптарға арналған «Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында 10 лабораториялық жұмыс және 32 практикалық жұмыс қамтылған.

Оқу пәнінің 9-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны төмендегідей (6-кесте) бөлінген.

6-кесте – Пәннің 9-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны

1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
Кинематика негіздері - Механикалық қозғалыс. - Векторлар және оларға амалдар қолдану. - Вектордың координаталар осьтеріндегі	Динамика негіздері - Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері. - Механикадағы күштер. - Ньютонның екінші заңы, масса. - Ньютонның үшінші заңы.	Сақталу заңдары - Дене импульсі және күш импульсі. - Импульстің сақталу заңы. - Реактивті қозғалыс. - Механикалық жұмыс және энергия. - Энергияның сақталу және айналу	Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар - Жылулық сәуле шығару. - Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы. - Фотоэффект құбылысы.

<p>проекциялары. - Түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу. - Түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру. *№ 1- лабораториялық жұмыс. «Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау». - Дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі. *№ 2- лабораториялық жұмыс. «Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу». - Қисық сызықты қозғалыс материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы. - Сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар. - Центрге тартқыш үдеу.</p>	<p>- Бүкіләлемдік тартылыс заңы. - Дененің салмағы, салмақсыздық. - Денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы. - Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы.</p>	<p>заңы.</p>	<p>- Рентген сәулелері. - Радиоактивтілік. - Радиоактивті сәулеленудің табиғаты. - Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы</p>
<p>Астрономия негіздері - Жұлдызды аспан. - Аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі. - Әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт.</p>		<p>Тербелістер және толқындар - Тербелмелі қозғалыс. - Тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі. - Тербелмелі қозғалыстың теңдеуі. - Математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері. *№ 3- лабораториялық жұмыс.</p>	<p>Атом ядросы - Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер. - Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы. - Ядролық реакциялар. - Радиоактивті ыдырау заңы. - Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция. - Ядролық реакторлар.</p>

<p>- Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары. Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау.</p>		<p>«Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау». - Еркін және еріксіз тербелістер, резонанс. - Еркін электромагниттік тербелістер. - Толқындық қозғалыс *№4- лабораториялық жұмыс. «Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау». - Дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық. - Электромагниттік толқындар. - Электромагниттік толқындар шкаласы.</p>	<p>- Термоядролық реакциялар. - Радиоизотоптар, радиациядан қорғану. - Элементар бөлшектер.</p>
			<p>Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі - Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы. - Экологиялық мәдениет.</p>

9-сыныптың жаңартылған мазмұндағы бағдарламасы «Кинематика негіздері» бөлімімен басталады. Бөлімді оқытудың негізгі мақсаты – классикалық механика заңдары негізінде материя қозғалысының қарапайым түрі – механикалық қозғалысты оқытып-үйрету.

Дененің немесе материялық нүктенің қозғалысын зерделеу – уақыт өтуімен оның орны қалай өзгертінін білу деген сөз. Демек, мұндағы негізгі міндет – дененің кез келген уақыт мезетіндегі орнын табу.

Бөлімдегі барлық мәселелерді біріктіретін басты идея – санақ жүйесінің рөлін айқындайтын, қозғалыстың салыстырмалылық идеясы. Осы идеяға сәйкес қозғалыс сипаты туралы кез келген тұжырым, дене қозғалысы қарастырылып отырған санақ жүйесін көрсеткен кезде ғана мағыналы болады.

Дене әртүрлі траекторияның бойымен жылдам немесе баяу қозғала отырып, түрлі механикалық қозғалыстар жасай алады. Мұндай механикалық

қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалар арасындағы байланысты тағайындау механиканың кинематика негіздері деп аталатын бөлімінде қарастырылады. Мұнда білім алушылар орын ауыстыру, жылдамдық және үдеу, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру, координата және жылдамдық теңдеулері, дене шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалған кездегі центрге тартқыш үдеу мен сызықтық жылдамдықтың формулалары және тағы сол сияқты мәселелермен танысады.

Бөлімді оқытудағы негізгі міндет түзу сызықты бірқалыпты, түзу сызықты теңүдемелі және қисық сызықты қозғалыстар кезіндегі дененің кез келген санақ жүйесіне қатысты координаталары мен орын ауыстыруын табу тәсілдерін білім алушылардың игеруі болып табылады.

Қисық сызықты қозғалысты қарастырғанда білім алушылар қисық сызықты қозғалыс туралы жалпы түсінік алады және дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын неғұрлым тереңірек оқып үйренеді. Мұнда білім алушылар қисық сызықты қозғалысты сипаттайтын негізгі ұғымдар: бұрыштық және сызықтық жылдамдықтармен, центрге тартқыш үдеумен танысады.

«Динамика негіздері» бөлімін зерделеудегі негізгі мақсаты – білім алушылардың Ньютон заңдарының жүйесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Теорияның негізін денелердің қозғалысын бақылау және Галилей, Ньютон эксперименттері құрайды. Теорияның салдары ретінде қолданбалы мәселелер және заңдарды типтік есептерді шығаруға қолдану қарастырылады.

«Динамика заңдары» тарауында оқылатын Ньютонның қозғалыс заңдары классикалық механиканың негізгі заңдары болып табылады. И. Ньютон бұрын соңды болмаған механикалық қозғалыстың қатаң теориясын және Жерде де, Күн жүйесінде де болып жататын барлық механикалық құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік беретін динамика заңдарын (Ньютонның үш заңын және бүкіләлемдік тартылыс заңын) тұжырымдады.

Ньютон заңдары барлық дерлік аспан денелерінің, ғарыш зымырандарының, жасанды серіктердің, алуан түрлі көліктің және тағы басқада қозғалысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл заңдардың үлкен дүниетанымдық, практикалық және тәрбиелік мәні бар. Сондықтан бұл тақырыпты қарастыруға мектепте елеулі көңіл бөлінеді.

Тақырып білім алушылардың игеруіне қиындау, сондықтан динамика мәселелерін баяндауға мұғалімнің шығармашылық тұрғыдан қарауын талап етеді.

Динамика заңдарын оқытуға қатысты мәселелермен білім алушылар кинематика бөлімінде танысқан болатын. Мұнда санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы жөніндегі идеялар әрі қарай дамытылады. Білім алушылар Ньютон заңдарының анықтамаларын дұрыс айтқандарымен, көп ретте олардың мағынасын дұрыс түсіне бермейді. Білім алушылардың заңдарды құрғақ жаттап алуы, әсіресе, зерделенген теориялық материалды дұрыс қолдануды талап ететін сұрақтарға жауап беру кезінде байқалады.

«Сақталу заңдары» бөлімін оқығанда жаратылыстану ғылымында сақталу заңдарының маңыздылығын анықтайтын импульстің сақталу заңы мен энергияның сақталу заңына тоқталады. Бұл заңдар кеңістік пен уақыттың

қасиеттеріне байланысты (энергияның сақталу заңы уақыттың біртектілігіне, импульстың сақталу заңы – кеңістіктің біртектілігіне байланысты). Импульстің сақталу заңы мен энергияның сақталу заңы салыстырмалық теориясында, кванттық механикада және макро және микроәлемде жүзеге асады.

Импульстің сақталу заңын оқытқан кезде жаңа физикалық ұғымдардың қатары артып отырады. Барлық бөлімді оқу үшін кейбір ұғымдарды меңгерту өте маңызды.

Сондықтан есеп шығарудың нақты жолдарын қарастырған кезде физикалық жүйеде денелердің қалай қозғалатынын және оларға сыртқы күштердің қалай әсер ететінін білу өте маңызды. Егер денеге күштер әсер етпесе (оны елемеуге болады), онда импульстің сақталу заңы қолданылады, егер сыртқы күштер әсер етсе, онда жүйеге әсер ететін күштердің импульсінің қосындысы жүйедегі импульстің өзгерісінің қосындысына тең.

Егер импульстің сақталу заңы санақ жүйесінің бірімен салыстырған қозғалыста орындалса, ол бірінші бір қалыпты және түзу сызықты салыстырмалы қозғалыста, салыстырмалы кез келген басқа санақ жүйесінде де орындалады. Импульстің сақталу заңы кез келген инерциалды санақ жүйесінде жүзеге асады.

Кванттық физика элементтері бойынша оқытылатын оқу материалының көлемі жыл сайын көбейіп, артып келеді. Бұл жағдай оқу материалын қандай дидактикалық принциптер: оңайдан қиын материалға көшіп отыру, теориялық талдау негізінде, өмірмен байланыстылығы тұрғыда, эксперименттік дәлелдеу және тағы сол негізінде баяндауды таңдап алу ісін қиындатуда.

Бағдарламада ғылыми-теориялық және техникалық жаңалықтардың қалай ашылғандығы, атомдық физика туралы ілімнің дамыған кезеңдері, оның эксперименттік дәлелдері мен карама-қайшылықтары хронологиялық ретпен орын-орнымен айқын айшықталады

«Атом құрылысы» бөлімі көп оқу материалдарын қысқа уақыт ішінде баяндауды қажет етеді. Сондықтан сабақта ол материалдардың ең негізгілері ғана білім алушыларға түсінікті етіп баяндалуы тиіс. Атомдық және ядролық құбылыстардың барлығына егжей-тегжейлі тоқтала беруге мүмкіндік болмайтындығын мұғалім ескеруі керек. Сондай-ақ, курс бойынша оқу материалын білім алушылардың меңгеруі химиямен пәнаралық байланыстың жүйелі жүргізілуіне және физика мен химияда өтілген тақырыптарды олардың дұрыс түсінгендігіне тікелей байланысты екендігін ұдайы ескеру қажет. Ядродағы физикалық құбылыстарды білім алушыларға түсіндірудің бір қиыншылығы – олар көзге көрінбейтін, қолмен сезінуге болмайтын құбылыстар. Оларды эксперименттік тұрғыда сабақта түсіндіруге де қажетті демонстрациялық не лабораториялық приборлар жоқтың қасы әрі жасау да оңай емес. Сондықтан ядролық физика туралы бірқатар кинофильмдерді, электронды лабораторияларды, бейне материалдарды сабақта тиімді пайдалану өте қажет. Атом және атом ядросы тақырыбында негізгі мәселелер жүйесін түсіндіруде ең алдымен, атом құрылысының күрделі екендігіне білім алушылардың көзін жеткізу керек. Ол үшін радиоактивтілік құбылысын

қарастыруға болады. Радиоактивтілік – кейбір заттардың өзінше сәуле шығару қасиеті екендігі түсіндіріледі. Оның шындық факт екендігі радиоактивті элементтің ионизациялау, жылу және химиялық әсерлері арқылы дәлелденеді. Яғни радиоактивті сәулелердің жәрдемімен зарядталған электроскоптың ионизациялануы, ыдыстағы судың жылынуы, фотопластинкадағы кескіннің өңделіп байқалуы баяндалады. Ендеше, радиоактивті құбылысты атомның ішінде өтетін процестің нәтижесі деп түсіндіруге болады. Бұдан, атом күрделі бөлшек, оның құрылысы қандай, ол өзі қандай бөлшектерден тұрады? - деген заңды сұрақ туындайды.

Көрсетілген сұраққа жауап ретінде Резерфордтың іргелі тәжірибесі түсіндіріледі. Атомның ядродан және электроннан құралатындығы дәлелденеді. Теориялық тұрғыдан ол Резерфорд және Бор модельдері арқылы айқындала түседі.

Атомдық және ядролық физиканы оқыту барысында пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың да маңызы зор. Жалпы пәнаралық байланысты жүзеге асуы келесі мақсаттарды көздейді:

- жаратылыстану ғылымдарының диалектикалық бірлігі негізінде табиғат туралы бірыңғай көзқарасты қалыптастыру;

- оқу пәнінде ғылымдардың жалпы жүйесіндегі орнын түсіну; білімнің жүйелілігін қамтамасыз ету;

- білім алушылардың білімін жүйелеу – табиғаттың негізгі заңдарының жалпылығы туралы түсінікті орнықтыру;

- құбылыстардың, ұғымдардың, теориялардың, әлемнің ғылыми бейнелері арасындағы жан-жақты байланыстарды білім алушылардың орнықтыра алу біліктілігін қалыптастыру;

- пәнаралық байланыстың теориялық және практикалық білімді дамытуға және тереңдетуге себептесетін эвристикалық принцип ретінде түсінілуін қамтамасыз ету;

- оқыту процесінде пәнаралық байланыстарды пайдалану арқылы әлем дамуын әлемнің бірлігімен байланысты қарастыру.

Атомдық және ядролық құбылыстарға байланысты тақырыптар бойынша материалды игеру жарықтың биологиялық әсері, фотосинтез, рентген сәулелерінің клеткаға тигізетін мутациялық әсері, ультракүлгін сәулелер мен инфрақызыл сәулелердің тірі организмдерге тигізетін әсері туралы биологиядан (7-сынып) алған білімге, элементтердің периодтық жүйесі, изотоптар және атом ядросының құрылысы туралы химиядан (7-сынып) алған білімдеріне сүйену арқылы іске асады.

9-сыныпта жаңартылған мазмұндағы бағдарламада қолданыстағы бағдарламамен лабораториялық жұмыстың саны бірдей, өзгеріс жоқ. Салыстырмасы кестеде берілген (7-кесте).

7-кесте. 9-сыныптың лабораториялық жұмыстың салыстырмасы

Типтік оқу бағдарламасы)	Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы
Бірқалыпты қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау	«Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау»

Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу	«Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу»
Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау	«Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау»
Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау	«Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау»

9-сыныпта орындалатын практикалық жұмыстар:

- қозғалыстың салыстырмалылығы, денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері;

- күшті өлшеудің практикалық тәсілдері, жердің ауырлық өрісіндегі дене қозғалысының параметрлерін есептеу, дененің еркін түсу үдеуін өлшеу;

- әртүрлі маятниктер тербелісінің периодын есептеу, еркін және еріксіз тербелістерді зерттеу, толқындардың сипаттамасын зерттеу, ұялы телефонның жұмыс істеу принципі, аналогті сигналдың берілуі, Морзе әліппесі;

- радиоактивті элементтердің жартылай ыдырау периодын есептеу болып табылады.

9-сыныпқа арналған «Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында 4 лабораториялық жұмыс және 12 практикалық жұмыс қамтылған.

Пәннің оқу бағдарламасы шиыршық принципі негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады.

Мысалы: «Физикалық өлшеулер» бөлімі үш сыныпта да яғни 7-9-сыныптарда қайталанып, тереңдетіліп беріліп отырады. Осыған байланысты оқу бағдарламасының мазмұндық негізіне құрылған, оқу материалын зерделеуге арналған шиыршық принципі арқылы материал мазмұнын құрылымдауды есепке алған жөн (8-кесте).

8-кесте. Шиыршық принципі арқылы берілген білім мазмұнының үлгісі

7-сынып	8-сынып	9-сынып
дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу	эксперимент деректерін жинақтау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу	алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасау
кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау	тәжірибені жүргізуге әсер ететін факторларды анықтау	эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және экспериментті жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну
физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау

Шиыршық принципінің сипаттық ерекшелігі, материалды баяндауда білім алушы негізгі мәселені назардан тыс қалдырмай, қозғалған тақырыпқа қатысты білімін ұдайы кеңейтіп, тереңіне үңіле білуіне ықпал ететіндігінде. Осылайша білім алушылар нақты оқу мәселесіне қатысты білімін біртіндеп және үздіксіз кеңейту мүмкіндігіне ие болады.

10-кестеден «Физикалық өлшеулер» бөлімшесінде оқу мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, білім алушылар 7-сыныпта дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке алу арқылы анықтайтын болса, 8-сыныпта эксперимент деректерін жинақтау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу қалыптасады, 9-сыныпта алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасауды үйренеді

Кейбір бөлімдер төмендегідей ішінара шиыршық принципі негізінде әзірленген (9-кесте).

9-кесте. Ішінара шиыршық принципі арқылы берілген білім мазмұнының үлгісі

Бөлімі	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Кинематика негіздері			
Динамика негіздері			
Сақталу заңдары			
Молекулалы-кинетикалық теория негіздері			

Білім алушыларға ғылым негіздерін игерту процесінде «Физика» пәнінен пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың мынадай тәсілдерін көрсетуге болады, жаңа оқу материалын меңгертуде білім алушылардың басқа пән сабақтарында алған білімін пайдалану, мұнда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың үш кезеңі қарастырылады:

- жаңа ұғымды қабылдауға білім алушыларды дайындауда пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

- жаңа ұғымды меңгерту процесінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

- жаңа оқу материалын бекітуде және есептер шығаруда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру.

Физикалық заңдарды тұжырымдау мен оларды түсіндіруде математикалық аппаратты қолдануына назар аударылады. Математиканың физикамен байланысының айқын мысалының бірі – физикалық шамалар арасындағы функциялық тәуелділікті және функциялар графигін пайдалану. Координат жазықтығын оқып үйренумен байланысты білім алушылар әртүрлі графиктерді сызып үйренеді. Өз кезегінде білім алушылардың физикадан механикалық қозғалыс, жол, жылдамдық, сондай-ақ, балқудың, қатаюдың графиктерін салуына өз игілігін тигізеді. Сөйтіп, математикадан алған білімдерін білім алушылар физикалық білім игеруге пайдалана бастайды. Олар әртүрлі математикалық шамаларды өлшеу, сан мәндерін дөңгелектеу туралы алған ұғымдарын физикалық эксперименттер нәтижесін анықтауға (әртүрлі

өлшеу жүргізу барысында) қолдана алады. Сол сияқты, білім алушылар екі айнымалысы бар теңдеу туралы алған түсінігін және оны шешу жолындағы игерген тәсілдерін, тура және кері байланыс, тағы басқа ұғымын физикада жиі пайдаланады. Олар функция ұғымын игеріп, оның берілу тәсілдерін меңгереді. Одан кері функция түрлерін оқып үйренеді, олардың графиктерін сызып дағдыланады. Осы дағдылар мен математикалық білім физиканы игеру үшін қаншалықты қажет екені түсінікті.

Физика мұғалімі білім алушылардың есептеу шеберліктері мен дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру мақсатында алдын-ала математика мұғалімдерімен бірігіп, ортақ әдістерді қолдануға болады [9].

Физика мен химия ғылым ретінде бір-бірін өзара толықтырып отырады. Өйткені, бұл екі ғылым табиғаттағы құбылыстар мен процестерді өз тұрғыларынан қарастырады. Физика мен химия үшін өте маңызды ортақ ұғымдардың қатарына зат, масса, салмақ, энергия ұғымдары, сондай-ақ энергияның, электр зарядының, электр өрісінің сақталу және айналу заңы, тағы басқа жатады. Физика мен химияның пәнаралық аса маңызды теориялық байланыстары екеуінде бірдей: молекулалық-кинетикалық және электрондық теорияны, атом құрылысы теориясын оқып үйренуде айқын көрініс алады.

Білім алушылардың қабілеттіліктерін дамытудың маңызды факторына арнайы қызығушылықтары жатады. Адам қызметінің белгілі бір саласына қызығушылық білім алушыны осы қызметпен болашақта айналасу бейімділігіне жалғасуы мүмкін. Қандай да бір оқу немесе еңбек іс-әрекеті түріне қызығушылықтың туындауы оған деген қабілеттіліктердің пайда болуымен тығыз байланысты және олардың дамуының алғышарты болып табылады.

Мектепте «Физика» пәнін оқыту заманауи технологиялық әлемдегі өмірге дайындауда маңызды мағынаға ие. Білім алушылар оқу процессінде бақылау жүргізуге, топтастыруға, құбылыстарды бір-бірімен байланыстыру мен оларға түсінік беруге үйренеді. Ойды, пәндік білім мен дағдыларды құру мен дамытуға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және жеке бастың маңызды тапсырмалары контекстінде ғылыми мәселелерді ойлауға қабілетті ақпараттандырылған және сындарлы ойлай білетін азаматты тәрбиелеуге де ерекше назар аударылады.

«Физика» пәнін оқу процессінде туындап отырған барлық мәселелерді білім алушылардың табысты шешуі, олардың пән мен дағдының негізгі білімі жүйесімен қаруланып, ғылыми ойлауын дамытуға ықпал етеді. Физикалық білімдерді игеру нәтижесінде ғылыми әлемді танудың негізі салынады, ол табиғат құбылыстары мен қоғамдық өмірді терең түсінуді, осы құбылыстарды саналы түрде түсіндіре білуді қалыптастыруды, алдына мақсат қою мен оларға жетуді жоспарлауды болжайды.

Оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып,

ұйымдастыруға болады.

Технология, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен энергетиканың әртүрлі саласындағы жетістіктер ғылыми идея мен ғылыми прогресс дамуының жарқын мысалдары болып табылады.

Мысалы оған төмендегідей мақсаттар берілген:

8.3.2.23 – жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау;

8.4.3.8 – Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру;

9.2.3.4 – Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру;

9.2.5.18 – жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау;

9.2.5.19 – табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбысты қолдануға мысалдар келтіру;

9.8.1.1 - адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика және астрономияның дамуының әсерін түсіндіру;

9.8.1.2 - жаңа технологиялардың қоршаған ортаға әсерінің артықшылығы мен қауіптілігін бағалау.

Қолданбалы материалды теориялық зерделеу кезінде қарастырылғаны дұрыс. Оның мазмұны, негізінен, адамзат қоғамындағы жаратылыстану ғылымдарының рөлін көрсетуге, білім алушылардың ғылым жетістіктерін әртүрлі көзқарас тұрғысынан бағалай алуға, ғылыми-техникалық прогреске байланысты туындайтын экологиялық проблемаларды түсінуге бағытталады.

Жаңартылған білім беру мазмұнында жетістікке қол жеткізу үшін мыналарды жасау:

ғылыми тілді қалыптастыру мақсатында білім алушылардың сөздік қорын байыту, үш тілдегі физикалық терминдермен таныстыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу;

физикалық процестерге диаграммалар, сызбалар, жалпылама және талдау кестелерін жасай білу дағдыларын, баяндау, сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жалпылама қорыту (жазбаша және ауызша) дағдыларын қалыптастыру;

есептердің шешімін сауатты ресімдеуге назар аудару;

жүргізілген практикалық және лабораториялық жұмыстар бойынша кеңейтілген жазбаша есептерді немесе ауызша баяндамаларды дайындай білуді дамыту;

білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қисындылығы және дәлелдермен түйінделу дәрежесін арттыру ұсынылады.

Оқу бағдарламасында жұмыстың креативті тәсілдеріне және формаларына ерекше орын бөлінеді, проблемалық мәселелерді талқылау арқылы ұжымдық жұмыс жүргізу, білім алушыларды өзіндік шығармашылық жұмысқа және топта бірігіп және жеке жасайтын тапсырмаларға бағыттайтын

дамытушы сипаттағы шығармашылық тапсырмаларды орындау және практикалық есептерді шығару ұсынылады.

Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылығы оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқу мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Оқу пәнінің әрбір бөлімі қорытынды сабақтармен аяқталады, онда білім алушылардың теориялар мен әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі туралы білімдері жүйеленеді. Осы сабақтардың мақсаты – теориялардың қолдану аясын және олардың қазіргі заманғы әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесіндегі орнын көрсету болып табылады. Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларында әр тарауды игеруге арналған сағат саны көрсетілмеген. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы практикалық маңыздылығымен, сондай-ақ білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Білім алушылардың алған білімдері мен біліктіліктерін әртүрлі оқу және практикалық жағдайларда қолдануға, білім алушыларды өзіндік шығармашылық еңбекке, өмірге белсенді араласуға дайындауға негіз болады.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ерекшелігіне байланысты келесі бөлімде «Физика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері қарастырылады.

2 «Физика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Қазіргі өркениеттің ақпараттар ағыны өсіп отырған жағдайында мектепте оқытудың мақсаттары мен қызметі елеулі өзгеріске ұшырады. Осыған байланысты, бүгінгі қоғам алдындағы мақсат – өмірдің барлық саласында белсенді шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу. Енді білім алушыдан аса көлемді ақпаратты игеру емес, оны нақты өмірде қолдана білу талап етіледі. Мектепте оқыту сапасы мәселесі қазіргі қоғам талаптарына да тығыз байланысты.

Мектептегі білім беру жүйесі қоғамдық дамудың өзекті сұраныстарына сай болуы үшін білім беру мақсаты қоғам дамуының әр кезеңі ескеріле отырып, оның білім мазмұнына, оқытудың әдістеріне, ұйымдастыру формалары мен құралдарына сәйкестігін анықтау арқылы үнемі нақтыланып отыруы қажет. Ал білім беру жүйесінің маңызды құраушысы білім мазмұны әрі оны жаңарту процессінің басты мақсаты білім мазмұнын жаңа сапаға көтеруге және оны жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Өйткені жеке пәндердің нақты мазмұнының тұлғаны оқыту, тәрбиелеу мен дамыту мақсатына сәйкестігін айқындау білім мазмұнының дұрыс таңдалып алынуының басты шарты болып табылады. Солай болған жағдайда ғана педагогикалық процесс оқытудың заманауи сұраныстарына сай мазмұнымен қамтамасыз етілмек.

Мектепте оқытылатын физика ғылымының мазмұнын беруге қоғамның қоятын талаптары мен оқытудың қалыптасқан жүйесінің (оқу-тәрбие процессінің мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдары мен ұйымдастыру формаларын қамтитын) арасындағы, яғни

- қоғамның мектеп бітірушілерге қоятын талаптары мен олардың әрқайсысының нақты физика ғылымындағы білім, дүниетаным, мәдениет, әлеуметтік белсенділігі;

- жалпыға бірдей орта білім берудің міндеті мен оқыту нәтижесінің сапасы жоғары болуын талап ету;

- мазмұнды ғылымиландыру талабы мен оның түсініктілігін қамтамасыз ету;

- әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудың қажеттігі мен оқу пәндерінің алшақтығы;

- әр жастағы білім алушының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен берілетін білім мазмұнының көлемі, оқыту мерзімі, реті, күрделілік деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтардың арта түскендігі оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған «Физика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қажет етеді.

Физика ғылымының өзіндік зерттеу әдісі болатыны секілді физиканы оқытудың да өз әдісі бар. Сондықтан негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ғана емес оны оқытудың әдістемелік жүйесін жаңарту мен жетілдіру, яғни мазмұнды, оқу процессін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, білім алушылардың таным қызметінің сипатын, оларды оқу пәнін

менгерту процессінде тәрбиелеу мен дамытуды жүйелеп, қалыпқа келтіретін жүйесін жасауға елеулі маңыз беріледі.

Оқыту әдістері деп мұғалім мен білім алушының өзара бірлескен қызметіндегі оқу мақсатына жетуде қолданылатын іс-әрекет тәсілдерін айтады. «Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту процессінде мұғалімнің оқу жұмысы мен білім алушылардың танымдық іс-әрекетін байланыстыратын оқу іс-әрекетінің міндеттерін бейнелейді. Демек, оқыту әдістері - оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен білім алушылардың біріккен іс-әрекетінің жолдары болып табылады [10].

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұны, принциптері мен оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие процессінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылаушы-түзетуші қызметтерді атқарады [10].

Заманауи педагогикалық процесте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп. Қазіргі күнде педагогикада әдістерді топтастырудың төрт жолы кең танылған.

Әдістер әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі:

- оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша: репродуктивтік, проблемалық, зерттеу, ізденушілік, түсіндірме – көрнекілік, бөлшектеп ізденіс (эвристикалы) және тағы басқалар;

- педагог пен білім алушының белсенділік деңгейіне байланысты: пассивті, активті, интерактивті;




- оқу материалының көзі бойынша: сөз, көрнекілік, іс-әрекеттік (практика);

- оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру тәсілдері бойынша: іс-тәжірибеде білім, білік, дағдыларды қалыптастыру әдістері, жаңа білім алу тексеру және бағалау әдістері [11].

Жаңартылған білім беру мазмұнын оқыту білім алушының белсенділік деңгейіне байланысты әдістерге кеңірек көңіл бөлінеді (10-кесте).

10-кесте – Білім алушының белсенділік деңгейіне байланысты әдіс түрлері

Пассивті (енжар) әдіс	Активті (белсенді) әдіс	Интерактивті әдіс
-----------------------	-------------------------	-------------------

<p>Мұғалім негізгі әрекет етуші және сабақ барысын басқарушы тұлға болып табылатын білім алушылар мен оқытушының өзара әрекеттесу формасы.</p> <p>Білім алушы оқытудың «объектісі» рөлін атқарады (тыңдау және көру) яғни білім алушылар тек пассивті тыңдаушы болады. Білім алушылар мен оқытушы арасындағы байланыс тек сұрау, бақылау және өзіндік жұмыстар, тестілер арқылы жүзеге асырылады</p>	<p>Білім алушылар мен мұғалім сабақ барысында өзара әрекетте болатын және білім алушылар тек пассивті тыңдаушылар емес, сабақтың белсенді қатысушылары болып табылатын өзара әрекеттесу формасы. Яғни білім алушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс). Мұнда мұғалім мен білім алушылардың құқықтары бірдей</p>	<p>Білім алушылардың мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен кеңінен өзара әрекеттесуіне және оқыту процессінде білім алушылардың белсенділігінің басымдылығына бағытталады. Интерактивті сабақтардағы мұғалімнің орны білім алушылардың іс-әрекетін сабақ мақсаттарына жету үшін бағыттаумен шектеледі.</p>
		

Оқытудың активті (белсенді) түрі – оқыту мен шығармашылық үшін дидактикалық процесті ұйымдастырудың реттелген, алгоритмделген, жоспарланып қойылған формасы мен әдісімен танымдық мотивтер мен қызығушылықтарды туғызатын ізденушілік, зерттеушілік, нақты проблемалық талаптар қоятын дамытушы әдістерге аяқ басу болып табылады [11].

Белсенді оқыту әдістерінің артықшылықтары:

біріншіден, олар өздері белсенді, өйткені, негізінен зияткерлік және физикалық тұрғыдан ойындарға жатады;

екіншіден, олар пассивті монологты білім беру процессіне қатысушылардың барлығының белсенді ой алмасумен ауыстырады, білім алушылар мен үйренушілерді пассивті тыңдаушылар мен «сөйлейтін» «ұйымшыл команданың жігерлі, ынталы, шығармашыл, талапты ойыншылары мен бапкерлеріне (ойнаушы-бапкерлер)» айналдырады;

үшіншіден, бұл әдістерді барлық қол жетімді ауызша және жазбаша байланыс түрлері қолданады да, дәстүрлі тәсіл кезінде қатысушылардың жасырын әлеуетін жандандырады;

төртіншіден, бойымыздағы барлық ақыл-ойды қолдану нәтижесінде білім, білік, дағдылар, қасиеттер мен құндылықты бағдарларды меңгеру процессі айтарлықтай жанданады.

Әдістердің белсенділігі сонша, олар сабақ, семинар, тренинг тапсырмаларына ғана емес, сонымен қатар релаксация, үзіліс және тіпті мектептен тыс уақытқа да қатысты болады. Ең қызығы, үзіліс кезіндегі

қатысушылардың белсенділігі практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды орындау барысына қарағанда жоғары болып жатады.

Тиісінше білім алушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар интерактивті сабақтардың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Интерактивті жаттығулардың маңызды ерекшелігі – оларды орындай отырып, білім алушылар бұрын оқылған материалды бекітіп сонымен бірге жаңа материалды меңгереді.

Интерактивті өзара әрекеттің басты белгілері:

Плюрализм. Бұл – қарастырылатын кез-келген проблемаға қатысты педагогикалық процесстің әрбір қатысушысының жеке көзқарасының болу мүмкіндігі.

Диалог. Мұғалім мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынас диалогы олардың бірін-бірі тыңдау және есту, бір-біріне көңіл бөлу, проблемаға қатысты өз көзқарасын, міндетті шешуде өз жолын қалыптастыру іскерліктерін талап етеді.

Ойлау іс-әрекеті. Ол мұғалім мен білім алушылардың белсенді ойлау іс-әрекетін ұйымдастыруда жатыр. Мұғалім білім алушылардың санасына дайын білімді көшіруі емес, олардың дербес танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру.

Мағыналы шығармашылық. Бұл – білім алушылар мен педагогтың зерттелетін проблемаға қатысты өздері үшін жаңа мағынаны саналы түрде қалыптастыру процесі. Бұл – өмір құбылыстары мен заттарына деген жеке көзқарасын білдіру.

Таңдау еркіндігі.

Табыс жағдаятын қалыптастыру үшін басты шарттар – білім алушыларды оң және оңтайлы бағалау.

Рефлексия. Педагогикалық процеске қатысушылардың өз іс-әрекетін, өзара әрекеттесуін өзіндік талдауы, бағалауы.

Сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлау маңызды дағды ретінде оқулықта берілген барлық тапсырмаларда байқалады.

Кері байланыс ұсыну.

Физика пәндері сабақтарында көптеген оқыту әдістері қолданылады: әңгіме, түсіндіру, дәріс, демонстрациялық тәжірибелер көрсету, лабораториялық жұмыстар өткізу, оқу кинофильмін пайдалану, табиғат құбылыстарын бақылау, есептер шығару, білім алушылардың білімін тексеру, тест тапсырмалары арқылы тексеру.

7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының негізгі міндеті білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Жаппай оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологиялары, сандық инфрақұрылымды қолдана отырып, әр білім алушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыруға көшуді қамтамасыз ету қарастырылған.

Қазіргі заманғы педагогика интерактивті тәсілдерге өте бай, олардың ішінде төменде келтірілген тәсілдерді бөліп алып (11-кесте), оларды сабақта тиімді қолдануға болады.

11-кесте – Оқытудың формалары

Оқытудың формалары
Оқыту ойындары (рөлдік ойындар, ым-ишара, іскерлік ойындар және білім беру ойындары)
Қоғамдық ресурстарды пайдалану (маманды шақыру, серуен-саяхаттар)
Әлеуметтік жобалар және оқытудың сыныптан тыс басқа да әдістері (әлеуметтік жобалар, жарыстар, радио және газеттер, фильмдер, қойылымдар, көрмелер, өлеңдер мен ертегілер)
Жаңа материалды зерделеу және бекіту (интерактивті дәріс, көрнекі құралдармен, бейне-және аудио материалдармен жұмыс, «білім алушы мұғалім рөлінде», «әрқайсысы әрқайсысын оқытады», сұрақтарды пайдалану және тағы басқа)
Күрделі және пікірлесу сұрақтары мен мәселелерін талқылау («Өз бағытыңды ұстан (пікірлер шкаласы)», «ҰТМС-формула» ¹ («ПОПС-формула»), жобалық техникалар, «Жалғыз – бірге – бәріміз бірлесе», «Бағытыңды ауыстыр», «Әткеншек», «Телевизиялық ток-шоу стиліндегі пікірталас», пікірсайыстар, симпозиум)
Мәселелерді шешу («Шешімдер ағашы», «Шытырман талдау» мыйға шабуыл, «Келіссөздер және медиация».
Кейс-стади әдісі
Көрсетілімдер

Презентация – мүдделі аудиторияға ақпарат, өнім не қызметті ұсыну. Белсенді оқыту әдістерін қолдану мәнмәтініндегі презентация технологиясы жобалық шешімді ұсыну және қорғау формасы болып табылады. Жаңа технология ақпарат жеткізу дағдылары, жұртшылық алдында сөйлеу, сендіру техникасы, аудитория сұрақтарына жауап беру іскерлігін меңгеруге және қиын жағдайлардан шығуға көмектеседі. Қажетті талаптар: уақыт тәртібін қадағалау, материалдың мазмұндылығы, көрнекі ұсынылуы (таратылатын материал, Power Point презентациясы), сөйлеу стилі [12].

Мысалы: Білім алушыларға сабақты қортындылау үшін ынталандырушы төмендегідей сұрақтар қойылады: Жолдарда апаттың қалай алдын алады? Тежелу жолын қалай арттыруға және кемітуге болады?. Топта жұмыстарының қорытындысынан презентация жасауды ұсыныңыз. Сабақтың алдында «Біздің қаламыздағы көлік оқиғасының статистикасы» тақырыбы бойынша топта қысқаша хабарламаға презентация жасауды ұсыныңыз. Сіз қалай ойлайсыз, жүргізушіге оқиға қауіпін мейлінше азайтатын қандай дағдылар қажет? Әртүрлі мысалдар келтіріңіз. Жол-көлік оқиғаларының басты себебі жүргізушінің іс-әрекеті болып табылады. Көптеген оқиғалар жол қозғалыс ережелерін сақтамаудан болатыны мәлім. Ол жылдамдықты асыру, жол белгілеріне қарамау, бұрылыс кезінде жарық арқылы сигнал бермеу, автокөлікті қоюға тыйым салынған жерге қою болуы мүмкін. Кей кезде көлік жүргізу қалыпты іс ретінде қабылданып, жүргізуші босаңсып, бұрылыс көрсеткішін қосуды, қауіпсіздік белбеуін тағуды ұмытып кетеді немесе жылдамдықты асырып жібереді. Көлікті байқап жүргізу және жол қозғалысының басқа қатысушыларына деген құрмет, жазатайым жағдайлардың санын азайтады.

Білім алушылардың интерактивті белсенділігін одан сайын арттыру үшін үй жұмысы ретінде жол қауіпсіздігін сақтау туралы алынған білімді және түйінді сөздерді қолдана отырып, төменгі сынып білім алушыларына арналған презентация жасауды ұсынуға болады.

Кейс – білім алушылардың талдауы, шешуі және бағалауы үшін мұғалім арнайы ұсынатын өндірістік не экономикалық жағдаят түрі. Кейс-стади–өзбетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау [13].

Кейстер белгілі бір ерекшеліктерге ие:

1. Кейс негізінде әдетте шынайы не мұғалім арнайы ұсынатын нақты жағдаят жатады, оның материалы арнайы зерттеулердің нәтижелері, статистикалық есеп формалары және басқа да қосымша ақпаратпен бекітіледі.

2. Анық білдірілген сұрақтардың болуы кейске тән не сай емес; кейсті талдау барысында ненің басты болып, бірінші кезекте талдауды талап ететіндігі әрқашан айқын емес; басты проблеманы анықтау кейсті талдау және шешім табуға ең маңызды және қиын кезеңдердің бірі болып табылады.

3. Кейстің анық бір шешімі болмауы мүмкін. Кейс негізінде жататын нақты жағдаят оңтайлы шешімге қандай да бір деңгейде жақын көптеген шешімдерді білдіруі мүмкін.

4. Жалпы қабылданған мағынада шешім шығару мүмкін болмаған кезде проблеманы анықтау және ашу, оны талдау және қалыптасқан жағдайда әрекет жасау тәртібін анықтауды шешім ретінде санауға болады.

Кейс-стади–әдісі бойынша қалыптасатын дағдылар:

1. Аналитикалық дағдылар. Оларға: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және тағы басқаларды жатқызуға болады. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз Кейс-стади әдісімен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Оған: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қатысушылардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа қажетті ақпараттар мен құралдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа нақты есеп даярлау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Мұнда мәселені талқылау барысында Кейс-стадиде нақты: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін-өзі ұстау және осы сынды әлеуметтік дағдылар қалыптасады.

6. Өзіндік саралау. Яғни, пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың

және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Мұнда, туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру талап етіледі.

Кейс-стади әдісінің маңызды ерекшелігі, оның басқа әртүрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады. Кестеде кейспен жұмысты ұйымдастыруда әртүрлі әдістермен үйлесу мүмкіндіктері берілген.

Сабак тиімді өту үшін оқушымен мен білім алушының белсенділік деңгейіне байланысты әзірлеген 9-сыныптың физика пәнінің мұғалімі Дүйсебай Өмірәлінің (іс-тәжірибесінен алынған) жұмыс жоспарын ұсынамыз.

Сабактың тақырыбы	Қолданылатын әдіс тәсілдер	7 модульді ықпалдастыру	Модульдің қолданылуы
Толқындық қозғалыс	Топтық жұмыс, сұрақ – жауап, миға шабуыл, логикалық тізбек, синквейн әдісі	АКТ, сын тұрғысынан ойлау, оқытудағы басқару, және көшбасшылық,	Білім алушыларға топтық тапсырма беру арқылы ынтымақтастық атмосфераны қалыптастырады. Өз ойларын еркін жеткізеді
Дыбыс. Дыбыс сипаттамалары	Топқа бөлу әдісі, Блум таксаномиясы, сын тұрғысынан ойлау әдісі, өзін-өзі реттеу, топтастыру стратегиясы, сатылай кешенді талдау	АКТ, сын тұрғыдан ойлау, оқытудағы басқару және көшбасшылық, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау	Диалогтік сөйлесуге, топтық тапсырмаға білім алушыларды қатыстырады.
Акустикалық резонанс. Дыбыстың шағылуы	Кластер, топтық жұмыс, кубизм әдісі, 6 қалпақ стратегиясы, ВЕНН диаграммасы, Джигсо әдісі, сатылай кешенді талдау	Дарынды бала мен жұмыс, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, сыни тұрғыдан ойлау	Білім алушылар жұптық, топтық тапсырма арқылы бір-бірін сабаққа тартады, шығарманы талдауға үйренеді.
Есептер шығару	«INSERT» стратегиясы, кубизм әдісі, ВЕНН диаграммасы, СКТ, миға шабуыл, кейс стади әдісі	Сын тұрғысынан ойлауға үйрету	Бір-бірін тындауға үйренеді, білім алушыларға жұптық, топтық тапсырма беру арқылы ойын ортаға салуын қалыптастырады.
Ультра дыбыс	«INSERT» стратегиясы, кубизм әдісі, ВЕНН диаграммасы, СКТ, миға шабуыл, кейс стади әдісі	Сын тұрғысынан ойлауға үйрету. АКТ. Дарынды балаларды оқыту. Оқытудағы көшбасшылық	Бір-бірін тындауға үйренеді, білім алушыларға жұптық, топтық тапсырма беру арқылы ойын ортаға салуын қалыптастырады

7-9-сыныптарға арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы жүзеге асуы үшін төмендегідей педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануды ұсынылады:

Тұжырымдамалар мен қорытындыларды эксперименталды дәлелдеуді қарастыратын зерттеу дағдыларын қалыптастыру және логикалық ойлауды дамыту;

Өздігінен жұмыс жасау икемділігі мен өзгермелі құбылыстарға

бейімделуге үйрету, атап айтқанда сыни мәселелерді шешу мен мәселелерді шешу үрдісінде жаңа ақпаратқа жауап беру және бейімделуге үйрету;

Теориялық модульдердің жұмыстарын түсінуді жақсарту үшін ойындар мен модульдерді қолдану;

Білім алушылардың өздерінің эксперименттерін жобалау мен жоспарлау арқылы физикадағы мәселелерді зерттеу;

Физикадағы заманауи проблемалар туралы ақпаратты (әртүрлі көздерден алынған) таңдау және алынған ақпаратты бағалау мен қорытындыларын білім алушыларға ұсыну;

Машина жүргізу, жылу техникасы, электртехникасы және радиотехникасы, электроника, прибор жасау сияқты техникалық ғылым мен пәндердің қатарынан бірқатар мәліметтерді пайдалану;

Жаратылыстану құбылыстарын сипаттау, түсіндіру және болжау.

Білім алушылар тәжірибе жұмыстары арқылы тұжырымдамалар мен қорытындыларды эксперименталды дәлелдеуді қарастыратын зерттеу дағдыларын қалыптастырады және логикалық ойлауды дамытады.

Физика пәні–тәжірибелер жасап, соның нәтижесіне сүйеніп, шешім қабылдайтын ғылым, сондықтан шығармашылық жаттығулар мен тапсырмалардың тиімді түрлерінің қатарына, қандай да бір құбылысты зерттеуге арналған, шығармашылық лабораториялық жұмыстар жатады. Тәжірибелік және алдын ала болжанған нәтижелердің сәйкес келуінің өзі білімге ынтаны арттырады, ізденіске талпындырады.

Оқыту процесінде лабораториялық жұмыстарды жасау теория мен практиканы байланыстырушы ретінде қарастырылады. Лабораториялық жұмыстарды орындау білім алушылардың эксперименттік және практикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, білім алушылардың танымдық қабілеттерін, әрі белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Алайда кез келген лабораториялық сабақты ұйымдастыруда бұл мақсаттар орындала бермейді. Егер білім алушылар мұғалімнің толық, нақты түсіндіруінен кейін, тек көрсетілген іс -қимылдарды қайталайтын болса, оларда қарапайым біліктер мен дағдылар қалыптасады.

Лабораториялық сабақтардың мақсаты білім алушылардың теория жүзінде алған білімдерін практикада қолдана білу, кәсіби міндеттерді орындай алуларына қажетті әдістерді таңдай және олардың тиімділігі мен сапасын бағалай білу, қажетті ақпараттарды өз беттерінше іздей білу дағдысын қалыптастыру, яғни бір сөзбен айтқанда білімді шығармашыл тұлға қалыптастыру болып табылады.

Лабораториялық жұмыстарды орындау барысында білім алушыларда әртүрлі құрал-жабдықтармен жұмыс істей білу, сондай-ақ зерттеушілік іскерліктері (бақылау, салыстыру, талдау, жалпылау, тәуелділікті тағайындау, қорытынды жасау, өз беттерінше зерттеу жүргізе білу, нәтижелерді рәсімдеу) қалыптасады.

7-9-сыныптарға арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында білім алушылардың практикалық іскерліктерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, алған теориялық білімдерін бекіту

мақсатында мәтіндік және эксперименттік есептерді шығару, құбылыстар мен процестерді компьютерлік моделдеу бойынша практикалық жұмыстар енгізілген. Бұл мектеп физика бағдарламасындағы өзгерістің бірі.


Арнаулы құралдардың көмегімен физикалық процестерді демонстрациялап көрсету және білім алушылардың өздерінің жасап, зерттеп, бақылауы физикалық оқу эксперименті деп аталады. Физикалық оқу эксперименті физиканы оқытудағы ең негізгі көрнекі құрал болып табылады. Өйткені оны пайдаланудың нәтижесінде физикалық ұғымдар (жылдамдық, үдеу, өріс, жарық дисперсиясы және тағы басқалар.) қалыптастырылады, құбылыстар арасындағы өзара байланыстар (күш пен масса, ток күші мен кедергі, жылудың механикалық эквиваленті) тағайындалады, физикалық заңдар (Ньютон, Ом заңдары және тағы басқалар) тексеріледі.

Мұғалімдер физика пәні бойынша өтілген тақырыпқа қатысты мәтіндік және эксперименттік есептерді орындау бойынша практикалық жұмыстарды жүргізгенімен, құбылыстар мен процестерді компьютерлік модельдеуге келгенде қиналады. Көбіне құбылыстар мен процестерді компьютерлік модельдеуге байланысты практикалық жұмыстарды өткізу сабақтарын есеп шығару сабақтарымен алмастырады. Ал бұл физикалық құбылыстар мен процестердің мәнін терең түсінуге, теориялық материалды толық игеруіне кері әсерін тигізеді.

Осы мәселелерді шешу мақсатына физика бағдарламасында көрсетілген практикалық жұмыстар бойынша әсіресе атомдық және ядролық физикадан тренажер тапсырмалар мен визуалды техникалық оқу құралын қолдануға болады. Астана қаласы Білім басқармасының әдіскері Нұртаева Қанымай Өзбекбайқызының «Фотоэффект құбылысы» бөлімшесіне әзірлеген сабағын ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы		Мұғалімнің аты-жөні: Күні:
9-сынып	Қатысқан білім алушылар саны:	Қатыспаған білім алушылар саны:
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	9.6.1.3 - фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру; 9.6.1.4 - фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану	
Сабақ нәтижесі	Білім алушылардың барлығы мынаны орындай алады: Фотоэффект құбылысының анықтамасы мен формуласын біледі. Сұраққа жауап береді. Білім алушылардың көбісі мынаны орындай алады: Фотоэффект құбылысына мысалдар келтіреді. Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Білім алушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.	
Тілдік күзiреттiлiк	Фотоэффект - фотоэффект - photoelectric effect Эйнштейн формуласы - формула Эйнштейна - Einstein's formula	

	Фотоэффектінің қызыл шекарасы - красная граница фотоэффекта - red border of photoelectric effect	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және АКТ, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Әдістер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Математика, қазақ тілі.	
Алдыңғы оқу	Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы.	
Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	Бағалау түрлері
Басталуы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі 2 минут</p> <p>Топтарға бөлу. «Қызыл – Жасыл - Сары»</p> <p>Үш түрлі түсті қағаздарды топ құрамындағы білім алушылар саны бойынша араластырып, білім алушыларға таратып беру керек. Сол арқылы топтарға бөлінеді.</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: 1 минут</p> <p>Барлығын ортаға шеңбер жасап тұрғызып,»Шаттық шеңбері» арқылы ынтымақтастық атмосферасын құрады. Білім алушылар бір - біріне жақсы тілектерін айтып, бүгінгі күнге сәттілік тілейді.</p>	<p>1-топ: «Эйнштейн» тобы</p> <p>2-топ: «Планк» тобы</p> <p>3-топ: «Столетов» тобы</p>
Жаңа білім 10 минут	<p>Білу және түсіну</p> <p>Білім алушыларға электр тізбегінің сұлбасын ұсынып, сұлба бойынша электр тізбегін құраушыларды атап өтуін сұрау. Сұлба бойынша катодқа түскен сәуленің әсерінен электр тізбегінде қандай өзгеріс болғанын сұрау.</p>  <p>Білім алушылар катодқа түскен жарықтың әсерінен электрондар ұшыпы шыққанын, амперметрдің тілшесі тоқ күшінің қандай да бір мәнін көрсететіндігін айтады.</p> <p>Сабақтың тақырыбы жарияланады. Тақырыптан кейін білім алушылар фотоэффектінің анықтамасын сұлбаға қарап өздері тұжырымдайды</p> <p>Білім алушыларға https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/kvanttyq-fizika/zharyq-kvanty/lesson/fotoehffekt-foton-foton-ehnergiyasy және https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/kvanttyq-fizika/zharyq-kvanty/lesson/fotoehffekt-foton-foton-ehnergiyasy сілтемелері арқылы фотоэффект құбылысы туралы видео көрсетіледі.</p>	Оқулық, мәтіндер, суреттер.



Білім алушылар фотоэффект құбылысы үшін Эйнштейн теңдеуін және электронның шығу жұмысының формуласын қорытады, талдайды


<p>Ортасы 10 минут</p>	<p>Қолдану Деңгейлік есептер шығару 1-топтың тапсырмасы: Калий үшін электронның шығу жұмысы 1,92 эВ. Калий үшін фотоэффектінің қызыл шекарасы қандай? ($c = 3 \cdot 10^8$ м/с, $h = 6,62 \cdot 10^{-34}$ Дж*с, $1\text{эВ} = 1,6 \cdot 10^{-19}$ Дж) 2-топтың тапсырмасы: Электрондардың вольфрамнан шығу жұмысы 4,50 ЭВ. Фотоэлектрондардың ең үлкен жылдамдығы 10^3 км/с болу үшін вольфрам бетіне түсірілетін жарықтың жиілігін тап. ($1\text{эВ} = 1,6 \cdot 10^{-19}$ Дж; $m = 9,1 \cdot 10^{-31}$ кг; $h = 6,64 \cdot 10^{-34}$ Дж.с) 3-топтың тапсырмасы: Толқын ұзындығы 450 нм сәуле әсерінен цинкте фотоэффект байқала ма? Цинктен электрондардың шығу жұмысын тап. ($A_{\text{ц}} = 4,2$ ЭВ; $h = 4,136 \cdot 10^{-14}$ ЭВ*с) Жеке жұмысқа тапсырма. Тест. 1. Фотоэффект дегеніміз не? А) Түскен жарықтың әсерінен заттан электрондардың ұшып шығу құбылысы. В) Түскен жарықтың әсерінен металдардан электрондардың ұшып шығу құбылысы С) Түскен жарықтың әсерінен сұйықтардан электрондардың ұшып шығу құбылысы D) жауаптардың бәрі дұрыс. 2. Фотоэффектіні зерттеп, заңдарын тағайындаған ғалым А) 1923 жылы Милликен. В) 1887 жылы Герц. С) 1905 жылы Столетов. D) жауаптардың дұрысы жоқ. 3. Фотоэффектінің заңдарының маңызы неде? А) фотоэффект процесіндегі энергияның сақталу заңы В) фотоэффект процесіндегі электрондардың қозғалысын түсіндіру болып табылады С) фотоэффект процесіндегі жарық кванттарының энергиясы мөлшерінің шектеулілігін көрсетеді D) фотоэффект процесіндегі энергияның қалай бөлінетіндігін дәлелдеп түсіндіретін заң.</p>	<p>Оқулық кабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер</p>
--------------------------------	---	--

5. Фотоэффектінің «қызыл шекарасы» дегеніміз не?
 А) жарық түссе де фотоэффект болмайтын толқын ұзындығы
 В) жарықтың әсерінен электрондардың ұшып шығатын жиілігі
 С) фотоэффект туғыза алатын ең аз жиілік шамасы
 D) жауаптардың бәрі дұрыс.
6. «Қанығу тогы» қай кезде пайда болады?
 А) 1 секундта катодтан ұшып шыққан электрондардың қозғалысы туғызатын ток
 В) түскен жарықтың әсерінен катодтан ұшып шыққан электрондар санын анықтайтын ток.
 С) катодқа түсетін жарық интенсивтілігінің берілген мәнінде фототоктың өсуі
 D) жауаптардың дұрысы жоқ.
7. Сыртқы фотоэффектінің маңызы неде?
 А) автоматты ойындар үшін қолданылады
 В) фотоэлементтерде қолданылады
 С) өдірісте, әртүрлі технологиялық процестерде, фоторелелерде - әскери істерде қондырғыларды автоматты түрде ағытып, іске қосып отыруға қолданылады
 D) жауаптардың бәрі дұрыс
8. Фотон деп нені айтамыз?
 А) Әрбір жарық кванты бір бөлшек болып табылады, оны фотон деп атаймыз.
 В) бір порция энергиясы $h\nu$ -ға тең элементар бөлшек, оны фотон деп атаймыз.
 С) жарықтың бөлшектік қасиетін дәлелдейтін бір квант - фотон деп аталады
 D) жауаптардың бәрі дұрыс.
3. Фотоэффектінің I заңы қалай тұжырымдалады?
 А) әр металл үшін фотоэффектінің қызыл шекарасы, яғни одан төменгі жиілікте фотоэффект байқалмайтын ең аз жиілік бар - ν_{\min} .
 В) қанығу фототок күші түскен жарықтың интенсивтілігіне пропорционал өседі, бірақ жарықтың жиілігіне тәуелді емес.
 С) фотоэлектрондардың максимал жылдамдығы түскен жарықтың интенсивтілігіне тәуелді емес, ол тек жарықтың жиілігіне тәуелді.
 D) жауаптардың бәрі дұрыс.
- Жұптық жұмысқа тапсырма.

Кестені толтырыңыз.

Фотоэлектрондардың максимал энергиясы [10 – 19 Дж]	Электрон-вольтпен есептегендегі энергия [эВ]	Кернеу мәні [В]
<input type="text"/>	2	<input type="text"/>
<input type="text"/>	1,5	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	5
4,16	<input type="text"/>	<input type="text"/>

№ 2 жұптық тапсырма.

Сәйкестендіру								
<p>1. Фотоэффект дегеніміз не? 2. Фотон дегеніміз не? 3. Квант дегеніміз не? 4. Кванттық теорияның негізін қалаған кім? 5. Фотоэффект құбылысын ашқан кім? 6. Фотоэффект заңдарын ашқан кім? 7. Фотоэффект теориясын жасақтаған кім?</p> <p>1. Жарық бөлшегі 2. Макс Планк 3. А.Г.Столетов 4. А.Эйнштейн 5. Жарық әсерінен зат бетінен электрондардың ыршып шығуы 6. Энергия үлесі 7. Генрих Герц</p> <p>Талдау Білім алушылар «Фотоэффектінің қолданылуы» тақырыбында планшеттерді пайдаланып, қызықты мәліметтермен бөліседі.</p> 								
Сергіту сәті 2 минут	Әнге би билеп, сергіту жаттығуларын орындау.	видеожазба						
Аяқталуы Сабақты бекіту 10 минут	<p>БББ кестесі</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 33%;">Білгенім</th> <th style="width: 33%;">Білдім</th> <th style="width: 33%;">Білгім келеді</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="height: 30px;"></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Білгенім	Білдім	Білгім келеді				«БББ» кестесі
Білгенім	Білдім	Білгім келеді						
Бағалау 5 минут Кері байланыс 3 минут	<p>Бағалау. Әр топ келесі топты бағалайды. Кері байланыс «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы білім алушылар алған білімдері мен сабақтан алған әсерлерін сәйкес түстерге байланысты қызыл, сары және жасыл стикерлерге жазып, ағашқа жабыстырады.</p> 	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, табыс ағашына жабыстырады.						
Қосымша ақпарат								
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары білім алушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау - Білім алушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс						
Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін білім алушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?		Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.						

Қорытынды бағамдау
 Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
 1:
 Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
 1:
 Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген білім алушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

Атомдық және ядролық физикадан лабораториялық және практикалық сабақтарды ұйымдастыру физикалық құбылыстардың мәнін түсінуге, білім алушылардың эксперименттік біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Лабораториялық жұмыстарды орындауға қажетті құрал-жабдықтар болмаған жағдайда оларды көрсетілімдермен немесе электрондық нұсқалармен алмастыруға болады.

Лабораториялық жұмыстарды орындауға арналған сабақты оның мақсаты мен мазмұнына байланысты әртүрлі етіп құруға болады. Қазіргі уақытта лабораториялық жұмыстарды орындауға байланысты сабақтарды өткізудің кең тараған схемасын ұсынуға болады: кіріспе әңгіме, экспериментті білім алушылардың орындауы және өлшеу нәтижелерін дұрыстау, жұмыстың қорытындысын шығару.


Практикалық жұмыстардың негізгі мақсаты білім алушыларға теориялық білімді терең меңгеріп, эксперимент жасау дағдыларын дамыту.

Практикалық жұмыстарды жүйелі түрде орындау – анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, оқытудағы теория мен практиканың байланысы, білім алушылардың дербестілігі мен танымдық күшінің дамуы сияқты ойлау амалдарын меңгерудің маңызды құралы. Осы сабақтарда білімді бекітуге және нақтылауға себепші болады. Мазмұны мен тәсілдері оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты өткізіледі. Осы әдіс білім алушылардың әртүрлі іс-әрекеттерінде қолданылады.


Алматы қаласы №172 мектеп-гимназиясының мұғалімі Джакупова Жәмиля Орынбасарқызының күнделікті сабақ жоспарын ұсынамыз. 8-сынып.

Сабақтың тақырыбы: Практикалық жұмыс: Электр тогын есептеу		Мұғалімнің аты-жөні: Күні:
Сынып	Қатысқан білім алушылар саны:	Қатыспаған білім алушылар саны:
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	8.1 Электр тізбегі және оның құрамды бөліктерін білу және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін анықтай білу; 8.2 Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғаудың ерекшеліктерін түсіну және жалғай білу; 8.3 Электр тогының қуаты мен жұмысын есептей білу; 8.4 Оларға үй-тұрмыс жағдайынан мысалдар келтіру; 8.5 Үйдегі энергия мөлшері мен құнын есептей білу; 8.6 Электр тізбегіне есептер шығара білу	
Сабақ мақсаты	<i>Білім алушылардың барлығы мынаны орындай алады: Электр құралдарының шартты белгісін таниды және не үшін қолданылатынын біледі. Сызбасына қарап қарапайым тізбекті құрай алады. Амперметр мен вольтметрдің көрсеткіштерін жазады және Ом заңын қолданып тізбектің жалпы кедергісін</i>	

	анықтай алады. Формулаларды жатқа біледі және есеп шығаруда қолдана алады. Ток күші, кернеу, кедергі, токтың қуатымен жұмысын есептей алады. <i>Білім алушылардың көбісі мынаны орындай алады:</i> Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Амперметр мен вольтметрді дұрыс жалғайды. Суреттерден өткізгіштердің параллель немесе тізбектей жалғанғанын ажырата алады. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. <i>Білім алушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</i> Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. Күрделі тізбектерді құрастырады. Формулаларды түрлендіріп, есеп шығара алады.	
Құндылықтарды дарыту	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу	
Бағалау критерийі	Электр құралдарымен жұмыс істей алады; Тізбек құрайды; Формулаларды жатқа біледі және есеп шығаруда дұрыс қолдана алады; Үй-тұрмыс жағдайында электр тізбегінің жалғану ерекшеліктерін түсінеді және мысалдар келтіре алады; Үй-тұрмыс жағдайында энергия мөлшері мен құнын есептей алады.	
Тілдік күзінет	Электр құралдары, өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау, тізбек бөлігі үшін Ом заңы, токтың жұмысы мен қуаты, тариф.	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және лабораториялық жұмысқа арналған құралдар, топтық тапсырмалар, кері байланыс құралы, слайд, bilimland.kz материалдары.	
Әдістер	Жеке, жұптық, топтық тапсырмалар, сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, тәжірибе жасау, сергіту, топқа бөлу, зерттеу.	
Пәнаралық байланыс	Математика, қазақ тілі.	
Алдыңғы оқу	Қыздыру шамдары. Электрқыздырғыш құралдар. Қысқа тұйықталу. Балқымалы сақтандырғыштар.	
Сабактың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабак барысы	ресурстар
Ұйымдастыру Басталуы 3-4 минут	<p>Сәлемдесу. Сынып реттілігін қадағалау. Білім алушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. <u>Топқа бөлу : «Электр құралдары» топқа бөлінеді.</u></p>  <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: Топтар қол ұстасып тізбек құрады. Мұғалім: Жарықты қалай күшейтуге болады? Білім алушылар жауабы: - Мұғалім: Олай болса бізде бірлесе жұмыс жасап, энергияны үнемдеу жолдарын жақсылап меңгеріп, еліміздің экономикасын көтеруге ат салысайық! Топтарға бағалау парақшасын таратылады.</p>	<p>1-топ: «Ампер» тобы 2-топ: «Вольта» тобы 3-топ: «Ом» тобы 4-топ: «Реостат» тобы</p> <p>Бағалау парақшасы.</p>

	Топтың аты	Үй тапсырмасы	№1 тапсырма «семантикалық карта»	№2 тапсырма «тізбек-эстафетасы»	№3 тапсырма «Кім жылдам?» «(есеп шығау)»	№4 тапсырма «Тізбек құрау»	№5 тапсырма Эксперименттік есеп (R _{жк} жалпы кедергі есептеу)	№6 тапсырма «Суретпен жұмыс»	Топтың жалпы ұпайы		Ыстық орындық											
Үй тапсырмасын сұрау-тақта мен жұмыс. (білу) (3 минут)	<p>Критерийі:</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>критерийі</th> <th>дескрипторы</th> <th>қалыптастырушы баға: (ұпаймен)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.</td> <td>Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшері мен құнын есептейді.</td> <td>5</td> </tr> <tr> <td>Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.</td> <td>Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, құнын есептейді, бірақ аздаған қателіктер жібереді</td> <td>4</td> </tr> <tr> <td>Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.</td> <td>Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, құнын есептей алмайды</td> <td>3</td> </tr> </tbody> </table>									критерийі	дескрипторы	қалыптастырушы баға: (ұпаймен)	Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшері мен құнын есептейді.	5	Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, құнын есептейді, бірақ аздаған қателіктер жібереді	4	Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, құнын есептей алмайды	3	Тақта, бор (білім алушылар үй тапсырмасын тақтада орындап көрсетеді)
критерийі	дескрипторы	қалыптастырушы баға: (ұпаймен)																				
Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшері мен құнын есептейді.	5																				
Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, құнын есептейді, бірақ аздаған қателіктер жібереді	4																				
Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, құнын есептей алмайды	3																				
2-бөлім (қолдану, талдау) 18 минут Топтық жұмыс	<p>№2 Тапсырма « тізбек -эстафета» Тізбек бойынша бойынша анықталған физикалық шама келесі есептің бастамасы болады. Барлығы 5 есеп.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>критерийі</th> <th>Дескрипторы:</th> <th>Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Формуласын жазу; Мәнін есептеу; Орнына дұрыс қою.</td> <td>Критерий толық орындалды Критерий жартылай орындалды Мүлде орындалмады</td> <td>2 1 0</td> </tr> </tbody> </table>  <p>№3 тапсырма «Тізбек құру» (Топтан екі білім алушы құрады).</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>критерийі</th> <th>Дескрипторы:</th> <th>Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>- берілген құралдарды және электр тізбегінің сызбасын пайдаланып тізбек құрау; - құралдардың көрсетулерін жазу; - топтар бір-бірінің тізбектерін тексеріп, бағалау.</td> <td>Критерий толық орындалды Тізбек дұрыс құралды, аспаптардың мәнін дұрыс жазбады Тізбек құрауда қате жіберді Басқа топтың жұмысын дұрыс тексереді</td> <td>10 Әр қате үшін 2 ұпай алынып тасталады Әр қате үшін 3 ұпай алынып тасталады 2</td> </tr> </tbody> </table>									критерийі	Дескрипторы:	Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)	Формуласын жазу; Мәнін есептеу; Орнына дұрыс қою.	Критерий толық орындалды Критерий жартылай орындалды Мүлде орындалмады	2 1 0	критерийі	Дескрипторы:	Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)	- берілген құралдарды және электр тізбегінің сызбасын пайдаланып тізбек құрау; - құралдардың көрсетулерін жазу; - топтар бір-бірінің тізбектерін тексеріп, бағалау.	Критерий толық орындалды Тізбек дұрыс құралды, аспаптардың мәнін дұрыс жазбады Тізбек құрауда қате жіберді Басқа топтың жұмысын дұрыс тексереді	10 Әр қате үшін 2 ұпай алынып тасталады Әр қате үшін 3 ұпай алынып тасталады 2	Сурет есеп Топтық жұмысты басқа топтар бағалайды.
критерийі	Дескрипторы:	Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)																				
Формуласын жазу; Мәнін есептеу; Орнына дұрыс қою.	Критерий толық орындалды Критерий жартылай орындалды Мүлде орындалмады	2 1 0																				
критерийі	Дескрипторы:	Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)																				
- берілген құралдарды және электр тізбегінің сызбасын пайдаланып тізбек құрау; - құралдардың көрсетулерін жазу; - топтар бір-бірінің тізбектерін тексеріп, бағалау.	Критерий толық орындалды Тізбек дұрыс құралды, аспаптардың мәнін дұрыс жазбады Тізбек құрауда қате жіберді Басқа топтың жұмысын дұрыс тексереді	10 Әр қате үшін 2 ұпай алынып тасталады Әр қате үшін 3 ұпай алынып тасталады 2																				
										Шам, желдеткіш, амперметр, вольтметр, реостат, кілт, ток көзі, жалғағыш сымдар, қағаз, қалам.												

Алдыңғы тапсырманың мәліметін пайдаланады.



№4 тапсырма «Есепші» <https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/ehlektrodinamika/turaqty-ehlektrotogy>

Берілген құрылғының жұмысы мен күшін анықтау, содан кейін есептелген жұмыс көлемінің құрылғының жұмыс уақытын есептеу үшін қолдану.

Компьютер
Қуаты: 300 Вт
Жұмыс уақыты: 8 сағат

Көрсетілген уақыт кезінде, құрылғы арқылы өтетін ток жұмыс көлемі кВт сағ = кДж тең. Егер құрылғы арқылы өтетін ток істеген жұмыс 1,8 кВт сағ болса, құрылғы сағат жұмыс істейді.

Шам
Қуаты: 60 Вт
Жұмыс уақыты: 6 сағат

Көрсетілген уақыт кезінде, құрылғы арқылы өтетін ток жұмыс көлемі кВт сағ = кДж тең. Егер құрылғы арқылы өтетін ток істеген жұмыс 1,8 кВт сағ болса, құрылғы сағат жұмыс істейді.

Дирекциялық
Қуаты: 72 Вт
Жұмыс уақыты: 1 сағат

Көрсетілген уақыт кезінде, құрылғы арқылы өтетін ток жұмыс көлемі кВт сағ = кДж тең. Егер құрылғы арқылы өтетін ток істеген жұмыс 1,8 кВт сағ болса, құрылғы сағат жұмыс істейді.

Шамсорғыш
Қуаты: 1200 Вт
Жұмыс уақыты: 15 минут

Бөлмедегі электр құралдарының жалғануы көрсетілген сурет.


4 түрлі үй тұрмыс құралдарының энергия мөлшері мен құнын есептеу

критерийі	Дескрипторы:	Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)
Тұрмыста қолданылып жүрген электр аспаптарының энергия мөлшері мен құнын есептей білу.	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшері мен құнын есептей біледі.	5
	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, бірақ аздаған қателіктер жібереді	4
	Үй-тұрмыс техникасының энергия мөлшерін есептейді, құнын есептей алмайды	3

№5 тапсырма «Эксперименттік есеп»

№3 тапсырманың мәліметтерін пайдаланып, шамның немесе желдеткіштің кедергісін анықтау.

критерийі	Дескрипторы:	Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)

	Әр шамның немесе желдеткіштің кедергісін анықтау	Дұрыс анықтайды Анықтай алмайды	3 0	
Сергіту сәті 1-2 минут (жинақтау) топтық жұмыс 5 минут	Сергіту сәті ойын «Сөз тізбегі» Білім алушылар тек физикалық терминдерді пайдаланып сөзбен жарысады. Мысалы: Ток-кернеу-уақыт-тығыздық-.... №6 тапсырма «Суретпен жұмыс» Суреттегі тізбекте қанша параллель және қанша тізбектей жалғаулардың бар екенін анықтау			
	критерийі	Дескрипторы :	Қалыптастырушы баға: (ұпаймен)	
	Суреттегі тізбекте қанша параллель және қанша тізбектей жалғаулардың бар екенін анықтау		Ұпай саны жалғаулар санымен анықталады.	
	Үй тұрмыс техникалары қалай жалғанған?			
				
Аяқтауы (бағалау) Сабақты бекіту 3 минут	Ой қорыту - кері байланыс - Электр шамдары мен үй-тұрмыс техникаларының тиімді және тиімсіз жақтарына тоқталу - Бағалау парақшасы бойынша ұпайларын жариялау - Жұлдыз санына байланысты бағалау. 3-жұлдыз – «5» 1-2 жұлдыз – «4» Жұлдызы жоқ білім алушы – «3»			слайд
Рефлексия 2 минут	екі жұлдыз, бір тілек. Әр топ білім алушылары өз жұлдызшаларын өз тобындағы жақсы қатысқан білім алушыға береді.		Сабақтан алған әсерлерін ауызша айтады.	
Үй тапсырмасы	Bilimland.kz – физика-электродинамика-тұрақты ток- ток көздері		Компьютер, интернет	

Практикалық жұмысты білім алушылар орындау үшін алдымен теориялық білім алғаннан кейін ғана кірісе алады. Бұл білім алушының алдымен теориялық білімді терең меңгеріп, жасалған жұмыстың нәтижесін дұрыс түсінуіне мүмкіндік береді.

Жұмыстың тақырыбы, мақсаты, зерттеу объектісі, қажетті құрал-жабдықтары практикалық және лабораториялық дәптерлеріне жазылып, қорытындыланады. Шынында атомдық және ядролық құбылыстарды оқытуда практикалық және лабораториялық жұмыстар жасау мектеп жағдайында мүмкін емес. Сондықтан есеп шығаруға, атомдық және ядролық құбылыстарды компьютерлік моделдеу көмегімен көрсетуге айрықша көңіл аударған жөн.

Оқу процессінде білім алушылар өздері байқап көре алатын көрсетілімдер, эксперименттер, қарапайым зерттеулер кеңінен пайдалануы тиіс.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың оқу үрдісінде қалай білім алуды үйренуді білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, анализ жасай алатын білім алушыны тәрбиелеу қағидасын ұстанады.

Мұғалімдер білім алушылардың бойында осы қасиеттерді әртүрлі оқыту стратегиялары арқылы қалыптастырады және дамытады деп күтілуде. Олардың ішіне мыналар кіреді:

білім алушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың алдында меңгерген білімдері мен түсініктерін дамыту үшін оны қолданудың маңыздылығын мойындау;

жүйелі түрде іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыру және ауқымды оқыту;

міндеттерді шешу әдіс - тәсілдерін білім алушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету;

білім алушылардың білім алуын бағалау арқылы қолдау;




білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс – тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуды марапаттау;

білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту;

сынып жұмысының жеке, топтық және жалпы сыныптық үйлесімді барлық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Үлгі ретінде Астана қаласы №49 орта мектептің мұғалімі Оразбаева Жамал Такенқызының қысқа мерзімді жоспарын ұсынамыз.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:		Мектеп:	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 9 сынып		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	9.2.3.1 дене импульсі мен күш импульсін ажырату; 9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Жаңа білімді түсінеді, оқулықтағы тапсырмаларды орындайды		
Сабақ мақсаттары	Дене импульсі және импульстің сақталу заңы жайлы мағлұмат алады. Дене импульсі және импульстің сақталу заңының формуласын есептер шығаруға қолдана біледі. Импульстің сақталу заңын күнделікті тұрмыста қолдана білуге үйренеді.		
Жетістік критерийлері	Барлық білім алушылар: Сақталу қасиеті бар физикалық шамалар және тұйық жүйе туралы түсінікті біледі. Импульстің сақталу заңын тұжырымдайды. Білім алушылардың басым бөлігі: Дене және күш импульстерінің физикалық мағынасы, бағыты, формула арқылы өрнектеуді, өлшем бірлігін біледі. Кейбір білім алушылар: Дене және күш импульстерінің арасындағы байланысты түсінеді. Ньютонның екінші заңын импульстік түсінік тұрғысынан өрнектеуді орындайды.		

Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Дене импульсі, күш импульсі, соққы, серпімді соққы, серпімсіз соққы. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Импульстер ережесін, тұйық жүйедегі импульс заңын айтады.		
Құндылықтарды дарыту	Топтастыру арқылы білім алушыларды бірлікке тәрбиелеу Бірлесіп жұмыс жасау арқылы ұйымшылдыққа баулу		
Пәнаралық байланыстар	Математика, астрономия		
АКТ қолдану дағдылары	Слайдтар, интербелсенді тақта,		
Бастапқы білім	Динамика негіздері		
Сабақ барысы			
Сабақтың кезеңдері	жоспарланған	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Білім алушыларға ынтымақтастық атмосфера қалыптастыру</p> <p>«Кездесу» ойыны. Әуен ойнап тұр. Білім алушылар екі шеңбер құрап, қарама-қарсы айналады. Әуен тоқтаған кезде бір-біріне қарап баланың қасиетін айтады.</p> <p>Топқа бөлу</p> <p>Топқа бөлу фигуралар арқылы.</p> <p>I-шеңбер </p> <p>II-төртбұрыш </p> <p>III-үшбұрыш </p> <p>«Ой салу» Қызығушылықты ояту, топқа бөлу.</p> <p>1. Неліктен хоккейде қорғанушыны салмақтылау, ал шабуылшыны жеңілдеу әрі ептілеу болатындай етіп таңдайды?</p> <p>2. Оқ қалқанын садақтан атылған оқ теспейді, ал мылтықтан атылған оқ теседі. Неге?</p>		<p>әуен, аудио</p> <p>фигуралар</p> <p>Слайд</p>
Сабақтың ортасы 7 мин	<p>Топтық жұмыс</p> <p>Жұптас-топтас-бөліс әдісі бойынша әр топ өзіне берілген экспериментті жасап көрсетіп, оны басқа топтарға түсіндіріп береді.</p> <p>I топ. Екі жеңіл арбашаларды соқтығысуы</p> <p>II топ. Екі металл шариктердің соқтығысуы</p> <p>III топ. Роликті конькиде баланың сырғанауы</p> <p>Қ. Мұғалім дұрыс тұжырым жасаған топ жауабына назар аударады. «От шашу» әдісімен топтар бірін-бірі бағалайды.</p> <p>М. Күш пен оның әрекет ету уақытының көбейтіндісі күш импульсі деп аталады. Күш импульсі: $\vec{I} = \vec{F} \cdot t$; өлшем бірлігі Н·с</p> <p>Дененің массасы мен оның қозғалыс жылдамдығының көбейтіндісіне тең болатын физикалық шаманы дене импульсі деп аталады.</p> <p>Дене импульсі: $p = m \cdot v$; өлшем бірлігі кг·м/с</p>		<p>Жеңіл арбашалар, металл шариктер, роликті коньки</p> <p>слайд</p>
10 мин			

$$a = \frac{g - g_0}{\Delta t}$$

$$F = ma$$

$$F = m \frac{(g - g_0)}{\Delta t}$$

$$F \cdot \Delta t = m g - m g_0$$

$$F \cdot \Delta t = p - p_0$$

$$\Delta p = F \Delta t$$

Дене импульсінің өзгерісі күш импульсіне тең.

Тұйық жүйе деп сыртқы күштер әрекет етпеген жағдайда жүйеге енетін денелер бір-бірімен ішкі күштер арқылы ғана әрекеттесетін жүйені айтады.

Ипульстің сақталу заңы: жүйе ішінде туындайтын өзара әрекеттесулер нәтижесінде тұйық жүйенің қосынды импульсі өзгермейді. $m_1 v_1 + m_2 v_2 = m_1 v'_1 + m_2 v'_2$ немесе

$$P_1 + P_2 = P'_1 + P'_2$$

Соққының түрлері:

Абсолют серпімсіз соққы - нәтижесінде екі дене бір ғана дене болып қалады. $m_1 v_1 + m_2 v_2 = v (m_1 + m_2)$;

$$v = \frac{m_1 v_1 + m_2 v_2}{m_1 + m_2}$$

Абсолют серпімді соққы - нәтижесінде екі дене екі жаққа ұшып кетеді. $m_1 v_1 + m_2 v_2 = m_1 v'_1 + m_2 v'_2$

Жұптық тапсырма

Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Мылтықтан атқанда неге кері серпілу болады?
2. Массасы әртүрлі екі вагон бірдей жылдамдықпен қозғалады. Егер бірдей күшпен қозғалысқа қарсы әсер етсе, вагондардың жылдамдығы қалай өзгереді?
3. Реактивті самолет бірқалыпты түзу сызықты жоғары көтеріліп ұшып барады. Оның импульсі осы жағдайда өзгере ма?
4. Массасы 1,5 кг болатын дене 2,5 м/с жылдамдықпен қозғалғандағы импульсін табыңдар?

Кесте толтырып, айтып беріңіздер

импульс □ түрлері	
ұқсастығы	
айырмашалағы	

Тақтада дұрыс жауаптар көрсетіледі.

Қ. «Түрту» әдісі бойынша жұптар бірін-бірі бағалайды.

Бағалау критерийі білім алушы импульстің сақталу заңын есептер шығаруға қолдана алады.

Дискриптор: білім алушы

- есеп берілуін дұрыс түсініп, шартын жаза алады;
- есепке қажетті формуланы табады;



3-4 мин

қима
қағаздары

слайд,
қима
қағаздары

	<p>- импульс заңы формуласынан белгісіз физикалық шаманы табады. Жеке тапсырма. <u>Деңгейлік есептер</u> I деңгей. 6 м/с жылдамдықпен жүгіріп келе жатқан массасы 60 кг адам, 3 м/с жылдамдықпен қозғалып келе жатқан массасы 40 кг арбаны қуып жетіп, оған секіріп мінеді. Адам мінгеннен кейінгі арбаның жылдамдығы қандай? $v_1 = 6 \text{ м/с}$ $m_1 v_1 + m_2 v_2 = v (m_1 + m_2)$ $m_1 = 60 \text{ кг}$ $v = \frac{m_1 v_1 + m_2 v_2}{m_1 + m_2} = \frac{60 \cdot 6 + 40 \cdot 3}{60 + 40} = 480/100 = 4,8$ м/с $v_2 = 3 \text{ м/с}$ $m_2 = 40 \text{ кг}$ $v = ?$</p> <p>II деңгей. Екі арбашаның ортасындағы иілген темірді шешкенде екі арбаша екі жаққа қарай 2 м/с^2 және 1 м/с^2 үдеумен қозғалады. Біреуінің массасы 1 кг болса, екіншісінің массасы қандай болады? $v = 0$ $v (m_1 + m_2) = m_1 v_1' + m_2 v_2'$ $v_1' = 2 \text{ м/с}$ $- m_1 v_1' = m_2 v_2'$ $v_2' = 1 \text{ м/с}$ $m_2 = \frac{m_1 v_1'}{v_2'} = \frac{1 \cdot 2}{1} = 2 \text{ м/с}$ $m_1 = 1 \text{ кг}$ $m_2 = ?$</p> <p>III деңгей. Горизонталь бағытта $v_0 = 10 \text{ м/с}$ жылдамдықпен ұшып келе жатқан граната екіге бөлініп кетті. Оның бір бөлігінің массасы 1 кг, ал екіншісінікі 1,5 кг. Екінші бөлігі бұрынғы бағытпен 25 м/с жылдамдықпен ұшты. Бірінші бөлігінің жылдамдығы мен ұшу бағытын табыңдар. $v = 10 \text{ м/с}$ $v (m_1 + m_2) = m_1 v_1' + m_2 v_2'$ $m_1 = 1 \text{ кг}$ $m_1 v_1' = v (m_1 + m_2) - m_2 v_2'$ $m_2 = 1,5 \text{ кг}$ $v_2' = 25 \text{ м/с}$ $v_1' = \frac{v (m_1 + m_2) - m_2 v_2'}{m_1} = \frac{10 (1 + 1,5) - 1,5 \cdot 25}{1} =$ 62,5 м/с $v_1' = ?$</p> <p>Қ. «Мадақтау» әдісі бойынша мұғалім бағалайды.</p>																	
<p>Сабактың соңы 5 мин.</p>	<p>Сәйкестікті тап:</p> <table style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%;">$m_1 v_1 + m_2 v_2$</td> <td style="width: 50%; text-align: center;">$P_1' + P_2'$</td> </tr> <tr> <td>ΔP</td> <td style="text-align: center;">$F \cdot t$</td> </tr> <tr> <td>a</td> <td style="text-align: center;">$m \cdot v$</td> </tr> <tr> <td>F</td> <td style="text-align: center;">$m \cdot v + m \cdot v_0$</td> </tr> <tr> <td>$F \cdot \Delta t$</td> <td style="text-align: center;">$F \cdot \Delta t$</td> </tr> <tr> <td>P</td> <td style="text-align: center;">$\frac{v - v_0}{\Delta t}$</td> </tr> <tr> <td>I</td> <td style="text-align: center;">ma</td> </tr> <tr> <td>$P_1 + P_2$</td> <td style="text-align: center;">$m_1 v_1' + m_2 v_2'$</td> </tr> </table> <p>Қ. Дәптер алмасып, слайд бойынша дұрыс жауаппен</p>	$m_1 v_1 + m_2 v_2$	$P_1' + P_2'$	ΔP	$F \cdot t$	a	$m \cdot v$	F	$m \cdot v + m \cdot v_0$	$F \cdot \Delta t$	$F \cdot \Delta t$	P	$\frac{v - v_0}{\Delta t}$	I	ma	$P_1 + P_2$	$m_1 v_1' + m_2 v_2'$	<p>Слайд, сәйкестік жауабы</p>
$m_1 v_1 + m_2 v_2$	$P_1' + P_2'$																	
ΔP	$F \cdot t$																	
a	$m \cdot v$																	
F	$m \cdot v + m \cdot v_0$																	
$F \cdot \Delta t$	$F \cdot \Delta t$																	
P	$\frac{v - v_0}{\Delta t}$																	
I	ma																	
$P_1 + P_2$	$m_1 v_1' + m_2 v_2'$																	

2 мин	салыстырады, дәптерге «+,- » қойылады. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі білім алушылар және мұғалім өткізеді. Кері байланыс «бағалау ағашы» тәсілі, әр білім алушы өзінің есімін жабыстыратын қағазға жазады. Алма-түйгенім өте көп, сабақ маңызды болды, Гүл-көп нәрсені түсіндім, маған пайдалы болды, Жапырақ – түсінбегенім бар оқуым керек. Үй тапсырмасы 19-20 тақырып, сұрақтарға жауап беру, 17 жаттығу есептерін шығару Сөзжұмбақ құрастырып келу тақырыбы «импульстің сақталу заңы»	Бағалау ағашы
Саралау–білім алушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары білім алушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Топтық жұмыс кезінде әр баланың деңгейі бойынша тапсырмаларды деңгейге бөліп беремін. АКТ қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылығы артады. Білім алушылар ережелерді тұжырымдау арқылы тілдік дағдылары дамиды.	Бағалау кезінде білім алушылар бірін бірі топпен, жеке бағалайды. «Бас бармақ», «Мадақтау», «От шашу», «Жұлдызша», «Бағалау ағашы» әдістерін қолдандым. Kahoot тест тапсырмасы арқылы білім алушылардың білім деңгейі анықталды.	Қозғалыс сергіту сәтінде қолданылады. Топқа бөлу кезінде қауіпсіздік ережесі ескертілді.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Білім алушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген білім алушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		

Жоғарыда ұсынылған қысқа мерзімді сабақ жоспарынан «тілдік мақсаттар» деген бөлімді көресіздер. Бұлда жанартылған мазмұнындағы бағдарламаның басты ерекшелігі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында пән мұғалімдері тілдік дағдыларды дамыту үшін үштұғырлы тіл саясатының жүзеге асуын қолдауы керектігіне назар аударуы қажет. Пәнді меңгерту мақсатында мұғалімдер белгіленген пәнге сай білім алушылардың «ғылыми тілін»

дамытады. Бұл өз кезегінде әр сабаққа арналған тілдік мақсаттарды қамтиды. Пән мұғалімдері білім алушылардың ғылыми тілді қолдануына назар аударуы және олардың тілдік жетістіктерін бағалауына қолдау көрсетуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалімдер білім алушыларда бай ғылыми тіл қалыптастыру мақсатында диалог пен жазылымға қажетті тіркестерден тұратын жүйелі тілдік қолдауды жүзеге асыруы керек[4].

Тілдік мақсаттар ғылыми тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Ғылыми тілді оқып үйренуді қолдау үшін оқытушыларға оқу жоспарларына мынадай тілдік мақсаттарды қосу ұсынылады:

Білім алушылардың назарын ғылыми тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология мен тіркестері бар лексика);

Сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін қалыптастыру (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестері);

сабақ барысында лексиканы, оның ішінде терминология мен тіркестерді орынды пайдалану үшін оларды алдын ала оқыту кезеңінде тиімді қолдану;

білім алушылардың тілдік дағдының төртеуін де түрлі әрекеттерде (мысалы, оқылым-тыңдалым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым, тыңдалым-жазылым және тағы басқа) әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолдану;

білім алушыларды пікірталас, диалогтарға тарту (мысалы, білім алушылардан қысқа жауаптарды қабылдамау және жауаптары тек білімді ғана көрсететін сұрақтар қоймау; білім алушыларды өз білімін нәтижелі талқылау үшін пайдалануға ынталандыру, сондай-ақ білім алушылар диалогқа қатыса алуы үшін қажет бай сөздік қормен қамтамасыз ету);

белгілі бір тілге тән дағдыларды дамыту (мысалы, қажетті мәліметті алу үшін тыңдау, түсіндіру, металингвистикалық және метакогнитивтік танымды дамыту, басқа сөзбен айту, сөздікпен жұмыс істеу дағдылары);

тіл туралы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (мысалы, тілдерді салыстыру, білім алушылардың тілді барынша нақты пайдалануға ынталандыру, тілді меңгерудегі жетістіктерін бағалау);

сабақтың басында тілдік мақсатты белгілеу, сабақтың соңында осы мақсат бойынша қол жеткізілген жетістіктерді талқылау.

Оқыту үрдісінде білім алушылардың тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмалардың төменде үлгілері берілген:

Алдын ала дайындалған сұрақтар бойынша белгілі бір тақырыпта физик-энергетик сияқты маманмен сұхбат.

Сұхбат, лабораториялық жұмыс нәтижесін ауызша ұсыну.

Командадағы жұмыс нәтижелерін талқылау, мысалы, бірлескен лабораториялық жұмыс уақыты барысында бақыланатын құбылыстар бойынша білім алушылар арасында идеялармен алмасу.

Топта тапсырмаларды тарату, өзара оқыту.

Тыңдай білуді талап ететін сұрақтарды талқылау және белгілі тақырыпқа пікірлерін білдіру.

Білім алушы белгілі бір тақырыпты талқылау барысында тақырыпқа байланысты мәселені табады және оны талқылайды.

«Физика» пәнін оқыту процессінде оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

Әдебиетпен (ғылыми және энциклопедиялық әдебиет) жұмыс жасау, мысалы, сұхбатқа сұрақ дайындау үшін; ғылыми сұраққа жауап іздестіру үшін.

Интернет ресурстармен, мерзімді әдебиетпен (ғылыми журналдар, газеттер) жұмыс, мысалы, белгілі бір тақырыпқа немесе ғылыми көзқарастарын кеңейту үшін презентация дайындау және өткізу.

«Физика» пәнін оқыту процессінде білім алушыларда жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

Сұхбат қорытындысы бойынша есеп жазу, мысалы, физик-энергетикпен сұхбат.

Ақпаратты сызба, схема, кесте, график түрінде ұсыну.

Жобалық-зерттеу жұмыстары бойынша есеп жазу.

Зерттеу күнделігінде жазбалар жүргізу.

Оқылым – материалда берілген мәтіннің мазмұнын толық оқып шығу (кейде ҰБТ-де, ОЖСБ-да, PISA тапсырмаларында оқулықтағы мәтінге сай сұрақтар туындауы мүмкін). Физикалық тұрғыда оқылым-графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен физикалық шамалардың, формулалардың мағынасын түсініп оқу арқылы санасына қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптай алу.

Оқылым

- ой мен сананың бірлесе жұмыс атқаруы
- мәтіннен туатын ойды дұрыс және толық түсіне алуы
- жазылған таңбалар тізбегін дұрыс ажырата алуы (мысалы, t – уақыт және температура, U – ішкі энергия және кернеу, T – температура және период, E – энергия және кернеулік,

Мысалы, PISA тапсырмаларында «Айжан жаңа велосипед сатып алды. Велосипедтің рулінде жылдамдық өлшегіш қондырылған. Жылдамдық өлшегіш Айжанның велосипедпен жүріп өткен қашықтық пен жолдағы орташа жылдамдықты көрсетеді» деп берілген. Тапсырмада нені сұрап тұрғандығын түсіну үшін ең алдымен мәтінді толық жете түсініп оқып, талдау жасаған кезде берілген сауалға жауап беруге болады. Оқылым әрекетін арттыру нәтижесінде білім алушының қарым-қатынасы жетіледі, білімі артады, ой-санасы баиды, ал ойлау қабілеті дамыған адамның сөйлеу әрекеті де ерекше болады.

Айтылым – адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Физикадан оқылған материалды ойына түйіп, ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып өз сөзімен дәлелді айта алуы. Бұл әрекет сабақта түсінігін айтуда, жазған ғылыми жобаларын қорғауда қажет болады.

Мысалы, PISA тапсырмаларында «Шолпан жұлдыздарға қарағанды ұнатады. Бірақ қалада тұрғандықтан, ол түнде көп жұлдыздарды көре алмайды. Алдыңғы жылы Шолпан ауылға барғанда, қалада көрінбеген көптеген жұлдыздарды көрді [14].

Сұрақ: Неліктен ауылды жерде қалаға қарағанда көбірек жұлдыздарды көруге болады? Бұл сұраққа жауап беру үшін білім алушының ойлау

қабілетінің, яғни логикасының болуы, білім алушы білімінің жан-жақтылығы, қойылған сұраққа сай тұшымды жауап бере алуы мен сөз саптауына көңіл бөлінуі шарт.

Жазылым – ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетіне жазып, сауатты жеткізе білу. Физикалық тұрғыда – мәтіннің мазмұнын толық түсіне отырып жазу арқылы пән бойынша теориялық білімнің нық қалыптасуына себі тиеді, жаза отырып ойдан ой туады. Физика пәнінен әрбір өткен лабораториялық жұмыстардың қорытындысын жазып үйренсе, пәндік олимпиадалардың турында жасалған эксперименттік тапсырманың қорытындысын ғылыми деректерге сүйене отырып дәлелдеп жаза алады. Физикалық тақырыпта эссе жаза білуге дағдыланатын болады, бұл өз кезегінде ғылыми жобаларды жазуда септігін тигізеді.

Мысалы, PISA тапсырмаларында «Төменде 7 аймақтағы тұрғындар саны мен жұмыспен қамтамасыз етілу туралы мәлімет көрсетілген. Жұмыс күші ретінде саналмаған адамдардың ішіне балалар, үйдегі ата-аналар және зейнеткерлер кіреді» [14].

1-сұрақ.

2010-жылдың желтоқсан айында қай аймақта жұмыссыз адамдардың ең көп саны болған?

Аймақтың нөмірі:

2-сұрақ.

2009 жылғы желтоқсан айында 2 аймақтағы жұмыс күшіндегі адамдардың жалпы саны қанша болды?

Адамдардың жалпы саны

Бұл тәрізді тапсырмаларды орындауда білім алушыларға түрлі кестелер, суреттер, жайған физикалық шамалар, формулалар мен өлшем бірліктер, физикалық ұғымдар беріп сол бойынша жазуға, есептеуге немесе бір-біріне сәйкестендіріп бірін шешуде екіншісін қолдана алатындай тапсырмалар беруге болады.

Тыңдалым–есту арқылы түсіну. Физика пәніне білім алушының тыңдалым әрекетін дамыту арқылы ұқыптылыққа, тез шешім қабылдай алуға тыңдалым арқылы алған білімі арқасында өзі ой қорытып жаза алуға, ойын дәлелдеп айта алуға дағдыландыруға болады

Тілдік емес пәндердің оқыту мақсаттарының көпшілігі мазмұнға негізделеді, бірақ кем дегенде бір мақсатты тілді дамытуға арнау қажет.

«100 нақты қадам» Ұлт Жоспарындағы 79-қадамдағы негізгі міндеттердің бірі орта мектептің жоғары сыныптарында және ЖОО-да ағылшын тілінде білім беруге өту болып табылады. Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасында білім берудің барлық деңгейлерінде кезең-кезеңімен енгізу шаралары анықталды. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, үш тілде білім беру эксперименталды мектептердің, НЗМ, БИЛ тәжірибесі негізінде 2019 жылы басталады.

Көптілді білім беру аясында оқыту әдістемесінің негізі пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) болып табылады[15].

CLIL сабақтарында тілдік біліктер мен пәндік білімдерді дамытудың маңызы бірдей болғандықтан, ондай сабақ жиі жағдайда төрт сатылы сызбаға негізделеді:

1. Мәтінді өңдеу. Идеалды мәтін құрамына оқылған материалдың визуалдылығын қамтамасыз ету үшін иллюстрациялар енуі керек. Шет тілдегі мәтінмен жұмыс жасауда білім алушыларға мәтінді құрылымдық белгілеуді (қатарларды, азат жолдарын нөмірлеу, бөлімдерге, шағын тарауларға аталым беру) жүргізу керек, бұл мәтінмен жүргізілетін жұмысты айтарлықтай жеңілдетеді.

2. Жете түсіну және алынған білімдерді ұйымдастыру. Көп жағдайда мәтіндер сызба түрінде беріледі, бұл білім алушыларға мәтіннің идеясын, онда берілген ақпаратты анықтауға көмектеседі.


3. Мәтіннің тілдік ұғынуы. Білім алушылар мәтіннің идеясын өзінің жеке сөзімен жеткізе алатыны күтіледі. Білім алушылар қарапайым тілдік құралдарын да, сонымен қатар айтарлықтай алға басқан түрлерін де қолдана алады, бұл жағдайда қандай да лексиканы таңдауда нақты градация болмауы тиіс, дегенмен де, мұғалімнің білім алушылар назарын тақырыбы мен пәні бойыша сай келетін белгілі лексикалық бірліктерге аударғаны жөн. Оған қоса, мұғалім өз назарын тек арнайы лексикаға ғана емес, сонымен бірге сабақтың тақырыбы мен пәнге байланыссыз қажет болатын фразалық етістіктер, тұрақты сөз тіркестері, салыстыру дәрежелері секілді әмбебап тілдік бірліктерге де аударуы тиіс.





Тапсырмалар білім алушылардың дайындық деңгейіне, оқыту міндеттеріне, сонымен қатар білім алушылар талғамына қарай таңдалуы керек. Тыңдалымға арналған тапсырмалардың мысал тізімі:






- тыңдап алып, диаграмманы, кестені, картаны және тағы басқа құрыңыз;
- тыңдап алып, кестені толтырыңыз;
- тыңдап алып, нақты ақпаратты табыңыз (күні, орны, уақыты);
- тыңдап алып, азат жолдарын дұрыс тәртібімен орналастырыңыз;
- тыңдап алып, кімнің сөз алғанын, оқиганың өткен орнын және тағы басқа анықтаңыз;
- тыңдап алып, әрекеттердің орындалу кезегін анықтаңыз (мысалы, нұқсаулық);
- тыңдап алып, мәтінде өткізіп жіберген жерлерін толықтырыңыз;
- мәселені белгілеу: сұрақ-жауап, анықтама-термин, бөлік-тұтас;
- өткізілген жерлерін толтыруға жататын тапсырмалар (көп жағдайда сұрақтары бар парақшалар таратылады);
- нақты ақпаратты іздестіруге бағытталған тапсырмалар;
- сөзді табуды көздейтін ойындар;
- мәтінге қатысты 20 сұрақ қойыңыз, бұл кезде сұрақтар түрлері бейнеленген көрнекі сызба болады;
- жұмыстың визуалды қатарымен бекітілген ауызша тұсаукесері.

Толық енуде тұтас сабақ (физика) мақсатты тілде, яғни ағылшын тілінде жүргізіледі (Қазақстанда кіріктірілген оқытудың ондай нұсқасы тек жоғары сыныптарда жоспарланады).

Кіріктіріп оқытуды тәжірибесінде қолданып жүрген Астана қаласындағы №72 мектеп-лицейінің мұғалімі Базарова Альмира Назымқызы әзірлеген қысқа мерзімді жоспары ұсынылады.

Сабақтың тақырыбы: Механикалық жұмыс және энергия		Мұғалімнің аты-жөні: Күні
Сынып: 9	Қатысқан білім алушылар саны:	Қатыспаған білім алушылар саны:
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	9.2.3.5 -механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау; 9.2.3.6 -жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру	
Сабақ нәтижесі:	Білім алушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Мысалдар келтіре алады, оқулықтағы тапсырмалармен жұмыс жасайды. Білім алушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Білім алушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Тілдік күзiрет тiлiк	Механикалық жұмыс – Механическая работа – Mechanical work Энергия – Энергия – Energy Кинетикалық энергия – Кинетическая энергия – Kinetic energy Потенциалдық энергия – Потенциальная энергия – Potential energy	
Ресурстар	Кестедегі мәліметті талдап, өзара байланыстыру (Flow chart), «Ыстық орындық» орындық әдісі Графикалық органайзер: «Балық қаңқасы» диаграммасы	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, математика, технология.	
Алдыңғы оқу		
Сабақтың жоспары		
Жоспарлан ғануақыт	Сабақ барысы :	Бағалау түрлері
Басталуы 5 минут	<p>Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу.</p>  <p>Білім алушыларға себеттен жұлдыздар алулары сұралады. Жұлдыздардың түстеріне қарай 4 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары жұлдыздар» 2-топ «Көк жұлдыздар» 3-топ «Қызыл жұлдыздар» 4-топ «Жасыл жұлдыздар»</p>  <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</p>	

	<p>Миға шабуыл. Сабақтың тақырыбын ашу.</p> 	
<p>Жаңа білім 10 минут</p>	<p>Білу және түсіну ЖАҢА МАТЕРИАЛДЫ МЕНГЕРТУ. Бейне үзінді ұсыну (https://bilimland.kz/kk#lesson=11017) Білім алушылар бейне таспаны талдайды. Кітаптағы тақырыпты оқып отырып, төмендегі мәліметтерді өзара байланыстырып, тақырыпты ашады. Үлгі (flow chart):</p>  <p>Тапсырма:</p> 	<p>Оқулық, мәтіндер</p>
<p>Ортасы 10 минут</p>	<p>Қолдану №1 топ Массасы 70 кг спортшының жылдамдығы 10 м/с-тен 30 м/с дейін арттырса, оның кинетикалық энергияның өзгерісін және механикалық жұмысын анықтаңыз.</p>  <p>№2 топ Бала ойыншық машинаны F күштің әсерінен S қашықтыққа</p>	<p>Оқулық, қаб ырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер.</p>

 <p>орын ауыстырғандағы жұмысын графиктен анықтаңдар.</p> <p>№3 топ. Массасы 10 кг күшік биіктігі 10 м балконнан секіріп, биіктігі 2 м контейнердің үстіне түсті. Күшіктің потенциалдық энергиясының өзгерісі мен атқарылған жұмысын есептеңіз. Талдау №4 топ «Карусель әдісі» 4-топтағы білім алушылар А3 форматына сабақтан түйген ақпараттарын жазады. Бір білім алушы бастайды, оның жазғанын екіншісі, одан кейін келесі білім алушылар толықтырып шығады.</p> 	<p>орын ауыстырғандағы жұмысын графиктен анықтаңдар.</p>  <p>№3 топ. Массасы 10 кг күшік биіктігі 10 м балконнан секіріп, биіктігі 2 м контейнердің үстіне түсті. Күшіктің потенциалдық энергиясының өзгерісі мен атқарылған жұмысын есептеңіз. Талдау №4 топ «Карусель әдісі» 4-топтағы білім алушылар А3 форматына сабақтан түйген ақпараттарын жазады. Бір білім алушы бастайды, оның жазғанын екіншісі, одан кейін келесі білім алушылар толықтырып шығады.</p>	
<p>Аяқталуы Сабақты бекіту 10 минут</p>	<p>Синтез Графикалық органиайзер: «Балық қаңқасы» диаграммасы</p> 	<p>Графикалық органиайзер: «Балық қаңқасы» диаграммасы</p>
<p>Бағалау 5 минут Кері байланыс 3 минут</p>	<p>Рефлексия пирамидасы</p> 	<p>Кері байланыс пирамидасы</p>
<p>Қосымша ақпарат</p>		
<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары білім алушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау - Білім алушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс</p>
<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін білім алушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды?</p>	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес</p>	

Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	келетін сұрақтарға жауап беріңіз.
Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1 Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1 Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген білім алушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?	

Түрлі мәдениеттер мен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру жеке тұлғалық, тұлғааралық және мәдениетаралық құзіреттіліктерді қажет етеді. Бұл құзыреттіліктер білім алушылардың әлеуметтік және кәсіби орталарда, көпмәдениетті қоғамда тиімді әрі конструктивті әрекет етуіне мүмкіндік береді.

7-9-сыныптарға арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бағдарламасында мыналар қамтылған:

Көптеген әртүрлі көзқарастарды талдау және бағалау қабілеті.

- Топта жұмыс істей білуге, сондай-ақ рольдік ойындарды жүргізе білуге көмектесетін дағдыларды дамыту. Сынды құрметпен және байсалды қабылдай отырып, басқалардың жұмысын сынап білу қабілеті.

- Физиканың тарихын, әртүрлі физикалық теориялардың дамуын бағалау. Мысалы, жарық туралы теорияның тарихы: жарық – ол бөлшектер (фотондар) ағыны әлде толқын, және теориялардың әрқайсысын қолдау үшін дәлелдерді жинау мен интерпретациялау.

- Қоғамның дамуы үшін физиканың маңыздылығын түсіну. Мысалы, медициналық диагностика мен сараптау саласында ультрадыбыс пен магнитті-резонансты томографияны пайдалану немесе азаматтық авиацияның пайда болуына динамика заңдарының әсерін түсіну.

- Жобалық жұмысты орындау, презентация мен зерттеулерді жүргізу арқылы мәдениет пен пікірдің көптігіне құрмет.

- Тесла (электромагнетизм), Чандрасекхар (космология), Юкава (бөлшектер физикасы) және Абдус Салам (іргелі өзара әрекет) тәрізді әртүрлі мәдениет ғалымдарының үлестері зор.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың ақпараттық құралдар технологияларын қолдану құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген. Ақпараттық құралдар технологияларын қолдану құзыреттілігі білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және коммуникацияда сенімді және шығармашыл қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік АҚТ – ның негізгі дағдылары арқылы қалыптасады.

Білім алушылар өздерінің АҚТ – ны қолдану дағдыларын физика пәні оқу бағдарламасын меңгеру үрдісінде дамытады. Яғни, ақпаратты табу, құру және онымен жұмыс істеу, мәліметтер мен ой түйіндерімен бөлісе және алмаса

отырып құрал – жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру.

Бұл дағдылар «Физика» пәні оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- АКТ көмегімен интернет ресурстарымен жұмыс істеу. Мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқып, тиісті материалды таңдайды, көшіреді және оны жеке құжат немесе файлға сақтап, ақпарат көздеріне сілтемені жасайды.

- Мәтінмен, кестелермен, диаграмма және слайдтармен жұмыс жасау үшін MS Office (Word, Excel, PowerPoint) бағдарламасын қолдану. Мысалы, отыру санына қарай пульстың тәуелділігін көрсету үшін Excel-де кесте мен диаграмма құру.

- Ақпаратты баспа және электронды түрде өңдеу мен сақтау үшін принтерлер, сканерлер немесе санды камера сияқты техниканы пайдалану. Мысалы, өсімдіктің өсу процессінің фотосуретін жасау, оны принтерде басып шығару немесе презентация үшін слайдтарға қою.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен білім беру процессін ұйымдастыру жоғары сапалы ақпараттық-білім беру ортасын қамтамасыз ету болып табылады (оқу процессін ақпараттық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету). Заманауи талаптарға сай физика кабинетінде білім беру процессін ұйымдастыру ақпараттық коммуникативтік технологияны (АКТ) қолдану арқылы жүзеге асуы тиіс.

Сабақта құрылғылар жетіспеген жағдайда, демонстрациялық тәжірибелерді виртуалды түрде көрсету жүзеге асырылады.

Сондықтан оқу процессін төмендегідей заманауи талаптарға сай қамтамасыз етудің негізгі өлшемдері:

1) ақпараттың қолжетімділігі, ақпараттық ресурстардың көптүрлілігі (сонымен қатар электрондық), алынатын ақпараттың толықтығы және маңыздылығы;

2) сабақтарда заманауи ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды, Интернеттің жергілікті жүйесін, лицензияланған заманауи бағдарламаларды, ақпараттық-анықтамалық жүйелерді, электрондық кітапханаларды қолдану;

3) кітапхана қорын білім алушылар мен мұғалімдерге арналған оқулықтармен, ғылыми және анықтамалық-ақпараттық, ғылыми-әдістемелік, көркем әдебиеттермен, энциклопедиялармен, сөздіктермен, мерзімді баспасөз құралдарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі білімді ақпараттандыру саласы дамыған қоғамда физиканы оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында, жаңа ақпараттық технологиялардың маңызы зор.

Электрондық-білім беру ресурстарының түрлерін классификацияласақ:

1. Тесттік бақылау бағдарламалары. Бұл білім беру саласындағы электрондық оқу құралдарының ішіндегі көп қолданыстағы түрі, мұнда білім алушы тесттің жауабын таңдау арқылы жауап береді. Тесттің тапсырмасы экранда шығады, компьютер білім алушылар жауабын, уақытын тағы басқа

белгілеп алады. Соңынан білім алушының алған бағасын (балын) экранда көрсетеді.

2. Электрондық анықтамалық жүйелер (ЭАЖ). Мұндай жүйелерде негізінен классикалық энциклопедиялар сақталады. Мысалы, американдық «Britania», ресейлік «Үлкен советтік энциклопедия», классиктердің шығармаларының жинағы, техникалық, физикалық анықтамалар тағы басқа «Физика А-дан Я-ға дейін» библиографиялық анықтамасы, Физикалық энциклопедия (5-том) тағы басқа

3. Тренажерлар. Бұл бағдарламалар, белгілі бір жүйе бойынша білім алушыларға тапсырмалар береді, орындалған тапсырманың нәтижесін қадағалайды. Тренажерлар, үлкен көлемдегі ақпаратты есте сақтауда, белгілі бір іс-әрекетке дағдыны қалыптастыруда пайдалы.

4. Виртуальдық лабораториялық кешендер. Эксперимент жүргізу немесе тақырып материалымен танысу, физикалық, математикалық және тағы басқа ғылымдардың нақты заңдары экрандық «виртуальдық» әлемде орындалады. Мұның негізгі ерекшелігі білім алушы экранда таңдап алған экспериментті орындап, уақытты жылдамдатып немесе баяулатып, объектінің параметрлерін өзгертіп, параметрлердің мәндерін өлшеп және графикалық бейнесін ала алады. Виртуальдық лабораториялық кешен (ВЗК) - бағдарламалық-ақпараттық ортаның тұтастығы болып табылады. Ол оқу әрекетінің көріністерін жүзеге асыратын, арнайы дайындалған білімнің, белгілі бір құрылыммен жасалған ақпаратпен тапсырмаларды меңгеру мен бекітуден құралған компьютерлік бағдарламалар жүйесі[12].

Виртуальдық лабораториялық кешендерді пайдаланып оқытудың артықшылықтарын атасақ: - білім сапасын арттырып, көптеген оқушыларға бір мезгілде сабақ жүргізу мүмкіндігі; практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындау барысында алынған білімдер мен дағдылардың біртіндеп қалыптасуы; практикалық кешендер мен бақылау тапсырмаларын қолданып, білім деңгейі мен дағдылардың бекітілуі.

Бұл кешендер арқылы кез келген сандық-құрылымдық параметрлерін өзгерте отырып өлшеу жұмыстарын атқаруға, графиктері мен схемаларды құрастыруға, талдау жасауға, осциллограммаларын алуға, көруге болады. Оларды білім алушылар қолданып, өздерінің физикалық білімдерін терең меңгеруде жүзеге асыруда.

5. Компьютерлік оқыту ойындары. Бұл білім алушыларға ойын түрінде білімді меңгеруге мүмкіндік беретін бағдарлама. Физика сабағында компьютерді әртүрлі оқыту бағдарламаларынан бастап эксперимент барысын басқаратын, түрлі құралдардағы деректерді жинақтайтын жүйе ретінде эксперименттерде пайдаланумен аяқталатын, түрлі амалдармен қолдануға болады.

Оқытудың теледидарлық құралдарына кабельдік немесе спутниктік теледидардың көмегімен ұжыммен немесе жеке қолданатын бейне лекциялар, сондай-ақ интерактивтік режимдегі теледидар сабақтары жатады.

Оқытудың компьютерлік құралдарына электрондық оқулықтар, мультимедиялық курстар, кері байланысы бар тренингтік бағдарламалар

(супертьюторлар), кәсіптік бағдарламалардағы оқу тапсырмалары (профтьюторлар), желілік іскер ойындар жатады.

Оқытудың ойындық құралдарына іскер және операциялық ойындар түріндегі ұжымдық сабақтардың белсенді әдістері, дискуссиялар, коммуникативтік сабақтар, сондай-ақ виртуалды білім беретін ортада оқылатын проблемалық және пәнаралық лекциялар жатады.

Физикалық эксперимент – оқытудың ең нәтижелі, әсерлі әдістерінің бірі болып есептелінеді. Ұйымдастыру формасына қарай физикадағы оқу экспериментін төмендегідей етіп бөліп қарастырасыз: лабораториялық; көрсетілім; физикалық практикум; практикалық жұмыстар, есептер, сыныптан тыс жүргізілетін тәжірибелер.

Демонстрациялық экспериментте компьютердің пайдаланылу мүмкіндігі күрделі техникалық қиындықтардан тұрмайды, себебі, қазіргі мектептерде компьютерлер жеткілікті және физика бөлмесінде түрлі электрлік және электрлік емес көлемдегі құрылғылар бар (температура, жарық, түрлі байланыс құралдары). Көптеген физика кабинеті интербелсенді тақталармен жабдықталған (немесе теледидарлық жүйемен), бұл жағдайда компьютермен жасалатын көрініс (сандар, кестелер, сызбалар мен тағы басқа) кең таралған монитордан да үлкен экранға шығарылу мүмкіншілігі бар. Компьютерлік модельдеу физиканы оқыту барысында оқытушының мүмкіндіктерін кеңейтеді.



Визуальдық лекция: Құбылыстар мен заңдылықтарды оқытудың техникалық құралдары және аудио-видеотехника көмегімен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы лекция материалдарын визуальды формада беру.

Практикумдар–курс тарауы аяқталғаннан кейін білім алушылардың өз бетімен орындайтын лабораториялық жұмысының кешендісі. Лабораториялық жұмыстарды білім алушылар топ-топ болып дербес орындайды, эксперименттік есептер шығарады. Сабақты тиімді ұйымдастырудың ұтымды жолдарының бірі – визуалды техникалық оқыту құралдарды қолдану. Аудиовизуалды техникалық оқыту құралдарын пайдалану білім алушылардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастырып, көлемді әрі тиянақты білім алуына, логикалық ой-өрісін дамытуға, қабілет-дарынын ашуға жағдай жасайды. Білім алушының жеке басының кейбір мінез ерекшеліктерінің дамуына да визуалды техникалық оқыту құралдарының үлкен маңызы бар. Ол білім алушының алдына өз ұйғарымын айтып, болжам құруға, өз интуициясын дамытып ашуға итермелейді. Сонымен бірге, визуалды техникалық оқыту құралдары жаңа материалды білім алушының көрнекі қабылдауына көмектеседі.

Xplorer GLX көмегімен математикалық маятник арқылы еркін түсу үдеуін анықтауға арналған қысқа мерзімді жоспарды ұсынамыз


Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:		Мектеп: № 49 орта мектеп	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні: Оразбаева Жамал Тәкенқызы	
Сынып: 9 сынып		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Xplorer GLX көмегімен математикалық		

	маятник арқылы еркін түсу үдеуін анықтау.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Xplorer GLX-2002 мен PS-2103 датчигін қолданып тербелісті тіркеу жұмысын істеуді үйрену. Тербеліс үдеуін график арқылы есептеу әдістерімен танысу	
Жетістік критерийлері	Барлық білім алушылар: GLX, датчик, сенсор, математикалық маятник, штатив құрылғыларын ретке келтіріп орналастырады және жұмысқа дайындай алады. Білім алушылардың басым бөлігі: Қондырғы көмегі арқылы тербелісті тіркеу және көрсету және оның графигін алу жұмыстарын орындайды. Кейбір білім алушылар: Қондырғы көмегімен математикалық маятниктің тербеліс периодын анықтайды, анықталған период арқылы g еркін түсу үдеуінің мәнін анықтауды біледі.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Xplorer GLX; датчик, сенсор, математикалық маятник, штатив. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Xplorer GLX-2002, PS-2103 датчигі, датчик дискісі, батырмамен ауыстыратын курсорлар, жалпы мәзір.	
Құндылықтарды дарыту	Ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу құндылықтарына баулу-жұптық жұмыс, сапалық жұмыстар арқылы іске асырылады	
Пәнаралық байланыстар	Математика, информатика	
АКТ қолдану дағдылары	Слайдтар, интербелсенді тақта, Xplorer GLX-2002; PS-2103 датчигі, математикалық маятник, штатив	
Бастапқы білім	Тербелмелі қозғалыстар, математикалық және серіппелі маятниктер	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Ой шоғырландыру «Шенбердегі доп» әдісі Білім алушылар шаттық шеңберіне жиналып бір-біріне кішкене допты лақтырады. Доп қолына тиген білім алушы үй тапсырмасы туралы бір сөйлем айтады. Тербелмелі қозғалыс деген не? Тербелмелі қозғалысты қандай құралмен алуға болады? Математикалық маятник деген не? Серіппелі маятник деген не?	Кішкене доп
3 минут	Математикалық және серіппелі маятник периодтары неге тәуелді? Тербелмелі қозғалысты күнделікті өмірде қандай жерлерден байқауға болады? Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарымен	Тірек сызба

	<p>таныстыру. Тірек сызба арқылы тербелмелі қозғалыс тақырыбы түсіндіріледі.</p> <p>«Түртіп алу» әдісі арқылы білім алушылар қажетті ақпаратты дәптерлеріне жазып алады.</p> <p>Кіріспе</p> <p>Қарапайым математикалық маятник тірек нүктесіне бекітілген ұзындығы L жіпке байланған массасы m денеден тұрады. Денені тепе-теңдік күйден шығарған кезде, ол жан-жаққа тербеледі.</p> <p>L ұзындық және g (9.8 м/с^2) еркін түсу үдеуі аз бұрыштарда қарапайым маятниктің периодын анықтайды.</p> $T = 2\pi\sqrt{\frac{L}{g}}$ <p>Тербелісті Xplorer GLX-2002 мен PS-2103 датчигінің көмегімен тіркейміз.</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>5 мин</p>	<p>Тәжірибе арқылы GLX-тің көмегімен математикалық маятник арқылы еркін түсу үдеуін анықтау.</p> <p>Жұптас-топтас-бөліс әдісі бойынша білім алушылар екі-үштен бірігіп экспериментті түсініп жасап, қорытындысын жазады.</p> <p>Құрылғыны ретке келтіру</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. GLX-тің жоғарғы жағындағы портқа PS-2103 датчигін қосыңыз. Датчиктің жоғарғы жағына қосқыш диапазонын «адам» тәртібіне жылжытыңыз. 2. Файл қозғалысты секундына 20 рет (20 Гц) өлшеуге келтірілген. 3. Штативті тік орнатыңыз. Штитивке маятникке арналған қысқышты бекітіңіз. 4. Маятникке арналған қысқышқа жіпті бекітіңіз, екінші ұшына дене байланады. 5. Маятниктің ұзындығын L өлшеп жазыңыз. 6. PS-2103 датчигін маятниктің жанына қойыңыз. 7. Датчик дискісі маятникке қарап тұратын және маятник қозғалысының траекториясымен бірдей болатындай етіп датчикті орналастырыңыз (3сурет) 8. Маятник диск алдында орталықтандырылған болатындай қысқышты ретке келтіріңіз. 	<p>Xplorer GLX-2002; PS-2103 датчигі, математикалық маятник, штатив</p> 

25 мин



9.PS-2103 датчигін маятниктен 25 см қашықтықта орналастырыңыз.




GLX компьютер


пен





Жұмысты орындау тәртібі.


1. GLX-ті қосып , жаңа файлды ашу үшін «Үй»  батырмасын басыңыз.




Жалпы мәзір

2. Жалпы мәзірден «ОК»-ді  басып


«Файлы»-ды  таңдаймыз да, «Файлы»  басып «Создать файл»- жолы белсенді болғанда, тағы да бір рет «ОК»-ді  басамыз.

3. Файлға атау беріңіз: «Ок»- басып, пернетақтаның көмегімен g деген әріпті теріңіз.

«Үй»  батырмасын басып, Жалпы мәзірге көшіңіз.

4. Мәліметтерді график түрінде қарастыру үшін, яғни тербелістің орын ауыстыруының уақытқа тәуелді графигін қарастыру үшін,

Жалпы

мәзірден  басып графикті ашыңыз.

График

экранында У бойынша орын ауыстыру, ал Х бойынша уақыттың мәнін алуымыз керек.



1 Сурет: Сызба

5. Маятникті

тепе-теңдік қалыптан шығару үшін дайын болыңыз. Маятникті бағыттаушы және үлкен саусақтармен ұстаңыз, бірақ қозғалыс сенсорына дейінгі арақашықтығы 25 см-ден аспауы керек.

6. Маятникті 10 см тартып жіберіңіз. Маятник тербелісі реттелетіндей бес рет тербелсін.

7. Берілгендер жиынын бастау үшін «Пуск»-



басқышын басыңыз.



8. Маятник 12-15 тербеліс өткен соң жазбаны




тоқтату үшін «Пуск»-басқышын басыңыз.





9. Тербелістердің ең жоғарғы бірінші нүктесін

тауып, оңға  батырмасымен және солға  батырмасымен ауыстыратын курсорлардың

көмегімен «Флаг»- туды басып белгілеңіз. (1-ші тербелістің бастауы).


10. Керекті тербеліс сандарын (4-інші тербеліс,

6-ыншы тербеліс, 10-ыншы тербеліс) оңға 


батырмасын және солға  батырмасын ауыстыратын курсорлардың көмегімен тауып


келтіріп, «Флаг»- батырмасын жоғарыда көрсетілгендей қойып кетіңіз.

11. Курсорды қозғап отырып 1-ші туға апарып,

Сосын  басқышын басып, «Разность»

«Айырма» құралын таңдаңыз және өз

таңдауыңызды белсендіру үшін «ОК»-ді  басасыз да, курсормен келесі белгіленген туға апарып, тербелістер уақытын t анықтап жазып



аласыз.

X абсциссасы бойынша қарамен боялып тұрған сан уақытты көрсетеді.

12. g шамасының тұрақты мәнін анықтаймыз

а) Маятник ұзындығын өлшеңіз. $l =$

б) Периодты есептеңіз. $T = t / N =$

в) g шамасын анықтаңыз. $g = 4\pi^2 l / T^2 =$

13. Кесте сызып толтырыңыз.

№	l, м	t, с	T, с	g, м/с ²	Δg , м/с ²

14.Қорытынды жазыңыз

• Бағалау критерийі білім алушы GLX-ті қолданып тербелісті тіркеп және тербеліс үдеуін график арқылы есептеу әдістерін үйренді

Дискриптор: білім алушы

- GLX пен PS-2103 датчигін қосып, құрылғыны ретке келтіре алады;

- Мәліметтерді график түрінде құрастыра алады;

- Тербеліс үдеуін график арқылы есептей алады.

Қ. «Мадақтау» әдісі бойынша мұғалім бағалайды.

Сабақтың соңы 2 мин.

Үй тапсырмасы 27-28 тақырып, сұрақтарға жауап беру, 22-23 жаттығу есептерін шығару.

Саралау –білім алушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары білім алушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Жұптық жұмыс кезінде әр баланың жеке жұмыс жасауына жағдай жасаймын. АКТ қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылығы артады.	Бағалау сабақтың соңында мұғалім бағалайды. «Мадақтау» әдісін қолдандым..	Қозғалыс сергіту сәтінде ғана емес, бүкіл сабақ бойында қолданылады. Тәжірибе кезінде қауіпсіздік ережесі ескертілді.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Білім алушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген білім алушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		

Жаңа материалды түсіндіру сабағында анимациялық-компьютерлік технологияны қолдану оқытушы мен білім алушыларға талассыз артықшылық береді. Өйткені аудиовизуалды техникалық оқыту құралы оқытылатын физикалық процестердің көрнекі түрде есте сақталуына, сондай-ақ тікелей бақылау кезінде көзге көрінбейтін немесе көрсету жалпы мүмкін емес құбылыстың нәзік жерлерін елестетуге мүмкіндік бере алады.

Технологияларды пайдаланудағы шектеусіз мүмкіндіктер модельденетін құбылыстың уақыт бойынша ағымын өзгертуде, оларды нақты өлшемдер шеңберінде түрлендіріп, эксперимент жүргізу ауқымын кеңейтуде маңызды рөл атқарады.

Бұл ретте, жұмыс кешенінде қолданылатын барлық әрекеттер төменде көрсетілгендей бағытталуы тиіс:

– жоспарлауға үйрету (білім алушылар өз мақсаттары мен міндеттерін дәл айқындауды, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі кезеңдерін жазуды, жұмыстың бүкіл уақытында мақсатқа қол жеткізу бойынша өз ойын шоғырландыруды үйренулері тиіс);

– ақпараттарды, материалдарды жинау және іріктеу дағдыларын қалыптастыру (білім алушылар қажетті ақпаратты таңдауды және оны дұрыс

пайдалануды үйренуі тиіс);

- осы немесе басқа жұмыстардың нәтижелерін талдау ептілігін дамыту;
- оқу мақсаты бойынша (білім алушы жобаны көпшілікке көрсете білуді, тапсырманың мәтінін құруды, мәтінді техникалық тұрғыда редакциялауды, библиографиялық тізімді сауатты ресімдеуді үйренуі тиіс) өз бетінше жүргізген жұмысы туралы жазбаша есеп жасау ептілігін дамыту;

- жұмысқа позитивті қатынасын қалыптастыру (білім алушы бастамашыл, ынталы болуға үйренуі тиіс, жұмыстың бекітілген жоспары мен кестесіне сәйкес өз ісін мерзімінде орындауға тырысуы қажет).

Білім алушылардың физика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жоба жұмысы ұсынылады. Жоба жұмысы топтық немесе жеке болуы мүмкін[17].

Жылына бір рет, бекітілген кезеңде ғылыми конференция өткізіп, онда жобалардың көрсетілімі өткізіп және жобалардың байқауын ұйымдастыруға болады.

Мектеп білім алушыларының ғылыми жаратылыстану сауаттылығының нәтижесін жақсарту және физика пәнінен білім сапасын арттыру мақсатында физика сабағында меңгерген білім, біліктілігін тәжірибеде және күнделікті өмірде пайдалана білуге негізделген практикаға бағдарланған тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Бұл тапсырмаларды әзірлеу және қолдану кезінде *PISA*, *TIMSS* халықаралық салыстырмалы зерттеулердің тапсырмаларының жүйесіне негіздеу керек. Осы тұрғыда мұғалімдерге көмек ретінде «*PISA*, *TIMSS* зерттеулерінің тапсырмалары негізінде білім алушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту», «*PISA-2015* халықаралық зерттеуге дайындықты әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» әдістемелік құралы әзірленіп, Академия сайтында орналастырылған (www.nao.kz). Бұл әдістемелік құралда *PISA*, *TIMSS* зерттеулерінің тапсырмалары негізінде білім алушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген. Білім алушыларының ғылыми жаратылыстану сауаттылығының қалыптастыратын Академия әзірлеген басқада әдістемелік құралдарды ұсынамыз[15,17].

Сонымен қарастырылған «Физика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері білім берудің практикалық бағытын күшейтіп, білім алушылардың ойлау қызметін дамытып және шығармашылық, ізденушілік, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

3. БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қысқа мерзімді жоспарлар «Физика» пәні бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлардың мақсаттарына қол жеткізуге қажетті сабақтардың мазмұнын бағдарлауға арналған нақты әдістемелік ұсынымдардан тұрады. Жоспарлаудың тәсілдерінің арасында өте тығыз байланыс бар.

Қысқа мерзімді жоспарлау (ҚМЖ) орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларда айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті ресурстарды пайдаланудың нақты тәсілдерінен тұрады. Қысқа мерзімді жоспарлау (ҚМЖ) оқу бағдарламасын сабаққа құрылымдайтын мұғалімнің өзі жеке жүзеге асырады.

Оқу бағдарламасына қарағанда оқу жоспарлары ұсынымдық сипатта жасалады, сондықтан мұғалім өзінің әрекет түрлерін бейімдей алады, яғни білім алушылардың қызығушылықтарына, деңгейлеріне және қажеттіліктері мен жас ерекшеліктеріне қарай өзінің баламалы ресурстарын іріктей алады.

Қысқа мерзімді жоспарды – немесе сабақ жоспарын – орта мерзімді жоспардың соңында ұсынылған үлгі бойынша мұғалімнің өзі дербес жасайды. Бұл жерде оқытудың ыңғайына және балалардың жеке ерекшеліктерінің есепке алынуына назар аудару қажет.

7–9-сыныптарға арналған «Физика» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлаудың мазмұндық құрылымын айқындау үшін «Физика» пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында білім алушылардың зерттеу іс-әрекетінің ұйымдастырылуына назар аудару қажет.

Осыған байланысты оқу бағдарламасының мазмұндық негізіне құрылған, оқу материалын зерделеуге арналған шиыршық түрдегі қағидасын, сондай-ақ сыныптар мен тоқсандар бойынша алдыңғы сыныптарда өткен тақырыптарды қайталау арқылы материал мазмұнын құрылымдауды есепке алған жөн.

- жұмыстың тізбектік кезеңдерін ұйымдастыру;
- әр сабақты өту мен оқытудың мақсаттарын айқындау;
- сабақ беру мен оқытудың нәтижелерін өлшеу әдістемесін бекіту;
- күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқыту мен сабақ берудің міндеттерін айқындау;

- оқытудың барлық кезеңінде мақсатқа бағытталған оң динамиканы қамтамасыз ету;

- барлық білім алушыларды оқыту процесіне тарту мақсатында стратегиялық жоспарлау.

Осыған байланысты сабақтың өту және оқыту мақсаттарын реттеуді айқындайтын келесі сұрақтар туындауы тиіс:

Сіздің ойыңызша білім алушылар қандай білімді меңгеруі тиіс?

Білім алушылар қандай кілттік идеяларды ұғынуы тиіс?

Білім алушылар қандай мәселелерді зерттеуі және талдауы тиіс?

Мәселен, оқыту мақсаттары (Блум бойынша).

Білім алушылар: ... біледі.

... түсінеді.

... ойланады.

Орта мерзімді жоспарлауды әзірлеу барысында пайдаланылатын сабақ берудің белсенді стратегиясын, сабақтардың мақсатын жазу, оқытудың нәтижелерін айқындау үшін, бағалаудың әдістері мен әр сабаққа қажетті ресурстардың тізімін жасау үшін арнайы кестенің формасы пайдалануға болады (12-кесте). Аталған кестені толтыру кезінде сабақтарды жоспарлаудың белгіленген алгоритмі тізбектеледі.

12кесте – Сабақтарды жоспарлаудың үлгілік алгоритмі

1. Сабақ бойынша оқытудың тақырыбы және негізгі мақсаттары (Блум таксономиясы бойынша)	2. Сіз жұмыстың қандай белсенді формасын пайдаланасыз? АКТ мен Модульдерді қалай қосуды жоспарлап отырсыз?	3. Сіз оқыту процесіне барлық білім алушыларды балаларды қалай қосасыз?	4. Сіз қалай бағалайсыз (формативті және суммативті)?	5. Сіз оқыту барысында қандай нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлайсыз?	6. Сіз тілдік кедергіні қалай жеңесіз? (тіл үйретуші мұғалімде р үшін)	7. Қандай ресурстарды пайдалануды жоспарлап отырсыз?
--	--	---	---	---	--	--

ҚМЖ-ді құруда бір жағынан жүйелі, стандартталған тәсіл керек болса, екінші жағынан әрбір мұғалімнің шығармашылық танытуына мүмкіндік қалдыру қажет. Қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімнің жеке-дара жұмыс жасауына жағдай туғызады, себебі жоспардың тиісті бөліктерін сабақ түрі мен пәндік саланың ерекшелігіне қарай өзгертуге болады. Сонымен бірге ҚМЖ бөлінетін сағат санын, мұғалім мен білім алушы өзара қызметін ескеретіндіктен, сабақты ұтымды құрылымдауға, рефлексиялауға және уақытты үнемдеуге жәрдемдеседі.

ҚМЖ мақсаты нақты сабақ аясындағы жұмыстың ұғымын түсіндірумен, аталған сабақтың оқыту мақсаттарын айқындаумен, нәтижелерін өлшеуді ұйымдастырумен ғана шектелмейді. Аталған сабақ аясында оқыту прогресін қамтамасыз ету және нақты тапсырмаларды орындауда барлық білім алушыларды тарту үшін, білім алушылардың түрлі типін оқытуға бағытталған қандай тапсырмалар жүзеге асырылатындығын алдын ала қарастыру маңызды.

Қысқа мерзімді жоспарлау сабақты ұтымды құруға көмектеседі. Сабақтың сауатты жоспарлануы – мұғалімнің кәсібилігінің көрсеткіші. Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің бүкіл сыныптың дайындығын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын назарға алу үшін әр білім алушының деңгейін есепке алғаны жөн. 7-9-сыныптарға арналған «Физика» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлар «Физика» курсының оқу бағдарламасындағы материалдың құрылымдық үлестірілуі есепке алына отырып әзірленді.

Бұл ретте жоспарлаудың бірыңғай формасын ұстанған маңызды.

Тәжірибе көрсеткендей, жоспарлау талаптарының тиісінше нақты болмауынан мұғалім өз қызметінің мақсаты мен мазмұнына ұғынып қарай алмайды.

Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың маңызды басымдығы конструктивистік тәсілге негізделген, кіріктіріп оқыту болып табылады.

Конструктивизмнің негізгі ережелері былайша тұжырымдалады:

- негізгі идея – белсенді оқыту, құрастырмалы процес болып табылады;
- білім алушылар ақпаратты құрастырушылар ретінде қарастырылады;
- адамдар нақты шындық арқылы өздерінің жеке субъективтік көзқарастарын ұсынады;
- жаңа ақпарат алдыңғы біліммен ұштасады, онда ақыл-ой көзқарасы субъективті болып табылады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, курсты жүзеге асырудың негізгі аспектілері білім алушылардың топта жұмыс істеу ептіліктерін қалыптастыру, түрлі ақпарат көздерінен, интернеттен өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізу, салыстыру, фактілерді реттеу, өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізу, білімін тәжірибеде қолдану, зерттеу жұмысын жүзеге асыру болып табылады.

Осылайша, сабақтарды жоспарлауға қатысты барлық жұмыс бағдарламаның сабақ беру мен оқытудағы жаңа әдістерді есепке ала отырып жүзеге асырылады. Білім беру жүйесіндегі кез келген өзгеріс мұғалімнен бастау алуы тиіс. Әр мұғалім өзінің тәжірибесіне өзгерістер енгізу қажеттігі туралы өзіндік сенімін қалыптастыруы тиіс.

Мұғалім өзінің шеберлігіне қарай білім алушыларды түрлі санаттарға бөлу, оның ішінде ақыл-ой типтері бойынша ыңғайластыру арқылы білім алушылардың тапсырманы орындау сапасына тікелей тәуелділікті нақты ұсынуы қажет. Оқытуды мұндай әдістемелік тәсілі білім алушының әртүрлі типіне қарай қолдануға және нақты тәжірибелік тапсырмаларды орындауда барлық білім алушыларды іске тартуға мүмкіндік береді.

Сабақтарды жобалаудың келесі алгоритмін ұсынамыз:

1. Сабақтың тақырыбы айқындалады;
2. Оқу бағдарламасынан жоспар-конспектiнiң макетiне оқытылатын бөлiм бойынша оқу бағдарламасының мазмұнынан тікелей еске түсіру әдісімен, пәндік, жүйелік-әрекеттік және тұлғалық нәтижелер түрінде сабақ тақырыбына сәйкес мақсаты мен міндеттері жазылады;
3. Мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін оқытудың орынды белсенді және интерактивті түрі/түрлері қолданылады (оларға жасалған шолу және сабақтың мақсаттарына сәйкестілігі мәтінде ұсынылған);
4. Сабақтың кезеңдері уақытқа, әрекет пен ресурстардың түрлеріне қарай жоспарланады.

Әр сабақтың құрылымы келесі жинақтардан тұрады:

- 1) сабақтың мақсатты түрі, яғни білім алушыға тұжырымдалған қол жетімді (нені білеміз, нені үйренеміз?) нысанның белгіленуі;
- 2) сабақ барысында қажетті білім мен ептіліктің маңыздылығына арналған тапсырма/тапсырмалар;
- 3) мәтіндік және иллюстративтік материалдардан тұратын, жана мазмұнды меңгеруге және оны қолдануға арналған тапсырмалар жүйесі

(мәтінмен және иллюстрациялық материалдармен жұмыс, сыныптағы жұмыс);

4) сабақтың мазмұны жөнінде қысқаша тұжырым («Қорытынды шығарамыз», сыныптағы жұмыс);

5) бақылау-бағалау қызметін ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар);

6) үй тапсырмасын беру (үй жұмысы және шығармашылық тапсырмалар).

Сонымен, оқу жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлаудың жоғарыда келтірілген қағидаларын мектептегі білім мазмұнын жаңарту тәжірибесінде қолдануға болады.

Құрылым элементтері бойынша сабақты талдау төмендегілерді айқындайды:

1) сабақтың өзектілік сапасы, өздігінен орындайтын жұмыс қаншалықты табысты орындалды, білім алушылар қандай физикалық ұғымдарды тереңдетті, қандай жаңа ұғымдарды меңгерді, қандай дағдыларды игерді, бұрынғы білімнің қаншалықты көлемін қайталады, білім алушылардың жауаптарының толықтығы қандай, білім алушылардың сабақты айтып беруі, материалдың көлемі білім алушылардың мұғалімге қоятын сабақтарының мазмұндылығы және қайталана беретін қателерді талдау үшін жағдай жасалды ма, білім алушылардың ойлау жұмыс белсенді болды ма, т.б;

2) білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмысына арналған уақыт жеткілікті ме, мұғалім түсіндіргенде ұғымдар толық ашылды ма, жаңа материалдың бұрын оқып үйренген материалмен байланысы болды ма, білім алушылардың ішінен кім және қаншалықты ілгері басты, кім материалды әлсіз меңгерді және келесі сабақта кім көмекті қажет етеді;

3) білік пен дағдыларды қалыптастыру – білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмысының сапасы, кімде қандай табыстар, сәтсіздіктер болды, білім алушылар үй тапсырмасын орындауға әзір ме, т.б;

4) сабақтың қандай элементтері білім алушыларға неғұрлым көп тәрбиелік ықпал жасады, келесі сабақта нені күшейтіп, қосымша қандай нақты материалдар келтіру керек, тағы басқалар

Одан әрі мұғалім сабақтың барысында қандай кемшіліктер болғанын, қандай мүмкіндіктерді пайдалана алмағанын нақтылап, әдістемелік және дидактикалық қортынды жасайды.

Оқыту тиімділігі критериалды бағалауды ұйымдастырудың сапасына, толықтығына, өз уақытында жүруіне, тереңдігі мен объективтілігіне тікелей байланысты.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау – бұл білім алушылардың жоспарланған оқу мақсаттары мен шынайы нәтижелерінің сәйкестік деңгейлерін орнату.

Критериалды бағалау – алдын ала белгілі критерийлерге сәйкес, білім алушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беретін, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларын дамыту деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және сабақ беру, бағалау мен оқытудың өзара байланыс принциптері негізінде дайындалады. Критериалды бағалаудың

Кіріктірілген үлгісі (моделі) (КБКМ) пәндер бойынша Кіріктірілген білім беру бағдарламасына (КБББ) сәйкес білім алушылардың білім жетістіктерін бағалауға бағытталған бірнеше бағалау түрлерінен тұрады. КБКМ білім беру, оқыту және бағалау өзара байланысқан және білім алушының білім жетістіктерін бағалауға негізделген бірінғай тәсіл деп қарастырылады. КБКМ бойынша бағалау. (КБББ) -ның мақсатының орындалуын бағалауға негізделген. Әр сыныптар мен пәндердің оқу бағдарламасының мазмұны бағалаудың КБКМ негізделген барлық үш түрі жайлы ақпаратты қамтиды.

Оқу жылы көлемінде білім алушылардың білім сапасы және дамуы (прогресі) туралы ақпарат жинақтау үшін бағалаудың үш түрі қолданылады.

- Қалыптастырушы бағалау – әр тоқсанның көлемінде жүргізіледі;
- Ішкі жиынтық бағалау – әр төрт тоқсанның аяғында жүргізіледі ;

Тоқсандық баға – тоқсан көлеміндегі қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау нәтижесі бойынша әр тоқсанның соңында бағаланады.

Қорытынды баға – төрт тоқсан көлеміндегі қалыптастырушы, ішкі жиынтық бағалау және сырттай жиынтық бағалау нәтижесі бойынша жыл соңында бағаланады [19].

Қалыптастырушы бағалау тоқсан бойы күнделікті сабақ беруде үнемі жүргізіледі және сабақтың бөлінбейтін бөлігі. Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың білім деңгейін өлшеу үшін қолданады және сабақты жоспарлауда көмек көрсетеді.

Ішкі жиынтық бағалау жыл аяғы және тоқсан аяғында білім алушының прогресі туралы ақпаратты мұғалімдер мен білім алушыларға беру үшін дайындалады. Ішкі жиынтық бағалау тоқсан бойында өтетін оқу мақсаттарына негізделген және мұғалімдерге әр білім алушының жетістіктерін қадағалауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуі білім алушылардың дағдыларының дамуына мүмкіндік тудырады.

Дағдыларды нақты бағалау біліктілігі критериалды бағалаудың маңызды аспектісі. Берілген кестеде оқу бағдарламасына енгізілген, қалыптастырушы және ішкі жиынтықтық бағалауда дағдылардың қалыптасқанын немесе даму деңгейінің бағалауы көрсетілген (13 кесте).

13 кесте Дағдылардың қалыптасқанын немесе даму деңгейінің бағалау

Дағдылар	Сипаттамасы
Білу	Нақты деректерді, ақпараттарды білу және еске түсіру және оларды баяндау.
Түсіну	Ақпараттарды түсіну арқылы дұрыс жеткізу, болжау немесе түсіндіре білу.
Қолдану	Алған білімдері мен ақпараттарды таныс немесе таныс емес жағдайларда, контексте қолдану.
Сыни ойлау	Ақпарат пен идеялардың маңыздылығы мен сенімділігі туралы шешім қабылдау немесе әртүрлі көзқараста болу.
Анализ	Жалпы ереженің негізін дәлелдеу үшін және/немесе ой қорытындысының әртүрлі шешімдерін ойлауда ақпараттарды жинақтап тұжырымдарды бөлікке бөлуі және сол бөліктердің өзара сәйкестігін

	анықтай білу.
Синтез	Алған білімдерін әртүрлі жаңа контексте құрастыра білу.
Бағалау	Белгілі критерийлер арқылы идеялардың құндылығы немесе дәлелдер туралы тұжырымды қалыптастыру.
Коммуникация	Басқа адамдардың қызығушылығын және көзқарастарын өз қызығушылығымен және көзқарасымен сәйкестендіріп және негіздеп қабылдау, адамдармен қарым-қатынаста болу және келісу қабілеттілігі.
Тыңдалым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі тақырыпта ауызша сөйлеудің негізгі мазмұнын түсіну және одан өзекті ақпаратты бөлу; сөйлеген адамның пікірін айырып тану, контекст бойынша сөздердің мағынасын анықтау; білім алушының деңгейіне сәйкес келетін әртүрлі стратегияны пайдаланып, әртүрлі типтегі мәтіндердің мазмұнын түсіну және қабылдау; естігеннің негізгі мазмұнын, мәтін бөліктерін таныс сөздерге, фразаларға және естігені арқылы түсіну, нақты/керекті ақпаратты таңдау және түсіну
Оқылым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі ғылыми және әдеби мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардағы өзекті мәселелерді бөлу, ақпарат іздеудің әртүрлі стратегиясын қолдану, контекст бойынша сөздердің мағынасын анықтау, автордың пікірі мен көз-қарасын тану, оқығанды түсіну тереңдігін және сөз мағынасын тексеру үшін әртүрлі сандық және қағаз түпнұсқасын қолдану
Жазылым	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі мәтіндегі жазбаша жұмыстарды түзету және редакциялау, жазу, жоспарлау; нағыз және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жазу біліктілігі; орфографиялық және грамматикалық қателерсіз жеткілікті сауатты жазу; қажетті стильді ұстау; әртүрлі байланыстырушы сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді абзацқа байланыстыру.
Айтылым	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі мәтіндегі әңгімелеуде ауызекі және ресми стильді пайдалану; қажетті ақпаратты алу үшін күрделі сұрақтарды қоя білу біліктілігі; күтпеген сұрақтарға жауап қайтару; тапсырма орындау барысында өз құрбыларымен қарым-қатынаста болу; лексикалық ерекшеліктерді сауатты пайдалану; оқиға және оның жүйесін мазмұндау.
Шығармашылық	Өзіндік тәсілдерді немесе әртүрлі жолдарды қолданып, мәселені шешуді іздеу және жаңа идеяны дайындау.
Зерттеу	Зерттеу мақсатына сәйкес деректер және ақпараттарды жинау жолдарын дайындау.
Техника және тәсілдер	Өзара жоспарлауды, орындауды және бағалауды қоса пән бойынша практикалық біліктілікті, оларға сәйкес рәсімдерді мен технологияны көрсету. Әртүрлі іс-әрекетке қатысу үшін негізгі техникалық тәсілдер мен моторикалық дағдыларды көрсету; топта және жеке жұмыс жасау жағдайында стратегия туралы өз ойын көрсету; рухани дамуды және физикалық дайындықты жоғарылату үшін тиімді әртүрлі әдістерді қолдану.
Рефлексия	Іс-әрекет жасауда шешім қабылдау және тұжырымды қалыптастыру, пікірлер, ойлар және оқиғалар туралы ой пікір ұсыну.
Сандық ойлаудың математикалық	Санды қолдануды, есепті шығаруды, график, кесте және кең диапозондағы математикалық ұғымды, контексті және күнделікті

кабілеті	жағдайда көрсетуді түсіну.
----------	----------------------------

Кез келген бағалау түрі – қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау анық, сенімді, жалпы сабақ беруде және оқыту процесінде қолайлы және жағымды болуы керек.

Мектепшілік бағалау мәнмәтінінде қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалауы сенімді болып есептеледі, себебі оқу бағдарламасына енгізілген дағдылар мен мақсаттарды қолдана отырып сабақ беру процессінің мазмұнының бағалау үшін дайындалған.

Критериалды бағалау мұғалімді сынып жұмысында қолдап, оң ықпал жасауына көзделген. Нәтижелер мұғалімге өзінің сабақ беруінде рефлексия өткізіп және одан кейінгі қызметін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы түсінік деңгейін және прогресін анықтау үшін белгіленген уақыт бойында сабақты тиімді беру және оқу мақсатында білім алушыларды бақылау қажет. Қалыптастырушы бағалау осы үшін жұмыс жасап және білім алушының тоқсандағы немесе оқу жылындағы жетістіктері туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Әр сыныпта сабақ беру процесінде мұғалім оқу бағдарламасының оқу мақсатының бәрін қамтуы керек. Пәндер бойынша оқу жоспарында барлық оқу мақсаттары үшін ұсынылатын іс-әрекеттер берілген.

Тоқсан басында мұғалім қалыптастырушы бағалау үшін іріктелінген оқу мақсаттары оқу жоспарында қамтылғанын анықтауы қажет.

Қалыптастырушы бағалаудың көмегімен мұғалім білім алушымен оқу мақсатына қашан жеткенін көрсете отырып, оның прогресін белгілейді. Және де келешекте ол сабақ оқытуды жоспарлауда және оқытуда мұғалімге көмекші бола алады. Білім алушылармен бірге іріктелген оқу мақсаты «жетті» және «талпынады» бойынша рефлексия жүргізуіне болады және сабақ беру процесінде оқу мақсатына әлі де талпынатын білім алушылардың оқу мақсатына жету мүмкіндігін қарастырып бейіндеуі қажет. Рефлексиядан кейін білім алушыларға кері байланысты беру аса маңызды. Оқу мақсатына сүйеніп, білім алушылар қай жерде жетістікке жеткенін және неге көңіл бөлу керектігін анықтауға болады. Қалыптастырушы бағалауда өз жұмысын ертерек жоспарлауға мүмкіндік береді. Жетістік критерийлерімен және оқу мақсатымен білім алушыларды таныстыру аса маңызды. Әр тоқсан басында мұғалім білім алушыларға пән бойынша тоқсандағы оқу мақсаттарын таныстырады. Қалыптастырушы бағалау өткізу кезінде білім алушыларға оқу мақсатын бағалайтын жетістік критерийлерін беру қажет.

7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша бағалау критерийлері ұсынылады. 14-кесте

14-кесте. 7-сынып «Физика» оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері

Оқу бағдарламасына сілтеме	Физика – табиғат туралы ғылым
Тақырыбы	Физика-табиғат туралы ғылым

Оқу мақсаты	7.1.1.1 физикалық құбылыстарға мысал келтіру 7.1.1.2 – табиғатты зерделеудің ғылыми әдістерін ажырату
Ойлау дағдыларының деңгейі	Физикалық құбылыстарға мысал келтіреді. Табиғатты зерделеу әдістерін біледі және бақылаудағы құбылыстар бойынша дербес қорытындылар жасай алады. Табиғатты зерделеудің түрлі әдістерін атай алады.
Бағалау критерийлері	1.Білім алушы қарастырылып отырған құбылыстар мен заңдылықтардың, заңдар мен теориялардың физикалық мәнін дұрыс түсінетінін көрсетеді. 2.Заңдар мен негізгі ұғымдардың, теориялардың, сонымен қатар физикалық терминдердің дәл анықтамасы мен түсіндірмесін береді. 3. Өз жоспары бойынша жауап құрады, жаңа мысалдармен айта біледі. 4. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін жаңаша қолдана алады. 5.Физика курсы бойынша оқытылып жатқан және өткен материалдар арасында, сонымен қатар басқа пәндерді оқу барысындағы материалдармен байланыс құра алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Физикалық шамалар мен өлшеулер
Тақырыбы	Халықаралық бірліктер жүйесі(SI)
Оқу мақсаты	7.1.2.1 –физикалық шамаларды олардың SI-жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Негізгі физикалық шамалар мен олардың өлшем бірліктерін біледі. Кең қолданыстағы, тұрмыстағы қолданылатын негізгі физикалық шамалардың өлшем бірліктерін атай алады және өлшей біледі (ұзындық, көлем, температура, уақыт). Физикалық шамаларды олардың SI-жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіре алады.
Бағалау критерийлері	1.Білім алушы қарастырылып отырған құбылыстарды бір-бірімен салыстыра алатындығын көрсетеді. 2.Физикалық шамалардың құбылыстарды ғана емес, денелердің қасиеттерін де сипаттау үшін қолданылатындығын біледі және мысал келтіре алады. 3. Қарастырылған физикалық шамалардың өлшем бірліктерін біледі және сәйкестендіріп айта алады. 4.Физикалық терминдердің дәл анықтамасы мен түсіндірмесін береді. 5.Физикалық шамалардың мәндерін физикалық аспаптардың көмегімен өлшеулер жүргізе отырып, анықтайды. 6. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін жаңаша қолдана алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Физикалық шамалар мен өлшеулер
Тақырыбы	Скаляр және векторлық физикалық шамалар
Оқу мақсаты	7.1.2.2 –скаляр және векторлық физикалық шамаларды ажырату және мысалдар келтіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Скалярлы және векторлық шамалар арасындағы айырмашылықты біледі және мысалдар келтіреді; Скалярлық және векторлық шамаға анықтама бере алады және жаңа мысалдар келтіреді.

Бағалау критерийлері	<p>1.Білім алушы жол мен орын ауыстыру, траектория ұғымын түсініп, мысал келтіре алады.</p> <p>2.Білім алушы. қарастырылып отырған шамаларды бір-бірімен салыстыра алатындығын көрсетеді.</p> <p>3.Скаляр және векторлық шама ұғымдарының дәл анықтамасы мен түсіндірмесін береді.</p> <p>4.Практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін қолдана алады.</p>
Оқу бағдарламасына сілтеме	Физикалық шамалар мен өлшеулер
Тақырыбы	Үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу
Оқу мақсаты	7.1.2.3 –үлкен және кіші сандарды жазған кезде еселік және үлестік қосымшаларды білу және қолдану; микро(м), милли(м), санти(с), деци(d), кило(k), және мега(M)
Ойлау дағдыларының деңгейі	Үлкен және кіші сандарды ықшамдап стандарт түрде жазу ережесін біледі. Физикалық қосымша кестемен жұмыс істейді.
Бағалау критерийлері	<p>1.Білім алушы үлкен және кіші сандарды ықшамдап жаза алады.</p> <p>2. Үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазуды екі көбейткіштің көбейтіндісі ретінде қолдану ережесін пайдаланып,мысал келтіре алады.</p> <p>3.Білім алушы қарастырылып отырған тақырыпта үлкен кіші сандарды бір-бірімен салыстыра алатындығын көрсетеді.</p> <p>4.Практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін қолдана алады.</p>
Оқу бағдарламасына сілтеме	Физикалық шамалар мен өлшеулер
Тақырыбы	№1 Лабораториялық жұмыс. «Физикалық шамаларды өлшеу»
Оқу мақсаты	7.1.3.1 –дененің ұзындығын,көлемін, температурасын және уақытты өлшеу,өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу;
Ойлау дағдыларының деңгейі	Берілген тақырып бойынша қолданылатын өлшеуіш аспаптар мен құралдар туралы түсінігі қалыптасқан және оларды пайдаланып өлшеу жүргізе алады. Өлшеуіш цилиндрді қолданып, аспаптың шкаласының бөліктер құнын анықтай алады.
Бағалау критерийлері	<p>1. Білім алушы берілген тақырып бойынша өлшеуіш аспаптардың қалай қолданылатындығын біледі.</p> <p>2. Аспаптардың бөлік құндарын ережеге сай өз бетінше анықтай алады.</p> <p>3. Білім алушы қарастырылып отырған тақырыпта практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін қолдана алады.</p> <p>4. Өлшеуіш құралдар арқылы денелердің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеп, анықтайды.</p>
Оқу бағдарламасына сілтеме	Физикалық шамалар мен өлшеулер
Тақырыбы	№2 Лабораториялық жұмыс. «Кішкентай денелердің өлшемін

	анықтау»
Оқу мақсаты	7.1.3.2 –кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау; 7.1.3.3– физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Сызғышты, астаушаны және берілген кішкентай денелерді пайдаланып, олардың өлшемдерін анықтайды; оларды өлшейді, салыстырады.
Бағалау критерийлері	1. Білім алушы берілген тақырып бойынша қатарлау әдісін қолдана алады. 2. Кішкентай денелердің (мөңше, подшипник шариктері, тары, сым қиындылары, бұранда) өлшемдерін анықтайды. 3. Білім алушы жұмыстың барысын оқи отырып, өз бетінше жұмыс жасай алады, есептеу жүргізеді. 4. Білім алушы қарастырылып отырған тақырыпта практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін жаңаша қолдана алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Механикалық қозғалыс
Тақырыбы	Механикалық қозғалыс және оның сипаттамасы. Санақ жүйесі.
Оқу мақсаты	7.2.1.1 –келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру-материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру;
Ойлау дағдыларының деңгейі	Материалдық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру терминдерінің анықтамаларын бере алады және мағынасын түсінеді. Қандай жағдайда денені материалдық нүкте деп санауға болатынын біледі, мысал келтіреді. Траектория, жол, орын ауыстыру терминдерінің мағынасын ажырата алады және мысал келтіреді. Санақ жүйесінің негізгі ұғымдарын біледі және механикалық қозғалыстың салыстырмалылығын түсіндіруге қолдана алады.
Бағалау критерийлері	1. Барлық өтілген ұғымдардың мағынасын біледі және түсінеді. 2. Денені материалдық нүкте деп санауға болатын жағдайларға кемінде 2-3 жаңа мысал келтіреді. 3. Траектория, жол, орын ауыстыру терминдеріне анықтама бере алады, мысал келтіреді. 4. Траектория, жол, орын ауыстыру терминдерін салыстыра алады, айырмашылығын біледі.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Механикалық қозғалыс
Тақырыбы	Қозғалыстың салыстырмалылығы
Оқу мақсаты	7.2.1.2 –механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Санақ жүйесінің негізгі ұғымдарын біледі және механикалық қозғалыстың салыстырмалылығын түсіндіруге қолдана алады. Механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіреді.
Бағалау критерийлері	1. Білім алушы механикалық қозғалыстың салыстырмалылығын ұғынуға қажетті негізгі түсініктерді біледі. 2. Механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына кемінде 1-

	2 мысал келтіре алады. 3. Алған білімін қолданып, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығын өз ойымен тиянақты жеткізеді.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Механикалық қозғалыс
Тақырыбы	Түзу сызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар
Оқу мақсаты	7.2.1.3 –түзу сызықты бір қалыпты қозғалыс пен бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қозғалыс түрлерін ажырата алады және салыстырады. Қозғалыс барысындағы физикалық шамаларды анықтай алады. Физикалық шамалардың өлшем бірліктерін біледі. Есеп шығаруда формуланы қолданады.
Бағалау критерийлері	1. Білім алушы берілген тақырып бойынша қозғалыстың түрлерін біледі. 2. Түзу сызықты бір қалыпты қозғалыс пен бірқалыпсыз қозғалысты ережеге сай өз бетінше анықтай алады, мысал келтіре алды. 3. Білім алушы қарастырылып отырған тақырыптағы практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін қолдана алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Механикалық қозғалыс
Тақырыбы	Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу
Оқу мақсаты	7.2.1.4-қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қозғалыстағы дененің жылдамдығын есептеу формуласын біледі. Формулаға кіретін шамаларды және олардың өлшем бірліктерін біледі. Орташа жылдамдықты есептеудің жолдарын біледі. Формуланы түрлендіру арқылы орын ауыстыру және уақытты есептей алады.
Бағалау критерийлері	1. Жылдамдықты есептеу формуласын біледі. 2. Формуладағы барлық физикалық шамалардың мағынасын түсінеді. 3. Механикалық қозғалысты сипаттауға қажетті физикалық шамалардың өлшем бірліктерін біледі. 4. Қажетті жағдайда физикалық шамаларды SI жүйесіне түрлендіре алады. 5. Физикалық шамалар мен олардың өлшем бірліктерін қатесіз жазады. 6. Формуланы қолданып, есептей алады. 7. Қозғалыстағы дененің орташа жылдамдығын есептей алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Механикалық қозғалыс
Тақырыбы	Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері
Оқу мақсаты	7.2.1.5- s -тің t -ға тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу 7.2.1.6- дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен келесі жағдайларды анықтау: (1) дененің тыныштық күйін (2) тұрақты жылдамдықпен қозғалысын; 7.2.1.7-бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтау

Ойлау дағдыларының деңгейі	Қозғалысты сипаттайтын негізгі физикалық шамаларды және олардың өлшем бірліктерін біледі; s- тің t-ға тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілей алады; дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен дененің тыныштық күйін, тұрақты жылдамдықпен қозғалысын анықтай алады; бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтай алады.
Бағалау критерийлері	1.Кестедегі мәндері бойынша жылдамдықтың, орын ауыстырудың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғыза алады. 2. Координаталар осьтерінде және кестелерде физикалық шамалар және өлшем бірліктерін қатесіз белгілейді. 3.Орын ауыстырудың уақытқа тәуелділік графигі бойынша дененің тыныштық күйін анықтай алады. 4.Орын ауыстырудың уақытқа тәуелділік графигі бойынша дененің қозғалыс жылдамдығын анықтай алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Тығыздық
Тақырыбы	Масса және денелердің массасын өлшеу
Оқу мақсаты	7.2.2.11-электронды, серіппелі, иінді, таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу
Ойлау дағдыларының деңгейі	Масса ұғымы туралы түсінігі қалыптасқан және нені сипаттайтынын түсіндіре алады. Арнайы құралдардың, аспаптардың көмегімен дененің массасын өлшеуді біледі. Өртүрлі денелердің массаларын салыстыра алады. Алған білімін өмірде қолдана алады.
Бағалау критерийлері	1.Масса ұғымы нені сипаттайтынын түсіндіре алады. 2.Электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеп, мәнін анықтай алады. 3.Денелердің массаларын салыстыра алады және өз бетінше тұжырым жасай алады. 4. Алған білімін өмірде қолдана алатынын кемінде 2-3 мысалмен дәлелдейді. 5.Масса ұғымы туралы білімнің маңыздылығын тұрмыс-тіршілікпен байланысты зерделей алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Тығыздық
Тақырыбы	Дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу
Оқу мақсаты	7.2.2.12-эртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Тәжірибе жасау арқылы эртүрлі пішіндегі денелердің көлемін өлшей алады. Денелердің көлемдерін өлшеудің бірнеше тәсілдерін біледі. Өртүрлі пішінді денелердің көлемін өлшеуге цилиндрді (мензурканы) қолданудың тиімділігін түсіндіре алады.
Бағалау критерийлері	1.Денелердің көлемін өлшеуге қажетті құралдардың аттарын, қолдану ережелерін біледі. 2.Тәжірибе жүргізгенде қажетті құралдарды мақсатты және дұрыс пайдаланады. 3.Тәжірибе жасау арқылы эртүрлі пішіндегі денелердің

	көлемін өлшеп, мәнін анықтай алады. 4.Денелердің көлемін өлшеудің кемінде 1-2 тәсілін біледі. 5. Әртүрлі пішінді денелердің көлемін өлшеуге цилиндрді (мензурканы) қолданудың кемінде 2 артықшылығын айта алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Тығыздық
Тақырыбы	Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі. №3 лабораториялық жұмыс. Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау
Оқу мақсаты	7.2.2.13-тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру; 7.2.2.14- сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау; 7.1.3.3- физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Заттың тығыздығы деген не екенін біледі. Заттың тығыздығын қалай анықтауға болатынын түсінеді,тығыздығы мен көлемі бойынша дененің массасын, массасы мен тығыздығы бойынша дененің көлемін қалай есептеуге болатынын үйренеді және есептер шығаруда қолдана алады.
Бағалау критерийлері	1.Тығыздықтың физикалық мағынасын түсінеді. 2.Тығыздықты анықтайтын шамаларды және олардың өлшем бірліктерін біледі. 3.Шамалардың өлшем бірліктерін SI жүйесіне түрлендіре алады. 4. Тығыздықты өлшеуге арналған құралдардың атын, қолдану ережесін біледі. 5.Тәжірибеде пайдаланылатын құралдарды дұрыс қолданады. 6. Тәжірибе арқылы тығыздықты есептей алады. 7. Тәжірибе арқылы тығыздықты есептеудің басқа да тәсілдерін біледі. 8.Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Тығыздық
Тақырыбы	Тығыздықты есептеу
Оқу мақсаты	7.2.2.15-тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Тығыздықты есептеу формуласын біледі және тығыздықты есептей алады. Формуланы түрлендіру арқылы көлемді және массаны да есептей алады. Формулаға кіретін физикалық шамаларды және олардың өлшем бірліктерін біледі.
Бағалау критерийлері	1.Тығыздықты есептеу формуласын біледі. 2. Формуладағы барлық физикалық шамалардың мағынасын түсіндіре алады. 3.Тығыздықты сипаттауға қажетті физикалық шамалардың өлшем бірліктерін біледі. 4.Қажетті жағдайда физикалық шамаларды SI жүйесіне түрлендіре алады. 5.Физикалық шамалар мен олардың өлшем бірліктерін қатесіз жазады. 6. Берілген мәндерін қойып, формуламен тығыздықты есептей алады.

	7.Формуланы қолданып, дененің тығыздығы мен көлемі белгілі болған жағдайда массасын есептей алады. 8. Формуланы қолданып, дененің тығыздығы мен массасы белгілі болған жағдайда көлемін есептей алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	Инерция құбылысы
Оқу мақсаты	7.2.2.1-инерция құбылысын түсіндіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Инерция сөзінің мағынасын жете біледі. Дененің жылдамдығы, басқа денемен әсерлесуі туралы білімі инерция құбылысын түсіндіруге жеткілікті. Инерция құбылысына мысалдар келтіре алады. Өмірде инерция құбылысы жайындағы білімін қолдана білудің маңыздылығын түсінеді.
Бағалау критерийлері	1.Инерция құбылысының анықтамасын береді. 2.Құбылыстың мәнін түсінеді. 2.Инерция құбылысына өмірден мысалдар келтіреді. 3.Өмірдегі инерция құбылысының көріністерін түсіндіре алады. 4.Жағдайды саралай алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	Күш
Оқу мақсаты	7.2.2.2- күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Күш денелердің өзара әсерлесуін сипаттайтын шама екенін түсіндіре алады. Күш шамасының белгіленуін, өлшем бірлігін біледі. Күш бірлігіне не алынғанын айта алады. Күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіреді.
Бағалау критерийлері	1.Күш ұғымының физикалық мәнін дұрыс түсінетінін көрсетеді. 2.Күш ұғымының дәл анықтамасы мен түсіндірмесін береді. 3.Күш дененің қозғалыс сипатын қалай өзгертетінін түсіндіре алады. 4.Өз ойын жаңа мысалдармен толықтырып жеткізе алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	Тартылыс құбылысы және ауырлық күші. Салмақ
Оқу мақсаты	7.2.2.10 - масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату
Ойлау дағдыларының деңгейі	Масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарының анықтамаларын біледі, ажыратады. Белгіленуін және өлшем бірлігін көрсете алады. Ауырлық күші мен салмақтың бағыттарын графикалық түрде көрсете алады. Өмірден мысал келтіреді.
Бағалау критерийлері	1. Білім алушы тартылыс құбылысы және ауырлық күші, салмақ ұғымдарының физикалық мәнін дұрыс түсінетіндігін көрсетеді. 2. Барлық денелер үшін ауырлық күшінің дене массасына қатынасы тұрақты болатындығын дәлелдей алады. 3. Ауырлық күшінің формуласын біледі және есеп шығаруға қолдана алады.

	4. Салмақтың формуласын және өлшем бірлігін біледі. 5. Дененің салмағын есептей алады. 6. Дененің салмағы мен ауырлық күшін мысалдар келтіру арқылы ажырата алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	№4 лабораториялық жұмыс. «Серпімді деформацияларды зерделеу»
Оқу мақсаты	7.2.2.4- серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатандық коэффициентін анықтау; 7.1.3.3- физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Серпімділік күшінің формуласын, қатандық коэффициентінің анықтамасын біледі және формуладағы шамаларды түсіндіре алады. Динамометрді пайдалана алады. График бойынша қажетті шаманың мәнін таба алады. Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және орындайды.
Бағалау критерийлері	1. Мектеп динамометрін градуирлеуді біледі. 2. Қажетті құралдар жиынын орынды пайдалана алады. 3. Өлшеу қателігін анықтап, өлшеу дәлдігін бағалай алады. 4. Формуладағы шамаларды біледі және түсіндіре алады. 5. Серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатандық коэффициентін анықтай алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	Деформация
Оқу мақсаты	7.2.2.3- пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру ;
Ойлау дағдыларының деңгейі	Күш әрекетінің дене пішіні мен өлшемін өзгертетіндігін біледі және түсіндіре алады. Серпімді деформацияда күш әрекеті тоқтағаннан кейін дене бастапқы пішіні мен өлшемін қабылдайтындығын түсіндіре алады. Пластикалық деформацияға өмірден мысал келтіре алады.
Бағалау критерийлері	1. Дененің деформацияға ұшырауын түсіндіре алады. 2. Пластикалық және серпімді деформацияларды ажырата алады. 3. Мысалдар келтіре біледі. 4. Деформацияның адам өміріндегі маңызы мен қолданысы туралы деректер келтіре алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	Серпімділік күші. Гук заңы
Оқу мақсаты	7.2.2.5 - Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу
Ойлау дағдыларының деңгейі	Гук заңын біледі және формулаға кіретін физикалық шамаларды түсіндіре алады. Гук заңындағы физикалық шамалардың айтылуын, жазылуын, өлшем бірліктерін біледі. Динамометрмен серпімділік күшін өлшей алады. Гук заңын

	есеп шығаруға қолдана алады
Бағалау критерийлері	1. Гук заңын тұжырымдай алады. 2. Динамометрмен серпімділік күшін өлшей алады. 3. Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептей алады. 4. Оқу процесіндегі проблемалық сұрақтарды саралай алады және тиімді шешім ұсына біледі.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	Үйкеліс күші. Үйкеліс әрекетін техникада ескеру
Оқу мақсаты	7.2.2.6 - тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау; 7.2.2.7 - үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Табиғаттағы және техникадағы үйкеліс күшінің қатысы бар құбылыстарды ажырата алады. Денелердің өзара әрекеттесу әсерлерін түсіндіре алады. Үйкелістің түрлерін біледі. Тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттай алады. Үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіреді және өз пікірін айта алады.
Бағалау критерийлері	1. Білім алушы қарастырып отырған тақырыптағы, табиғаттағы және техникадағы үйкеліс түрлерін ажырата алады. 2. Үйкелісті азайту мен арттыру жолдарын біледі. 3. Тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттай алады. 4. Үйкеліс күшінің пайдалы және зиянды жақтарын біледі, техникада қолданылуына мысалдар келтіре алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Денелердің өзара әрекеттесуі
Тақырыбы	Бір түзудің бойымен денеге әрекет еткен күштерді қосу
Оқу мақсаты	7.2.2.8- күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету; 7.2.2.9- денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Механикалық күштердің түрлерін біледі. Күштерді ажырата алады және сипаттауға өз білімін қолдана біледі. Күштерді берілген масштаб бойынша графикке түсіре алады. Денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтауға білімі жетеді.
Бағалау критерийлері	1.Күштерді графикалық түрде масштабтайды және бағытын көрсете алады, формула бойынша таба алады. 2. Денеге бір мезгілде әрекет ететін бірнеше күштің және бір түзу бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшін графиктен таба алады, есептей алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Газдар мен сұйықтар және қатты денелердің молекулалық құрылымы
Оқу мақсаты	7.3.1.1 - Заттың молекулалық құрылысы негізінде, газдардың

	сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қатты, сұйық және газ тәрізді денелердің қасиеттерін біледі. Заттың агрегаттық күйлеріне мысал келтіре алады. Заттың молекулалық құрылымын біледі және олар арқылы зат күйлерінің қасиеттерін түсіндіреді және сипаттай алады.
Бағалау критерийлері	1. Қатты, сұйық және газ тәріздес денелердің құрылысын біледі. 2. Негізгі ұғымдардың, физикалық терминдердің дәл анықтамасы мен түсіндірмесін береді. 3. Заттың молекулалық құрылымын біледі және олар арқылы зат күйлерінің қасиеттерін түсіндіреді және сипаттай алады. 4. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында алған теориялық білімдерін қолдана алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Қатты денелердегі қысым
Оқу мақсаты	7.3.1.2 - қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау 7.3.1.3 - есептер шығаруда қатты дененің қысымының формуласын қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қатты денелердегі қысым және қысым күші туралы білімін өмірде қолдана алады. Күш әрекеті тіреу ауданына тәуелді болатынын түсіндіре алады. Тақырыпқа байланысты есеп шығаруда формулаларды дұрыс қолдана алады, есеп шығару дағдысы қалыптасқан.
Бағалау критерийлері	1. Қысымның анықтамасы мен түсіндірмесін береді. 2. Қысымды өзгерту тәсілдерін біледі және мысалмен көрсете алады. 3. Жаңа мысалдармен ойын айтып, білімін көрсете алады. 4. Қысымның формуласындағы шамаларды дұрыс белгілеп жазады және өлшем бірліктерін біледі. 5. Қатты дененің қысымының формуласын қолданып белгісіз шаманы таба алады және есептеп шығара алады.
Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы
Оқу мақсаты	7.3.1.4-газ қысымын молекулалық құрылым ретінде түсіндіру; 7.3.1.5-сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Сұйық пен газдағы қысымның таралуын физикалық теория тұрғысынан түсіндіре алады. Гидростатикалық қысымның формуласын біледі және тақырыпқа байланысты есеп шығаруда қолдана алады. Физикалық есептерді шығару дағдысы қалыптасқан. Қысымның біздің өміріміз үшін маңыздылығына баға бере алады.
Бағалау критерийлері	1. Сұйық пен газдағы қысымның таралуын молекулалық-кинетикалық теория тұрғысынан түсіндіре алады. 2. Паскаль заңының анықтамасын бере алады. 3. Гидростатикалық қысымның формуласындағы шамаларды дұрыс жаза алады және өлшем бірліктерін біледі, айта алады. 4. Гидростатикалық қысымның формуласын түрлендіріп, белгісіз шаманы есептей алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Қатынас ыдыстар
Оқу мақсаты	7.3.1.6-қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қатынас ыдыстарға мысалдар келтіреді, қатынас ыдыстардың қасиеттері қандай қондырғыларда пайдаланылатынын біледі, су құбырының құрылысы жайлы мағлұматы бар. Пікірлерді негіздеуге өзінің дәлелін келтіре алады.
Бағалау критерилері	1. Қатынас ыдыстардың қасиеттерін біледі және атай алады. 2. Сұйықтың ыдыс қабырғасы мен түбіне түсіретін қысымының табиғатын біледі. 3. Білім алушы қарастырылып отырған заңдылықтардың физикалық мәнін дұрыс түсінетінін көрсете алады. 4. Қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіреді.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Гидравликалық машиналар
Оқу мақсаты	7.3.1.7 - Гидравликалық машиналардың жұмыс істеу принципін сипаттау; 7.3.1.8 - гидравликалық машиналарды қолдану кезіндегі күштен ұтысты есептеу
Ойлау дағдыларының деңгейі	Бақылау жасай алады, тұжырым айта алады, айтылған тұжырымдарды дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын тәжірибе-сынақ жоспарлай алады. Гидравликалық машиналардың жұмыс принципін сипаттай алады. Гидравликалық машиналарды қолданудың нәтижесіндегі күш ұтысын анықтап, есептей алады. Гидравликалық пресстің құрылысын біледі.
Бағалау критерилері	1. Гидравликалық машиналардың жұмыс принципін сипаттай алады. 2. Гидравликалық машиналарды қолданудың нәтижесіндегі күш ұтысын анықтап, есептей алады. 3. Гидравликалық пресстің құрылысын біледі.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу
Оқу мақсаты	7.3.1.9 - Атмосфералық қысымның табиғатын және оны өлшеудің әдістерін түсіндіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Атмосфералық қысымның себебін біледі. Атмосфералық қысымды өлшеуге арналған құралдарды және олардың құрылысын, қатынасын біледі. Алынған ақпараттарға сүйене отырып, табиғаттағы құбылыстарды түсіндіре алады. Өз бетінше дерек жинай алады.
Бағалау критерийлері	1. Атмосфералық қысымның себебін түсіндіре алады.

	<p>2. Атмосфералық қысымды өлшеуге арналған құралдарды және олардың құрылысын, қатынасын біледі.</p> <p>3. Жинаған деректері бойынша атмосфералық қысымды өлшеудің әдістерін түсіндіре алады.</p>
--	---

Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Манометрлер. Сорғылар
Оқу мақсаты	7.3.1.10 - Манометр мен сорғылардың жұмыс істеу принципін сипаттау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Манометр және сорғылар дегеніміз не екенін біледі; Олардың құрылысы қандай екенін түсінеді, манометр және сорғылардың жұмыс істеу принципін сипаттай алады.
Бағалау критерилері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушы манометр және сорғылардың жұмыс істеу принципін түсіндіре алады. 2. Манометр мен сорғылардың құрылысын біледі. 3. Манометр және сорғылардың жұмыс істеу принципі қандай заңдарға негізделгенін айтып бере алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	№5 Лабораториялық жұмыс «Архимед заңын тексеру»
Оқу мақсаты	7.3.1.11 - кері итеруші күшті анықтау және оның сұйыққа батырылған дененің көлеміне тәуелділігін зерттеу; 7.1.3.3 - физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Архимед заңы бойынша теориялық деректерді біледі. Нұсқаулық бойынша жұмыс істей алады. Дәл өлшем жүргізе алады, оларды өңдеп және қорытынды жасай алады. Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.
Бағалау критерилері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кері итеруші күшті анықтай алады. 2. Өлшеулерді дұрыс жүргізеді, өлшеу нәтижелерін толық кестеге түсіреді. 3. Зерттеу жұмысының нәтижесін қорытындылай алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	Кері итеруші күш
Оқу мақсаты	7.3.1.12 - сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру; 7.3.1.13 - есептер шығаруда Архимед заңын қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсінеді, есептер шығаруда Архимед заңын қолдана алады.
Бағалау критерилері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушы қарастырылып отырған заңның физикалық мәнін дұрыс түсінетінін көрсетеді. 2. Архимед заңы мен тиісті негізгі ұғымдардың анықтамасы мен түсіндірмесін береді. 3. Архимед күшінің табиғатын тәжірибе негізінде түсіндіре

	алады. 4. Архимед заңын есеп шығаруға қолданады. 5. Архимед күшінің формуласын түрлендіру арқылы белгісіз шаманы тауып, мәнін есептей алады.
--	--

Оқу бағдарламасына сілтеме	Қысым
Тақырыбы	№6 лабораториялық жұмыс «Дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау»
Оқу мақсаты	7.3.1.14 - дененің сұйықта жүзу шарттарын зерттеу 7.1.3.3 - физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Денелердің жүзу шарттарының тұжырымдамасын біледі. Өлшеу жүргізе алады. Лабораториялық жұмысты орындайды. Өлшеу қателіктерін есептей алады. Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.
Бағалау критерилері	1. Денелердің жүзу шарттарын біледі. 2. Сұйық ішінде жүзіп жүрген денеге әрекет ететін ығыстырушы күштің шамасын анықтай алады. 3. Дененің жүзу шарттарын тәжірибе жүзінде анықтай алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Жұмыс және қуат
Тақырыбы	Механикалық жұмыс. Қуат
Оқу мақсаты	7.2.3.1 - механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 7.2.3.7 - қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 7.2.3.8 - механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Механикалық жұмыс және қуат ұғымдарының физикалық мағынасын түсінеді, формуласын біледі. Механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдана алады.
Бағалау критерилері	1. Механикалық жұмыс пен қуаттың дәл анықтамасы мен формуласын, өлшем бірлігін айта алады. 2. Механикалық жұмыс пен қуаттың физикалық мағынасын түсіндіре алады. 3. Механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдана алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Энергия
Тақырыбы	Кинетикалық энергия Потенциалдық энергия
Оқу мақсаты	7.2.3.2 - механикалық энергияның екі түрін ажырату; 7.2.3.3 - кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану; 7.2.3.4 - жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық

	энергияның формуласын қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Потенциалдық және кинетикалық энергияның формулаларын біледі. Механикалық энергияның екі түрін ажырата алады, кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдана алады, жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергияның формуласын біледі және есептер шығаруда қолдана алады.
Бағалау критерилері	1. Кинетикалық және потенциалдық энергияның анықтамасын айтып түсіндірмесін береді. 2. Механикалық энергияның екі түрін ажырата алады. 3. Энергия көріністерін бақылауға өмірден мысал келтіре алады. 4. Энергия түрлерінің қандай физикалық шамаларға тәуелді екенін біледі. 5. Кинетикалық және потенциалдық энергияның формулаларын қолданып есеп шығара алады. 6. Жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергияның формуласын есеп шығаруда қолдана алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Энергия
Тақырыбы	Энергияның сақталуы және айналуы
Оқу мақсаты	7.2.3.5-энергияның түрленуіне мысалдар келтіру; 7.2.3.6-механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Энергияның түрленуіне мысалдар келтіреді. Жұмыс пен энергияның өлшем бірліктерін біледі. Механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда дұрыс қолдана алады.
Бағалау критерийлері	1. Энергияның түрленуіне мысалдар келтіреді. 2. Энергияның сақталу заңының тұжырымдамасын біледі. 3. Энергияның сақталу заңының физикалық мағынасын түсіндіре алады. 4. Жұмыс пен энергияның баламалы болуын түсіндіре алады. 5. Механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдана алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Күш моменті
Тақырыбы	Жай механизмдер
Оқу мақсаты	7.2.4.1- «Механиканың алтын ережесін» тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру; 7.2.4.2- күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жай механизмдер дегеніміз не екенін біледі, олардың қандай түрлері бар екенін атай алады. «Механиканың алтын ережесін» тұжырымдайды және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіре алады; Күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсінеді.
Бағалау критерилері	1. Қарапайым механизмдердің түрлерін атап бере алады.

	<p>2.Қарапайым механизмдердің қасиеттерін біледі.</p> <p>3.«Механиканың алтын ережесін» тұжырымдай алады және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіреді.</p> <p>4.Күш моментінің формуласын біледі.</p> <p>5. Күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіре алады.</p>
--	--

Оқу бағдарламасына сілтеме	Күш моменті
Тақырыбы	Дененің массалық центрі
Оқу мақсаты	7.2.4.3-жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Дененің массалық центрінің анықтамасын біледі. Жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтай алады. Денелердің массалық центрін анықтауға мысалдар келтіре алады.
Бағалау критерилері	<p>1. Жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтай алады.</p> <p>2. Дененің массалық центрінің анықтамасын тәжірибе негізінде тұжырымдап бере алады.</p> <p>3. Денелердің массалық центрін анықтауға кемінде 1-2 мысал келтіре алады.</p>

Оқу бағдарламасына сілтеме	Күш моменті
Тақырыбы	№7 лабораториялық жұмыс. «Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау»
Оқу мақсаты	7.2.4.5-тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау; 7.1.3.3- физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Моменттер ережесін, иіндіктің тепе-теңдік шарттарын біледі. Өлшеу жұмыстарын дұрыс және дәл орындай алады. Зерттеу және өлшеу жұмыстарының нәтижесі бойынша қорытынды жасай алады. Физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.
Бағалау критерилері	<p>1.Тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтай алады.</p> <p>2.Иінтіректі пайдаланып, күш моменттері ережесінің дұрыстығын эксперимент жүзінде тексереді.</p> <p>3. Оң және теріс күш моменттерін салыстыра отырып, белгілі бір қорытынды жасай алады.</p> <p>4. Өз ойын анық және нақты жеткізе алады.</p>

Оқу бағдарламасына сілтеме	Күш моменті
Тақырыбы	Иіндіктің тепе-теңдік шарты
Оқу мақсаты	7.2.4.4- тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер

	ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Келесі ұғымдарды біледі: иінтірек, күш моменті, тірек нүктесі. Иінтіректің иіндерін дұрыс анықтай алады. Тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдайды және есептер шығаруда қолдана алады.
Бағалау критерилері	1. Келесі ұғымдарды біледі: иінтірек, күш моменті, тірек нүктесі. 2. Иінтіректің иіндерін дұрыс анықтай алады. 3. Тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттері ережесін тұжырымдайды және есептер шығаруда қолдана алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Күш моменті
Тақырыбы	Пайдалы әрекет коэффициенті. №8 лабораториялық жұмыс «Көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау».
Оқу мақсаты	7.2.4.6-көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін тәжірибеде анықтау; 7.1.3.3- физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Тақырып бойынша теориялық материалды меңгерген. Орындаған жұмысын рәсімдеу ережелерін біледі. Нұсқаулық бойынша жұмыс жүргізе алады. Көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін тәжірибеде анықтай алады. Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.
Бағалау критерилері	1. Нұсқаулық бойынша жұмыс жасай алады. 2. Көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін тәжірибеде анықтайды. 3. Жұмысын рәсімдейді және қорытындылап, тұжырымдайды.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Жер және ғарыш
Тақырыбы	Аспан денелері туралы ғылым
Оқу мақсаты	7.7.1.1-геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Планеталардың қозғалысы жайында біледі, мысалдар келтіре алады, геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыра алады.
Бағалау критерилері	1. Астрономияның негізгі түсініктері мен қарапайым терминдерін біледі. 2. «Галактика» ұғымының мағынасын түсінеді. 3. Г. Галилейдің астрономияға қосқан үлесі туралы біледі. 4. Астрономияның негізгі мақсатын тұжырымдай алады. 5. Геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыра алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Жер және ғарыш
Тақырыбы	Күн жүйесі

Оқу мақсаты	7.7.1.2-күн жүйесінің нысандарын жүйелеу
Ойлау дағдыларының деңгейі	Күн жүйесінің құрылысы туралы біледі. Күн жүйесінің планеталарын атап бере алады. Күн жүйесінің нысандарын жүйелей алады.
Бағалау критерилері	1.Күн жүйесінің құрылысы туралы өз білімін көрсетеді. 2. Күн жүйесіндегі планеталардың аты мен жалпы санын біледі. 3. Күн жүйесінің нысандарын жүйелей алады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Жер және ғарыш
Тақырыбы	Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл)
Оқу мақсаты	7.7.1.3-жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуы және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Әртүрлі күнтізбелердің аттарын және түрлерін, даму тарихын біледі. Жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуын және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіре алады. Тақырыпқа байланысты практикалық тапсырмаларды орындай алады.
Бағалау критерилері	1.Әртүрлі күнтізбелердің аттарын және түрлерін, даму тарихын біледі. 2. Жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуын және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіре алады. 3.Тақырыпқа байланысты практикалық тапсырмаларды орындай алады.

15-кесте. 8 сынып «Физика» оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерінің үлгісі

Бөлім	Тақырыптар/ мазмұны	Оқу мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейі	Бағалау критерийлері
Жылу құбылыстары	Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия	8.3.1.1 молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау	Білу Түсіну Қолдану	1. Физикалық құбылысқа мысал келтіреді. 2. Қарапайым тәжірибелерді жасай алады және сипаттайды. 3. Табиғатты зерттеу әдістерін біледі және бақыланған құбылыстарға өздік қорытынды жасайды.
	Температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары	8.3.1.3 Температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; 8.3.1.2 температураны әртүрлі шкала (Цельсий,	Білу Түсіну Қолдану	1. Физикалық шама ретінде температураның анықтамасын біледі. 2. Температураны әртүрлі термометрлер көмегімен өлшейді және өлшеу әдісін сипаттай алады. 3. Температураны әртүрлі температуралық өлшемдерге

	Кельвин) бойынша өрнектеу		ауыстырады (Кельвин, Цельсий).
Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері	8.3.2.1 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау;	Білу Түсіну Қолдану	1. Ішкі энергияны өзгерту жолдарын біледі. 2. Ішкі энергияның анықтамасын тұжырымдай алады. 3. Механикалық энергияны ішкі энергияға ауыстыруға мысалдарын келтіреді. 4. Энергияның көріністерін байқап, өмірден мысалдар келтіре алады.
Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару	8.3.2.2 жылу берілудің түрлерін салыстыру	Білу Түсіну Қолдану Талдау	1. Тәжірибелік эксперименттер негізінде жылу өткізгіштік, конвекция, сәуле шығарудың анықтамасын тұжырымдай алады. 2. Әртүрлі заттардың жылу өткізгіштігін көрсететін эксперименттерді сипаттайды. 3. Денені қыздыруды заттың молекулалық құрылымы негізінде талдайды және түсіндіре алады. 4. Өмірден жылу құбылыстарын қолданудың кем дегенде екі мысалын келтіреді.
Табиғаттағы және техникадағы жылу берілу	8.3.2.3 техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру	Түсіну Қолдану	1. Күнделікті өмірде және техникада жылу өткізгіштікті қолданудың мысалдарын келтіреді. 2. Жылулық құбылыстардың маңыздылығы мен рөлі туралы айтады.
Жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі	8.3.2.4 әртүрлі температураларда тірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру	Түсіну Қолдану Талдау	1. Тірі организмдердің өміріндегі температураның ролі туралы қысқа эссе (10-12 сөйлем) жазады. 2. Тірі ағзалардың әртүрлі температураға бейімделуін растайтын мысалдар келтіріп, ойларын білдіреді.
Жылу мөлшері. Заттың меншікті жылу сыйымдылығы	8.3.2.5 жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау; 8.3.2.6 заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру	Білу Түсіну Қолдану Талдау Жинақтау	1. Жылу мөлшерінің анықтамасын тұжырымдай алады. 2. Энергияның және жылу мөлшерінің өлшем бірліктерін біледі. 3. Жылу мөлшерінің басқа параметрлерге тәуелділігін түсінеді. 4. Жылу беру процесінде алынған немесе берілген жылу мөлшерін анықтайды.

				5. Меншікті жылу сыйымдылығының физикалық мәнін түсіндіре алады.
Отынның энергиясы. Отынның меншікті жану жылуы	8.3.2.7 отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерін анықтау	Білу Түсіну Қолдану Талдау		1. Отын жағылған кезде босатылған жылу мөлшерінің формуласын біледі және жаза алады. 2. Формулаға енгізілген физикалық шамалардың өлшем бірліктерін біледі. 3. Жылу мөлшерінің формуласының физикалық мәнін түсінеді. 4. Есептерді шешкенде отын жану кезінде бөлінген жылу мөлшеріне арналған формуланы қолданады. 5. Есептің шартын дұрыс, нақты құрады. 6. Физикалық шамалардың мағынасын атап, дұрыс жаза алады. 7. Белгісіз шаманы табу үшін формуланы түрлендіріп қолдана алады. 8. Физикалық шамалардың өлшем бірліктерін дұрыс көрсетеді. 9. Есептерді шешудің ұтымды әдістерін қолданады.
№ 1- лабораториялық жұмыс. «Температуралары әр түрлі суды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру»	8.3.2.8 жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу; 8.1.3.2 тәжірибені жүргізуге әсер ететін факторларды анықтау; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	Түсіну Қолдану Талдау Жинақтау Бағалау		1. Жұмысты орындау кезінде аспаптар жиынтығын пайдаланады. 2. Физика кабинетінде қауіпсіздік ережесін біледі және сақтайды. 3. Тәжірибені жасау және өлшеу реттілігін сақтайды. 4. Әртүрлі температурадағы суды араластырғанда жылу мөлшерін салыстыра алады. 5. Жылулық процесстерде энергияны сақтау және қайта құру туралы заңдарды зерттей алады. 6. Барлық жазбаларды, кестелерді, сызбаларды орындайды. 7. Нәтижелерді өндейді және есептейді. 8. Қажетті кестелер мен сызбаларды орындайды. 9. Лабораториялық жұмыс туралы қорытынды жазады.
Жылу процесстеріндегі энергияның	8.3.2.9 жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер	Білу Түсіну Қолдану		1. Жылу балансының теңдеуін біледі және жаза алады 2. Формулаға енген физикалық

	сақталу және айналу заңы	шығаруда қолдану	ну Талдау	шамалардың өлшем бірлігін біледі. 3. Жылу балансының теңдеуінің физикалық мәнін түсіндіре алады. 4. Есепті шешуде жылу балансының теңдеуін қолданады. 5. Есептің шартын дұрыс құрады және жазады. 6. Физикалық өлшемдердің атауын атайды, дұрыс жаза алады. 7. Белгісіз шаманы табу үшін формуланы түрлендіріп қолдана алады. 8. Физикалық шамалардың өлшем бірліктерін дұрыс көрсетеді. 9. Есептерді шығарудың ұтымды әдістерін қолданады.
Заттың агрегаттық күйлері	Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы	8.3.1.4 молекула-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналу сипаттау; 8.3.2.10 балқу/кристалдану кезіндегі жұтылатын/бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолдану; 8.3.2.11 заттың балқу және қатаю процесі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау	Білу Түсіну Қолдану Талдау	1. Заттың агрегаттық күйлерін атайды. 2. Молекулалық-кинетикалық теорияның негізінде қатты күйден сұйық күйге және керісінше ауысуды сипаттай алады. 3. Балқу / қатаю кезінде жұтылатын / бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын біледі және есептерді шешуде жаза алады. 4. Формулаға кіретін физикалық шамалардың өлшем бірліктерін біледі. 5. Формуланың физикалық мағынасын түсінеді. 6. Балқу / қатаю кезінде жұтылатын / бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолданады 7. Физикалық шамаларды дұрыс атайды және жаза алады. 8. Белгісіз шамаларды табу үшін формуланы түрлендіре алады. 9. Физикалық шамалардың өлшем бірлігін дұрыс көрсетеді. 10. Заттың балқу және қатаю процесінің $T(t)$ графигін талдай алады.
	№ 2- лабораториялық жұмыс. «Мұздың меншікті балқу	8.3.2.12 эксперимент көмегімен мұздың меншікті балқу жылуын анықтау;	Түсіну Қолдану Талдау	1. Жұмысты орындау кезінде аспаптар жиынтығын қолдана біледі. 2. Физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.

жылуын анықтау»	8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	Жинақтау Бағалау	3. Тәжірибені жүргізу реттілігі мен өлшеу реттілігін сақтайды. 4.Тәжірибенің көмегімен мұздың меншікті балқу жылуын анықтайды. 5. Жылу процесі кезіндегі энергияның өзгеруі және сақталу заңдарын зерттей алады. 6. Толтыруға тиісті барлық жазбалар, кестелер, суреттерді орындайды. 7. Шыққан нәтижені өңдейді және қортындылайды. 8. Қажетті кестелер мен сызбаларды жасайды. 9. Жасалған лабораториялық жұмыс бойынша қорытынды жасайды.
Булану және конденсация. Қаныққан және қанықпаған булар	8.3.1.5 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау; 8.3.2.13 заттың булану және конденсация процесі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; 8.3.2.14 су буының мысалы негізінде қанығу күйін сипаттау	Білу Түсіну Қолдану Талдау Жинақтау	1.Заттың сұйық күйден газ күйіне және кері ауысу шарттарын біледі. 2.Молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері ауысуын сипаттайды. 3. Булану және конденсация процесі кезіндегі T (t) графигін түсіндіреді. 4.Су буының мысалы негізінде қанығу күйін сипаттайды.
Қайнау, меншікті булану жылуы. Қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау	8.3.2.15 меншікті булану жылуын анықтау; 8.3.2.16 қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру	Білу Түсіну Қолдану Талдау Жинақтау	1. Заттың сұйық күйден газ күйіне және кері ауысу шарттарын біледі. 2. Булану кезіндегі жылу мөлшерінің формуласын біледі және жазады. 3. Формулаға кіретін физикалық шамалардың өлшем бірліктерін біледі. 4. Булану кезіндегі жылу мөлшері формуласының физикалық мағынасын түсіндіреді. 5. Жылу мөлшерінің формуласын есеп шығаруға қолданады.

				<p>6. Есептің шартын нақты және дұрыс жазады.</p> <p>7. Физикалық шамаларды дұрыс атайды және жазады.</p> <p>8. Белгісіз шамаларды табу үшін формулаларды түрлендіруді біледі.</p> <p>9. Физикалық шамалардың өлшем бірлігін көрсетеді.</p> <p>10. Қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділік графигін түсіндіреді $T_k(p_c)$.</p>
Термодинамика негіздері	Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы	8.3.2.17 термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру	Білу Түсіну Қолдану	<p>1. Термодинамиканың бірінші заңының тұжырымдамасын біледі.</p> <p>2. Термодинамиканың бірінші заңын түсіндіре алады.</p> <p>3. Жұмыс пен жылу мөлшерін ішкі энергияның өзгеру сипаттамасы ретінде түсінеді.</p> <p>4. Әртүрлі процестерге термодинамиканың бірінші заңын қолдану мысалдарын келтіре алады.</p>
	Жылу процесстерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы	8.3.2.18 термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру	Білу Түсіну Қолдану	<p>1. Термодинамиканың екінші заңының тұжырымдамасын біледі.</p> <p>2. Термодинамиканың екінші заңын түсіндіре алады.</p> <p>3. Жұмыс пен жылу мөлшерін ішкі энергияның өзгеру сипаттамасы ретінде түсінеді.</p> <p>4. Табиғаттағы қайтымсыз процестерге мысалдар келтіреді.</p>
	Жылу қозғалтқыштары	8.3.2.22 жылу қозғалтқыштарын дағы энергияның түрленуін сипаттау; 8.3.2.20 іштен жану қозғалтқышының, бу турбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау	Білу Түсіну Қолдану	<p>1. Жылу қозғалтқышының құрылысын біледі және қарапайым жылу қозғалтқышының негізгі бөліктерін атайды.</p> <p>2. Әртүрлі жылу қозғалтқыштарын атай алады және қолдануына мысалдар келтіреді.</p> <p>3. Бу турбинасы мен іштен жану қозғалтқышының жұмыс принципін түсіндіре алады.</p> <p>4. Жылу машиналарындағы энергияның түрленуін сипаттайды.</p> <p>5. Іштен жану қозғалтқышында отынның жануы кезіндегі физикалық құбылыстарды атайды.</p>
	Жылу қозғалтқыштар	8.3.2.19 жылу қозғалтқышының	Түсіну	1. Жылу процестеріндегі энергияның түрленуін түсінеді.

	ының пайдалы әрекет коэффициенті	пайдалы әрекет коэффициентін анықтау; 8.3.2.21 жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну	Қолдану	2. Механикалық энергияға не себепті энергияның бір бөлігі ғана айналатынын түсіндіреді. 3. Формула бойынша жылу машиналарының ПӘК-ін анықтайды. 4. Жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсынады.
	Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер	8.3.2.23 жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау	Талдау Жинақтау Бағалау	1. Жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін дербес оқып үйренеді. 2. Оқылған материалдардан тиісті қорытындылар жасап, талдай алады. 3. Дербес жүргізген зерттеулері туралы қорытындыны презентация, реферат, эссе т. б. ұсынады.
Электр остатика негіздері	Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер	8.4.1.1 электр зарядын сипаттау; 8.4.1.2 Үйкеліс арқылы денені электрлену және индукция құбылысын түсіндіру; 8.4.1.3 электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру	Білу Түсіну Қолдану	1. "Электр" сөзінің шығу тарихын және зарядтың екі түрін біледі. 2. Электрлену және электр зарядының бір денеден басқа денеге берілуін тәжірибеде көрсете алады. 3. Электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіреді.
	Электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, Кулон заңы, элементар электр заряды	8.4.1.4 электр зарядының сақталу заңын түсіндіру; 8.4.1.5 Кулон заңын есептер шығаруда қолдану	Білу Түсіну Қолдану	1. Электр зарядының өлшем бірлігін және оның белгіленуін біледі. 2. Электр зарядының сақталу заңын тұжырымдайды. 3. Электр зарядының сақталу заңын түсіндіре алады. 4. Кулон заңын тұжырымдайды және жазады. 5. Кулон заңының физикалық мағынасын түсінеді. 6. Есептерді шешу кезінде Кулон заңын қолданады.
	Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі	8.4.1.6 электр өрісі және оның күштік сипаттамасы ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.1.7 біртекті	Білу Түсіну Қолдану Талдау	1. "Электр өрісі" ұғымының физикалық мәнін түсіндіре алады және оның күштік сипаттамасын анықтайды. 2. Электростатикалық өрістің негізгі қасиеттерін атайды. 3. Біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер етуші күшті формула бойынша есептейді.

		электростатикалық өрістегі зарядқа әсер етуші күшті есептеу; 8.4.1.8 электр өрісін күш сызықтар арқылы кескіндеу		4. Кеңістіктің әртүрлі нүктелеріндегі электр өрісі кернеулігінің бағытын анықтайды және электр өрісінің күш сызықтарын кескіндейді.
	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор	8.4.1.9 потенциалдар айырымының және потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.1.10 конденсаторлардың құрылысын және қолданылуын сипаттау	Білу Түсіну Қолдану	1. Потенциалдың анықтамасын айтып береді. 2. Потенциал және потенциалдар айырмасы ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіреді. 3. Конденсатордың құрылысын сипаттап береді және құралдың қолданылуын біледі. 4. Алған білімдерін өмірлік жағдайда статикалық электрден қорғану үшін қолдана алады.

Ұсынылып отырған бағалау критерийлері ұсыныс ретінде берілген. Мұғалім критериалды бағалау жүйесін қолдану үшін сыныптағы білім алушылардың дайындық деңгейін және ерекшеліктерін ескере отырып, пәннің оқу мақсаттарына сәйкес «білу және түсіну», «қолдану», «сын тұрғысынан ойлау және зерттеу», «коммуникация мен рефлексия» және тағы басқа критерийлері бойынша дескрипторлар әзірлеуі тиіс. Әр критерий білім алушының тапсырманы орындауын жүйелі бағалануына мүмкіндік беретін дескрипторлардан тұрады, сонымен қатар білім алушылар осы дескрипторларға сүйене отырып өз жұмысының нәтижесін бағалай алады. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процессін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Мұғалімге көмек ретінде Алматы облысы Талдықорған қаласы Ш.Уәлиханова атындағы №10 орта мектеп-гимназияның мұғалімі Досаева Салтанат Қоржынбайқызы әзірлеген қысқа мерзімді жоспар беріліп отыр.

Сабак:	Мектеп: Алматы облысы Талдықорған қаласы		
Механикалық жұмыс.	Ш.Уәлиханова атындағы №10 орта мектеп-гимназия		
Қуат	Мұғалім: Досаева Салтанат Қоржынбайқызы		
Сыныбы: 7	Қатысқан білім алушылар саны: 24	Қатыспағандар:0	
Оқу мақсаты	7.2.3.1. Механикалық жұмыстың физикалық мағынасын түсіндіру 7. 2.3.2 Қуаттың физикалық мағынасын түсіндіру; 7. 2.3.3. Механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану.		
Сабактың мақсаты	Жаңа сабақтағы негізгі білімдер: Механикалық жұмыс пен қуаттың анықтамасын. Механикалық жұмыс пен қуаттың формуласы Жұмыс және қуат бірліктері бірліктері		

Механикалық жұмыс пен қуатқа мысалдар келтіру.
 Жұмыс пен қуаттың формуласын қолданып есептер шығару.
 Оқу мақсаттарына сай тақырыптың мәні мен мазмұнын ашатын ұғымдарды меңгерту; физикалық шаманың мағынасын түсіндіру;

Қазақ	Орыс	Ағылшын
Механикалық жұмыс	Механическая работа	Mechanical work
Күш	Сила	Force
Орын ауыстыру	Перемещение	Displacement
Жылдамдық	Скорость	Speed/velocity
Уақыт	Время	Time
Механикалық қуат	Механическая мощность	Mechanical power
Қуат бірлігі	Единица измерения мощности	Unit of measurement of power
Қозғалтқыштың тарту күші	Сила тяги двигателя	Engine thrust force
Жылдамдық	Скорость	Speed
Бірқалыпты қозғалыстағы қуат	Мощность при равномерном движении	Power at uniform movements
Уақыт	Время	Time

Тілдік міндеттер
 Пәндік лексика және терминология
 Орындалған жұмыс, механикалық жұмыс, күш, уақыт, механикалық қуат, жұмыстың орындалу шапшаңдығы,МВт,кДж.
 Диалогқа/жазуға қажетті сөз тіркестері
 Механикалық жұмыс орындалу үшін мына екі шарт орындалу қажет....
 Жұмыс пен қуаттың өлшем бірлігі....
 «механикалық жұмыс» ... деп
 «Қозғалыстағы денеге неғұлым көбірек күш әрекет етсе, соғұлым көбірек жұмыс атқарылады» дегеніміз...;
 «жол» дегеніміз ...;
 «Егер дененің қозғалыс бағыты мен оған әрекет етуші күштің бағыты сәйкес келсе, онда жұмыс қалай өзгереді.

Алды
 ңғы
 білім



Қысым. Гидростатикалық қысым. Паскаль заңы. Архимед күші. Денелердің жүзу шарттары .Күштерді қайталау.

Жоспар

Уақыты жоспарлау	Жоспар бойынша орындалуы тиіс тапсырмалар	Ресурстар
------------------	---	-----------

5 мин

Амандасу, балаларды түгендеу,өткен тақырыптардағы күштерді еске түсіру.
 /Үйкеліс күші,Ауырлық күші,салмақ,Архимед күші,Гук заңы/
 Кез-келген білім алушылардан сұрап шығу



10
мин

Жаңа сабақты меңгерту
Жаңа сабақты меңгерту үшін орындалатын шаралар:
Презентация бойынша мұғалімнің түсіндіруі; алдымен проблемалық сұрақ қою:



Қара жұмыс



диктор жұмыс




1. Біз күнделікті не жасаймыз?/қозғалыста боламыз/ойланамыз, қозғаламыз т.б
2. Қыздар үй жинайды,немесе үйге қонақтар келеді,сен анана көмектесесің/не дайындайсың?/ шаршайсың,күш жұмсайсың.Сонда қандай қорытынды шығады екен. Кішкентай адам мен үлкен адам 10 кг кантты қалай жеткізеді деп ойлайсындар?
Демек, қозғалыстағы денеге неғұрлым көбірек күш әрекет етсе, соғұрлым көбірек жұмыс атқарылады.
Қашықтық алысырақ қозғалса немесе орын ауыстырса, соғұрлым көбірек жұмыс жасалады екен.
3. Механикалық жұмыс жасалуы үшін қандай екі шарт орындалу керек деп ойлайсындар?
-Денеге тұрақты күш түсіру.
- Тұрақты күш әрекетінен дененің орын ауыстыруы.
4. -Егер дененің қозғалыс бағыты мен оған әрекет етуші күштің бағыты сәйкес келсе, онда оң деп есептеледі.
-Егер дененің қозғалыс бағыты мен оған әрекет етуші күштің бағыты сәйкес келмей қарама-қарсы болса, онда теріс деп есептеледі.

Презентация
7 сыныпқа арналған физика оқулығы және есептер жинағы

Мысалы: Құлап келе жатқан су тамшысына ауырлық күші әрекет ете отырып, оң жұмыс атқарады.


Жаңа тақырыпты түсіндіріп кету, мақсатына сай тақырыпты ашу.

Work Done By Motion



In physics, work is:

- *Work is a formula: $W = Fd$
- * $W =$ Work; $F =$ Force; $d =$ distance.
- *Example:
- *Moving an object with a force of one newton for a distance of one meter = one joule of work
- *A joule is a unit that measures work



1. Механикалық жұмыс деп қандай шаманы айтады?
2. Механикалық жұмыс атқарылуы үшін қажетті шарттарды атаңыздар
3. Механикалық жұмыстың формуласы қалай жазылады?
4. Жұмыстың ХБЖ-дегі өлшем бірліктерін атаңыздар
5. Механикалық жұмысқа өз мысалдарыңызды келтіріңіздер
6. $A = F \cdot s$ формуласынан күшті анықтайтын және орын ауыстыруды анықтайтын формуланы қорытып шығарады.

1. Қуаттың анықтамасы
2. Қуаттың анықтамаға сәйкес формуласы
3. Қуаттың ХБЖ-дегі өлшем бірлігі.
4. Бірқалыпты қозғалыстағы қуаттың формуласы.
1. Қуат қандай шамаларға тәуелді екендігі – пропорционалдық байланыстар
2. Оқу мақсатына сәйкес, $N = A/t$, $N = Fv$ формулаларын қолданып есептер шығару.

Бірдей жұмысты кім жылдам орындайды?



$$P = \frac{W}{t}$$

P = Power



W = Work done

t = Time taken

$$\text{Power} = \frac{\text{Work}}{\text{Time}} = \frac{\text{Force} \cdot \text{Displacement}}{\text{Time}}$$

$$\text{Power} = \text{Force} \cdot \frac{\text{Displacement}}{\text{Time}}$$

$$\text{Power} = \text{Force} \cdot \text{Velocity}$$



10 мин

Сыныпта механикалық жұмыс тақырыбына есептер шығару, тапсырмалар орындау - формативтік бағалау



1 Трактордың тарту күші 25 кН. Ол платформаны 7,2 км/сағ жылдамдықпен сүйреп келеді. Трактор 10 мин-та қандай жұмыс атқарады (5.5-сурет)?

2 Тереңдігі 4 м өзен түбінен көлемі 0,6 м³ тасты су бетіне көтергендегі жұмысты табыңдар. Тастың тығыздығы 2500 кг/м³, судың тығыздығы 1000 кг/м³.



3 Қозғалтқыш поршені 800 кПа қысымның әрекетінен 20 см-ге ығысады. Поршенің бір жүрісінде қозғалтқыш атқаратын жұмысты анықтаңдар. Поршень ауданы 150 см².



№1 A=3MJ №2 A=36kJ №3A=24·10²J

<p>N1. 1546m.</p> <p>Given:</p> <p>$F = 25 \text{ kN} = 25 \cdot 10^3 \text{ N}$</p> <p>$v = 7,2 \text{ km/h} = \frac{7,2 \cdot 10^3}{3600} = 2 \text{ m/s}$</p> <p>$t = 10 \text{ min} = 10 \cdot 60 = 600 \text{ s}$</p> <p>Find A = ?</p>	<p>Solution:</p> <p>$A = F \cdot s$</p> <p>$v = \frac{s}{t} \Rightarrow s = vt$</p> <p>$A = F \cdot (vt)$</p>	<p>Solve:</p> <p>$A = 25 \cdot 10^3 \cdot 2 \cdot 600 = 3 \cdot 10^7 \text{ J}$</p> <p>Solve (30 MJ)</p> <p>answer: A = 30 MJ (30 MJ)</p>
<p>N2</p> <p>Given:</p> <p>$h = 4 \text{ m}$</p> <p>$V = 0,6 \text{ m}^3 = 6 \cdot 10^{-1} \text{ m}^3$</p> <p>$\rho_{\text{stone}} = 2500 \text{ kg/m}^3 = 2,5 \cdot 10^3 \text{ kg/m}^3$</p> <p>$\rho_{\text{water}} = 1000 \text{ kg/m}^3 = 10^3 \text{ kg/m}^3$</p> <p>Find A = ?</p>	<p>Solution:</p> <p>$A = F \cdot s$</p> <p>$F = p \cdot g \cdot V$</p> <p>$A = (p - \rho_{\text{water}}) \cdot g \cdot V$</p>	<p>Solve:</p> <p>$A = (2500 - 1000) \cdot 10 \cdot 6 \cdot 10^{-1} = 36 \text{ kJ}$</p> <p>answer: A = 36 kJ</p>
<p>N3</p> <p>Given:</p> <p>$p = 8 \cdot 10^5 \text{ Pa} = 8 \cdot 10^5 \text{ Pa}$</p> <p>$h = 20 \text{ cm} = 2 \cdot 10^{-1} \text{ m}$</p> <p>$S = 150 \text{ cm}^2 = 15 \cdot 10^{-2} \text{ m}^2 = 15 \cdot 10^{-2} \text{ m}^2$</p> <p>Find A = ?</p>	<p>Solution:</p> <p>$A = F \cdot s$</p> <p>$F = p \cdot S$</p> <p>$A = p \cdot S \cdot s$</p>	<p>Solve:</p> <p>$A = 8 \cdot 10^5 \cdot 15 \cdot 10^{-2} \cdot 2 \cdot 10^{-1} = 240 \cdot 10^2 \text{ J}$</p> <p>answer: A = 2400 J</p>

Қосымшалар
Әр қатарға
№1, №2, №3
есептер
беріледі.
Жеке
жұмыстар
/есептер
шығарады/
Жүппен
тексеріп
шығарады.
Соңында
мұғалім
бағалап
шығады.

5 мин	<p>1. Дененің бастапқы орнын оның келесі орнымен қосатын бағытталған кесінді.....</p> <p>A) Жүрілген жол C) Орын ауыстыру B) Бастапқы нүкте D) Бір қалыпты қозғалыс</p> <p>2. Массасы 40 кг дененің 10 м биіктіктен құлағандағы кинетикалық энергиясы ($g=10 \text{ м/с}^2$)</p> <p>A) 500 Дж C) 0.4 Дж B) 400 Дж D) 4000 Дж</p> <p>3. Ауырлық күші дегеніміз не?</p> <p>A) Жердің денені өзге тарту күшін айтады C) тұрақсыз күш B) Бір-бірін тарту күштерін айтады D) Тартылыс күш</p> <p>4. Заттың қанша күйі бар?</p> <p>A) Қатты дене C) Газ B) Сұйық күй D) Қатты, сұйық және газ</p> <p>5. Жерге тартылу салдарынан дененің горизонталь тіреуішке немесе вертикаль аспаға әсер ететін күшті..... дейміз?</p> <p>A) Ауырлық күші C) Диффузия B) Салмақ D) Күй</p> <p>6. Қысымның өлшем бірлігін тап?</p> <p>A) Па C) Н B) кг D) м</p> <p>7. Қуаттың формуласы:</p> <p>A) $N=A \cdot S$ C) $N=F/S$ B) $N=A/L$ D) $N=A \cdot t$</p> <p>8. Үйкеліс күшінің қанша түрі бар</p> <p>A) екі C) үш B) бір D) төрт</p> <p>9. Массасы 45 кг. бөтенкелерінің ұтандарының ауданы 300 см^2 баланың еденге түсіретін қысымын есептеу керек</p> <p>A) 15кПа C) 5 кПа B) 10 кПа D) 20 кПа</p> <p>10. Тығыздық дегеніміз.....</p> <p>A) Дене массасының оның көлеміне қатынасына тең шама B) Дене массасының оның көлеміне көбейтіндісін айтады C) Массасына тең</p> <p>1с 2д 3а 4д 5в 6а 7в 8с 9 а 10 а</p>	7 сыныпқа арналған физика оқулығы
5 мин	<p>Қорытындылау: Білім алушылар сабақты өздері қорытындылайды, өз ойларын ортаға салады, ең соңында мұғалім қорытындылайды. Білемін Білдім Білгім келеді кері байланыс жасап, оқып шығамын. БББ стратегиясы немесе кесте толтыру немесе өзінің сабақтағы іс-әрекетіне рефлексиясын парақшада белгілеу.</p>	
5 мин	<p></p> <p>/4 жол өлеңмен бүгінгі сабақтан алған әсерлеріне шығару/</p> <p></p> <p>Бағалау Үйге тапсырма беру: §31 оқу 154 бет жаттығуды аяқтау</p>	

Қосымша ақпарат		
